

**В. А. Костецкий**

# **МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Орта білім беру мекемелерінің  
10-сыныбына арналған оқулық**

1-басылым

*Өзбекстан Республикасы  
Халыққа білім беру министрлігі бекіткен*

Ташкент  
«Yangiyo'l Poligraf Servis»  
2017

УДК: 34(075.3)=512.122

ББК 67.400

Костецкий Василий.

К 62 Мемлекет және құқық негіздері 10-сынып: Орта білім беру мекемелерінің 10-сыныбына арналған үшін оқулық / В.Костецкий. – Бірінші басылым. – Ташкент: «Yangiyo'l Poligraf Servis», 2017. – 144 б.

ISBN 978-9943-4937-6-6

УДК: 34(075.3)=512.122

ББК 67.400

## Ғылыми редакторлар:

**Саидов А.**, заң ғылымдарының докторы, профессор.

### ШКІР ЖАЗҒАНДАР:

- Ф.Хайтбоев** – Адам құқықтары орталығының ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты;
- Ф.Бакаева** – ТМЗУ мемлекет теориясы және тарихы кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты;
- С.Аккулова** – Ташкент қалалық Халыққа білім беру қызметкерлерін қайта даярлау және білімін жетілдіру институты кафедрасының аға оқытушысы;
- Т.Багдасарова** – 49-жалпы білім беретін мектептің мемлекет және құқық негіздері пәнінің оқытушысы;
- М.Юнусова** – 41-жалпы білім беретін мектептің мемлекет және құқық негіздері пәнінің оқытушысы.

Оқулық Халыққа білім беру министрлігінің бағдарламасына орай дайындалды, сондай-ақ орта білім беретін мектептердің 10-сыныбы мен орта арнаулы, кәсіптік-техникалық білім беретін мекемелердің оқушыларына, сонымен қатар адам құқы мәселесіне қызығатындарға арналған.

Оқулықтағы құқықтық нормалар Өзбекстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес баяндалған. Оқулықты дайындауда Г.М.Тансықбаеваның конституциялық құқық бойынша істері материалдары пайдаланылды.

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



- есінде сақта!



- білімді сына



- тапсырма



- құқықтық жағдай



- Конституция және заң құжаттарынан көшірмелер

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен басылды.

ISBN 978-9943-4937-6-6

© Костецкий В., 2017

© «Yangiyo'l Poligraf Servis», 2017

## ОҚУШЫЛАРҒА

Елімізде тәуелсіздік жылдарында жүзеге асырылған кең көлемді реформалар ұлттық мемлекеттік пен егемендікті нығайту, қауіпсіздік және құқық-тәртіпті, мемлекетіміз шекараларының дербестігін, қоғамдағы заң үстемдігін, адам құқы мен еркіндігін, ұлтаралық татулық пен діни бауырмалдық ортаны қамтамасыз ету үшін маңызды іргетас болды, халқымыздың лайықты өмір сүруі, азаматтарымыздың жасампаздық әлеуетін жүзеге шығару үшін қажетті жағдайлар жаратты.

Жылдам әрі жедел өзгеріп жатқан әлемде адамның санасы үшін күрес күн сайын күшейген заманда қылмысқа қарсы күресу және құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизм мен терроризмге, ұйымдасқан қылмыстың басқа көріністеріне қарсы күресу бойынша ұйымдастыру-іс жүзіндік шараларды күшейту күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болды. Осы мағынада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында басталған істердің логикалық жалғасы ретінде тұрғындардың құқықтық мәдениетін жоғарылату мен құқықтық санасын арттыру мәселелері де өз алдына қағида ретінде 2017-2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясында өз бейнесін тапты.

«Мемлекет және құқық негіздері» оқу пәнін оқытудың алдына қойған негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық мәдениетін жоғарылату. Бұл оқулық осы мақсаттарға қызмет етеді.

Ғазиз оқушы! Сен төменгі сыныптарда мемлекет пен құқықтың пайда болуы, мемлекет формалары, халық билігі, құқықтық нормалар, құқық салалары, Өзбекстан Республикасының Конституциясы, оның түзілуі, мақсат және міндеті туралы білімге ие болғансың. Ал, бұл оқулықта берілген білім сендердің құқықтық білімінді арттыруға, сондай-ақ еліміздегі қолданыстағы құқық салаларымен танысуыңа көмектеседі. Оқулықтағы орындалатын тапсырмалар арқылы алған білімдеріңді пысықтайсың.

**АҚ ЖОЛ!**

# I БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН РЕСУБЛИКАСЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТИ

## 1-§. ҚҰҚЫҚ – ТҰЛҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ



## ТҰЛҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Азаматтар мен мемлекет өзара құқық және борыш арқылы үздіксіз байланыста. Тұлға, қоғам және мемлекет – осы үш негізгі құндылық Конституцияда белгіленген.

Конституция азамат, қоғам және мемлекеттік билік арасындағы қатынастарды белгілейтін өзіне тән әлеуметтік келісімшарт. Конституция азаматтардың жалпы тең құқықтық, азамат және мемлекет арасындағы қатынастарда өзара жауапкерлік идеологиясына негізделеді. Мемлекеттің басты мақсаты – халыққа қызмет ету.



Мемлекеттің басты мақсаты – халықтың қалауын бейнелеп, оның мүддесіне қызмет ету. Мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар қоғам мен азаматтар алдында жауапты.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 2-бап***

Өзбекстанның негізгі заңы мемлекетке, оның билік органдарына, лауазымды тұлғаларға, қоғамдық бірлестіктеріне және азаматтарға Конституция мен заңдарға сәйкес жұмыс жүргізу міндетін жүктейді.



Өзбекстан Республикасында Өзбекстан Республикасының Конституциясы және заңдарының үстемдігі сөзсіз мойындалады.

Мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, азаматтар Конституция және заңдарға сәйкес жұмыс істейді.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 15-бап***

93-бапқа сәйкес Өзбекстан Республикасының Президенті Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына мойынсұнылудың кепілі.



### **1-тапсырма.**

Күні бойы қандай жаттығумен айналысқаныңды есіңе ал: мектепке барасың, білім аласың, мектептің әлеуметтік өміріне (спорт тағы басқа үйірмелерге) қатысасың, үйге қайтасың. Қандай жағдайда мемлекетпен қатынасқа кіргеніңді сана, бұл саған қалай ықпал ететінін айт.

## **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ МЕМЛЕКЕТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ**

Өзбекстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміз тәуелсіздігінің құқықтық негізі, халықтың ерік-қалауының жоғары бейнесі. Әрбір мемлекет өз Ата заңында бірінші орында өзінің басқару формасын бейнелеуі керек. Өйткені, мемлекеттің саяси-құқықтық статусы белгіленбей тұрып, қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық, рухани және мәдени өмірінің үстем бағыттарына қатысты ережелерді анықтау мәнсіз болар еді.

Конституцияда Республиканың суверенитетінің нығайтылуымен Өзбекстан шын мәнінде тәуелсіздікке және еркіндікке жетті, жер, жер асты байлықтары, басқа табиғи қорлар, экономикалық, ғылыми-техникалық және интеллектуалдық мүмкіндіктер ұлттық байлыққа айналды, өзбек халқының нағыз тарихы мен мәдениеті бой көтерді, ақындар, мұғалімдер, ойшылдар, мемлекет қайраткерлерінің пәк аттары тіктелді. Адамның құқы мен еркіндігі Конституция және заңдармен қорғалған.

Мемлекеттің тәуелсіздік алуы БҰҰға, тағы басқа да халықаралық ұйымдарға мүше болғаны Өзбекстанда тәуелсіз сыртқы саясат жүргізу, халықаралық қатынастар мен маңызды тараптарын өзі белгілеу мүмкіндігін берді.

Конституцияның 1-бабында еліміздің суверенитеті халықаралық демократиялық құндылықтарға үздіксіз байланыстылығы бейнеленді және сол үшін Өзбекстан егеменді ғана емес, сонымен қатар демократиялық республика деп жарияланды.

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ, СОНДАЙ-АҚ ОНЫҢ ТҮЛҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТПЕН ҮЗТІКСІЗ БАЙЛАНЫСЫ**

Елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижелілігін одан әрі арттыру, мемлекет және қоғамның жан-жақты және жедел дамуы үшін жағдай жарату, елімізді жаңғырту, сондай-ақ өмірдің барлық салаларын либералдандыру бойынша үстем бағыттарды жүзеге асыру мақсатында еліміз Президенті Шавкат Мирзияев 2017-2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясын жариялады.

Стратегияның екінші бағыты «Заң үстемдігін қамтамасыз ету және сот құқық жүйесін одан әрі реформалаудың үстем бағыттары» деп аталады. Осы бағытта төмендегі шараларды жүзеге асыру белгіленген:

- сот билігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, соттың беделін арттыру, сот жүйесін демократтандыру мен жетілдіру;
- азаматтардың құқық және еркіндігін сенімді қорғау кепілдігін қамтамасыз ету;
- әкімшілік, қылмыстық, азаматтық және шаруашылық заңдылығын жетілдіру;

- қылмысқа қарсы күрес және құқықбұзушылықтардың алдын алу жүйесін жетілдіру;
- сот-құқық жүйесінде заңдылықты одан әрі нығайту;
- заңды көмек және қызмет көрсету жүйесін жетілдіру.

Заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін алдымен тұрғындардың құқықтық мәдениеті мен санасын жоғарылату керек.



**Құқықтық сана** – жұртшылық санасының бір саласы болып, онда білім, талқылаулар, бағалар, адамдардың құқыққа көзқарасы қалыптасады. Құқықтық сана қаншалықты жоғары болса, құқықтық мәдениеттің дәрежесі де соншалықты жоғары болады.

Руханиятты адам құқыққа қатысты білімді жай ғана иелеп қоймайды. Ол осы білімді пікірлеп, құқықты дұрыс түсіну мен оған дұрыс көзқараста болуды жолға қояды. Егер адам құқының маңызын дұрыс бағаласа және оның талаптарын құрметтесе, ол заңды бұзбауға әрекет жасайды.

Егер адам құқыққа құрметсіздікпен қараса, ол әлбетте заңға қайшы әрекет жасайды. Өйткені заң талаптарын менсінбеу де құқық нормаларын бұзуға алып келеді. Сондықтан да құқықты білудің маңызы зор.

Заңдарды білу өз-өзінен құқықтық мәдениеттің жоғары дәрежесін аңғартпайды. Заңдарды жақсы біле тұрып, олардың талаптарын орындамау мүмкін. Құқықтық мәдениеттің болуы тек заңдарды білумен ғана емес, оларға мойынсұнуды да көздейді.



### **2-тапсырма. Сұраққа ойланып, жауап бер:**

Құқықтық мәдениетті адам заңдарды білмейтін немесе жақсы білсе де, оларды бұзатын адамдардан несімен ерекшеленеді?

Заңдарды білетін адам жеке және әлеуметтік мүддені заң тұрғысынан сауатты қорғауға, тұлғаның құқы мен еркіндігін бұзуға қарсы тұруға қадір болады. Бірақ заңды білудің өзі оған мойынсұну үшін жеткілікті емес. Осы орында құқықтық мәдениет неден құрылады деген табиғи сұрақ туындайды.

Ақылақтық көзқарас пен сенім құқық мәдениетінің тірегі саналады. Бұл тірек қаншалықты берік және шынайы «құрылған» болса, құқықтық білімнің сапасы мен оларды әділ пайдалану, заңға көзқарас (оны құрметтеу), құқықтық нормаларға мойынсұнуға дайын тұру, заң мен құқық үстемдігіне қол жеткізуге белсене қатысуда соншалықты күшті орын иелейді.



### **2-тапсырма. Ойланып, жауап бер:**

1. Құқықтық мәдениетті адамның ақылақтық-рухани көзқарасы қандай болуы керек?
2. Абзал «Мемлекет және құқық негіздері» пәнінен тұрақты үлгілі баға алады, бірақ, ол көбінесе сабаққа кеш келеді, басқа сабақтарда сабақ үдерісіне кедергі жасайды. Абзалдың құқықтық мәдениетін жоғары деп бағалауға бола ма?
3. «Құқыққа көзқарас» дегенде нені түсінесің?
4. Сенің ше құқықтық қатынастарда адамның іс-әрекеті қандай болуы керек?



### **3-тапсырма.**

**Төмендегі жағдайларды қара және оларда болған үдерістерді заң талаптарына қайшы келуін немесе келмеуін анықта. Сөйтіп өз пікіріңді айт.**



### **1-жағдай.**

Сот мәжілісі залында азамат К.ге қатысты қылмыстық іс қаралып жатқан еді. Сот мәжілісі үдерісінде К.нің ісін қарап жатқан судья М.ны тынымсыз былағаттап, оның абыройы мен атын кемсітіп, боқтанды. Судьяның сот мәжілісі залында тәртіп сақталуы туралы заң талаптарына мойынсұнбастан К.нің бостандыққа шыққаннан соң, судьяны өлтіретінін айтып доқ жасады. Тек сот мәжілісі залынан конвайлар шығарып жібергеннен кейін К.нің әрекеттері тоқтатылды.

**К. өз әрекетімен басқалардың құқын бұзған деп санауға бола ма? Ол заңды бұзды ма немесе ақылақ нормаларын ба?**



## 2-жағдай.

Үйді тапсыруға дайындалып жатқанда, құрылыстың басшысы жүргізушіге жиналған тұрмыстық қоқыстарды орманға апарып төгу туралы тапсырма берді. Қоқыстарды төгіп үлгерген жүргізуші В.ны орман қарауылы ұстап алды. Жүргізуші В. тұрмыстық қоқыстарды орманға төгу туралы бұйрықты құрылыс басшысы бергенін түсіндірді.

**Прораб К.нің әрекеттерінен заңбұзушылықты көру мүмкін бе? Жүргізуші В.ның әрекеттерінде ше? Мұны қандай заңбұзушылық деп ойлайсың.**



### 4-тапсырма.

Төмендегі мақал мен мәтелді шынайы санамен байланыстыр:

- Заңның аты заң.
- Заң бар жерде қорғаныс та бар.



### Білімінді сына!

1. Не үшін адамға құқықтық білім қажет? Құқықтық сауатсыздық неге соқтырады?
2. Сеніңше, заң адамның жақсы кеңесшісі мен көмекшісіне айналуы үшін не істеу керек?
3. Құқық нормалары мен ақылақ нормаларының арасындағы өзара байланыс қалай көзге тасталады?
4. Заңды білмей тұрып, әділетсіздікке қарсы күресуге бола ма? Жауабыңды негіздеп бер.

## 2-§. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес, мемлекетіміз халықаралық қатынастардың толық құқықтық субъектісі. Оның сыртқы саясаты мемлекеттің суверенді теңдігі, күш жұмсамау немесе күшпен қатер төндірмеу, шекаралардың мызғымастығы, келіспеушілікті тыныш жолмен шешу, басқа мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау ережелеріне және халықаралық құқықтың жалпымойындалған басқа ережелері мен нормаларына негізделеді.



Республика мемлекеттің, халықтың жоғары мүддесін, бейбітшілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында одақ құру, достастыққа және басқа да мемлекетаралық жүйелерге кіруі мен олардан бөлініп шығуы мүмкін.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 17-бап***

Халықаралық құқық ру-тайпа қатынастары бөлшектеніп, алғаш мемлекеттер құрылғанда пайда болды. Ол кезде ежелгі адамдарда осы қатынастарды реттейтін және әдет-ғұрыптарда нығайтылған белгілі ережелер қалыптасып үлгерген еді. Алғашқы қоғамдық дәуірде ру мен тайпа арасындағы қатынастарды реттейтін осы ережелердің жинағын мемлекеттерге дейін болған тайпааралық «құқық» деп атауға болады. Сосын дамытылып, ол халықаралық құқыққа айналды.

Халықаралық құқық мемлекеттер, халықтар мен халықаралық ұйымдардың арасындағы түрлі байланыстарды реттейді.

Халықаралық келісімшарт – бір немесе бірнеше құжатта жасалғаны мен қандай аталғанынан тыс мемлекеттер немесе басқа халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы жазбаша түрде жасалған келісім болып, тараптардың өзара құқық және міндеттерін қамтиды.

Халықаралық құқық функциялары дегенде халықаралық құқықтың халықаралық-құқықтық реттеу предметі саналған қатынастарға ықпалының негізгі бағыттарын түсіну керек.

**Төмендегі функциялар жеке ажыратылып көрсетіледі:**

1) *тұрақтандырушы* – халықаралық құқықтың нормалары әлем қауымдастығын ұйымдастыруы, белгілі халықаралық құқықтық тәртіпті белгілеуі, оны нағайтуы және одан әрі тұрақтандыруы керек;

2) *реттеуші* – оны жүзеге асыру арқылы халықаралық құқықтық тәртіпке қол жеткізеді, тиісті түрде әлеуметтік қатынастарды реттейді;

3) *қорғаушы* – халықаралық құқық қатынастарының тиісті түрде қорғалуы дегені. Халықаралық міндеттер бұзылғанда халықаралық құқықбұзушылық субъектілері халықаралық құқық тарапынан рұқсат етілген жауапкерлік шараларын және санкцияларын қолдауға құқылы;

4) *ақпарат-тәрбиелеуші* – мемлекеттердің әділ әрекеттерінің жинақталған тәжірибесін тарату, құқықты пайдалану мүмкіндігін насихаттау, құқықты құрметтеу, оның мүддесі мен құндылығын қорғау рухында тәрбиелеу.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ДЕРЕКТЕРІ**

Халықаралық құқық субъектілері арасындағы келісім арқылы жаратылған және мемлекетаралық қатынастарды реттейтін нормалардан тұрады.

Халықаралық құқықта екі негізгі дерек: халықаралық келісімшарт пен халықаралық рәсім-рүсім бар. Бірақ халықаралық құқықтың осы екі негізгі дереккөзінен тыс халықаралық ұйымдар, халықаралық конвенциялар мен мәжілістердің құжаттары бар. Мұндай құжаттар халықаралық ұйымдар мен басқа да субъектілердің өздері үшін міндетті ақылақ ережелерін белгілеп берсе, халықаралық құқықтың қосымша деректеріне айналады.

Халықаралық құқықтың реттеу предметі егеменді және бір-бірінен тәуелсіз субъектілердің қатынастары саналады. Мемлекеттің ішкі құқы дербес мемлекет ішіндегі субъектілердің арасындағы, әдетте бір мемлекеттің аумағы шекарасында және ішкі өкілетті шеңберіндегі қатынастар-

ды реттейді. Мемлекеттер, ұлттар мен халықтар, сонымен қатар халықаралық ұйымдар халықаралық құқық субъектілеріне кіреді.

Халықаралық құқық қағидаттары – халықаралық қатынастар субъектілерінің мемлекеттер тарапынан халықаралық қатынастар саласында жасалған халықаралық өмірдің ең маңызды мәселесі бойынша және жалпы мойындалған ақылақ нормалары саналады.

Халықаралық құқық қағидаттарының мазмұны:

- күш жұмсамау және күшпен қатер етпеу қағидаты;
- халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу қағидаты;
- мемлекеттердің ішкі өкілетіне енетін істерге араласпау қағидаты;
- халықтардың тең құқылы және өз тағдырын өздері белгілеу қағидаты;
- халықаралық құқық міндеттерін ожданмен орындау қағидаты;
- мемлекет шекараларының мызғымастығы қағидаты;
- мемлекеттердің аумақтарының дербестігі қағидаты;
- адам құқы мен негізгі еркіндігін құрметтеу қағидаты.

Өзбекстан Республикасының Сыртқы саяси қызметі Халықаралық құқықтың жалпымойындалған норма және қағидаттарына сай келеді. Атап айтқанда:

- Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына;
- «Адам құқы мен жалпыәлемдік декларациясына»;
- «Халықаралық құқық қағидаттары туралы» декларациясына;
- «Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің Хелсинки Қорытынды актіне».

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР**

Халықаралық қатынастар – тыныштық пен ынтымақтастық орнату мақсатында халықаралық аренада жұмыс істейтін мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар, мемлекет және қоғамдық ұйымдардың арасындағы саяси, экономикалық, мәдени, құқықтық, дипломатиялық, әскери, тағы басқа да байланыстар мен өзара қатынастардың жинағы.

«Өзбекстан – халықаралық қатынастардың тең құқылы субъекті» конституциялық қағидаты Өзбекстан Республикасының заманалық әлемде-

гі орнын көрсетіп қана қоймай мемлекетіміз әлемдік қауымдастығының ажыралмас бөлігі екенін іс жүзінде растайды.

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

Заманалық халықаралық құқық жалпы және жеке бөлімдерге бөлінеді. Халықаралық жалпы құқық мемлекеттер мен бұқаралық әкімдікті ұсынатын саяси ұйымдар, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың арасындағы қатынастарды реттейді.

Жеке құқық шетелдік жекеменшік және заңды тұлғалар қатысқан азаматтық-құқықтық байланыстарды реттейді. Мысалы, түрлі мемлекеттерге тиісті фирмалардың арасындағы қатынастар, түрлі мемлекеттер азаматтарының неке құруы, тағы сол сияқтылар.

Халықаралық құқықтық нормалармен реттелетін құқықтық қатынастарға қатысу үшін заңды статуска ие тұлғалар халықаралық құқықтың субъектілері саналады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы Резолюциясының 1-бабында айтылғанындай, бір мемлекет тарапынан басқа мемлекеттің суверенитеті, аумақтық дербестігі немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы әскери күш қолдануы немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына қайшы келетін басқа да бір қысым өткізу агрессия деп аталады.



### **Тапсырма.**

Халықаралық құқық субъектілеріне және кейбір мемлекеттердің агрессиясына мысал келтір.

## **ӘЛЕМНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КАРТАСЫ**

Әлемде сан алуан жүйені кездестіруге болады. Өйткені, әрбір мемлекет өзінің ұлттық құқық жүйесін құрады. Олардың әрбірі өз қасиеттерімен ерекшеленіп тұрады, сонымен қатар олар көптеген ортақ сипаттарға ие.

Құқықтану пәнінде түрлі құқық жүйелерін олардың ұқсастығына қарап бірыңғай «құқықтық жанұяға» біріктіру қабылданған.

**Роман-герман немесе континенталды «құқықтық жанұясы»** (Германия, Франция, Испания, Италия, тағы басқалар) соттардың заң жарату

құқын мойындамайды. Ол соттарды заң шығарушыға айналуына қарсы. Сондықтан да негізгі құқық дереккөз ретінде ол заңды, конституциялық және заңға негізделген басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарды ғана мойындайды.

**Ағылшын-Америка «құқықтық жанұясы»** немесе «жалпы құқық» жүйесі (АҚШ, Канада, Австрия, Ұлы Британия достастығы мемлекеттері, тағы басқалар) континенталды «құқықтық жанұясынан» ерекшеленеді, оның негізгі құқықтық дереккөзі ретінде заңды емес, соттың прецедентін, яғни соттың қаулысындағы ережені мойындайды.

**Діни-дәстүрлі «құқықтық жанұясы»** (Жапония, Үндістан, Қытай, тағы басқалар) негізгі құқық дереккөзі ретінде діни ережелерді мойындайды.

Бұл «құқықтық жанұялар» бірде заңдарға, басқа кезде – прецеденттерге, яғни сот қаулыларына, тағы бірде діни-құқықтық нормаларға негізделсе де, өмір оларға кейбір талаптарды қояды, оларды назарға алмауға болмайды. Сондықтан да «құқықтық жанұялар» заңдарын соттың прецеденті ережелерімен, ал діни-құқықтық нормаларды заң және кодекстермен біраз үйлесімдетіп біріктіреді. Мұндай жағдайларда мемлекет заңдарды жаратып өмірдің талаптарымен санасу шарт екенін дәлелдейді.

Кез келген қоғамда және мемлекетте құқық жүйесі объективті түрде жаратылады, өйткені әрқандай заң шығарушы мұны жеке қалауы және еркімен жүзеге асыра алмайды. Мұндай өзбасымдықты өмірдің өзі мойындамайды.

Құқық адамдардың пайдасы үшін қызмет етуге шақыратындақтан оның жүйесі заң тарапынан өмірде шынайы әлеуметтік қарым-қатынастарға байланысты құрылады.

Қолданылып жатқан құқық нормалары жалпы тәртіпке, яғни осы құқықтық жүйенің ортақ қағидаттарына қайшы келген кейбір жағдайларда халықаралық құқықты қолдану шектеледі. Бұл ереже жалпы тәртіп туралы қосымша шарт деп аталады.

Сыртқы сауда келісімдерінде (мысалы, шетелдік элементпен алды-сатты келісімшартынан) туындайтын міндеттерді одан да нәтижелі орындау үшін шетелдік жеке және заңды тұлғалар – мұндай келісімшарт-

тар тараптардың құқықтық статусын анықтау қажеттігі пайда болады. Оларға әдетте төмендегі тәртіп түрлері қолданылады:

– ұлттық тәртіп, мұнда шетелдік заңды және жеке тұлғалардың құқықтық статусы өз азаматтары мен заңды тұлғаларының статусына теңестіріледі;

– ең үлкен қолайлылық жасау тәртібі, мұнда заңдар арқылы түрлі шет мемлекеттер резиденттерінің құқықтық жағдайы үшін ұқсас құқықтық жағдай белгіленеді.

Адам құқықтары бойынша халықаралық құжаттың өзіне тән ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

- 1) универсалды көріністегі (яғни адам құқы мен барша негізгі еркіндік құрметтеледі);
- 2) жалпы қабалданған (яғни барлық мемлекеттерде қолданылады);
- 3) нәсілі, ұлты, жынысы, діні, тілі, тағы басқалардан тыс барлығына әсер етеді;
- 4) заңдарда осы мәселе бойынша ұлттық модельдерді жасау үшін түрткі болып қызмет етеді.

### **«2017-2021 ЖЫЛДАРЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ДАМУДЫҢ БЕС ҮСТЕМ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ӘРЕКЕТТЕР СТРАТЕГИЯСЫ» СЫРТҚЫ САЯСАТТА**

Президент Ш.М.Мирзияев «2017-2021 жылдары Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясында» саналы, өзара мүдделі және конструктивті сыртқы саясат жүргізуге, конституциялық құрылымды, Өзбекстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғауға баса назар аударған.

- ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ақпаратты қорғау, ақпарат қатерлеріне дер кезінде тойтарыс беру жүйесін жетілдіру;
- азаматтық, ұлтаралық, дінаралық татулық пен келісімді нығайту;
- мемлекеттің қорғаныс қабілетін, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік және әскери қабілетін нығайту;
- қоршаған ортаға, тұрғындардың денсаулығы мен ген қорына зиянын тигізетін экологиялық проблемалардың алдын алу.



### **Білімді сына!**

1. Халықаралық құқықтық нормалардың ерекшеліктерін айт.
2. Халықаралық қатынастар қандай қағидаттар бойынша құрылады?
3. Халықаралық құқықтың дереккөздерін айт.
4. Өзбекстан Республикасы Халықаралық қатынастары қайсы заң бойынша реттеледі?
5. Өзбекстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принциптерін айт.
6. Халықаралық жеке құқық пен халықаралық көпшілік құқықтың айырмашылығы неде?
7. Шетел азаматтары мен олардың ұйымдарының келу режимі ерекшеліктерінің қандай нормативтік актілері бар.
8. «2017-2021 жылдары Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясында» сыртқы саясатта қандай шаралар көзделген?



### 3-§. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

#### БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ, МАҚСАТ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ



БҰҰ штаб квартирасы.  
Нью-Йорк.

Екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен соң, 1945 жылғы 24 октябрде Сан-Франсискода (АҚШ) 51 мемлекет әлемдегі тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында БҰҰ-ның Жарғысына қол қойды, оны шын мәнінде «Тыныштық конституциясы» деп атауға болады.

Қазірде 193 мемлекет БҰҰ-ға мүше. Өзбекстан да 1992 жылғы 2 мартта БҰҰ-ның тең құқылы мүшесіне айналды. БҰҰ Жарғысына сәйкес БҰҰ-ның әскери күштері БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кенесінің қаулысымен және оның басшылығында құрылып, мойынсұнылады. Осы әскери күштер тек қана төтенше жағдайларда, басқа барлық шаралар нәтиже бермегенде (БҰҰ Жарғысының 42-бабы), тыныштық бұзылғанда немесе қатер төнгенде, агрессия жағдайларында (БҰҰ Жарғысының 39-бабы) халықаралық тыныштық және қауіпсіздікті тіктеу мен қолдап-қуаттауға қызмет етеді.



#### Соғыстар тарихынан.

Адамзат тарихында ғаламшарымызда 15 мыңнан астам соғыс болып, оларда 3,5 миллиардтан астам адам мерт болған. Сондықтан да барлық кезеңдерде де адамдар ықтималы бар проблемаларды тыныштық жолымен шешу бойынша бас қатырады.



**БҰҰ-ның барлық қатысушы мемлекеттері өз іс-қимылында төмендегі қағидаттарға мойынсұнуға мәжбүр:**

- теңдік;
- халықаралық норма және келісімдерге мойынсұну;
- келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу;
- күшті қауіп төндіру немесе оны қолдаудан бас тарту;
- ішкі істерге араласпау;
- ынтымақтастық.

Осылайша БҰҰ-ның негізгі мақсаттары төмендегілер саналады:

- бүкіл әлемдегі тыныштықты қолдап-қуаттау;
- достық қарым-қатынастарды дамыту;
- кедейшілікті, ауруды, сауатсыздықты жою;
- қоршаған ортаға тиіп жатқан залалдың алдын алу;
- адам құқы мен еркіндігін қорғау.

**Өз мақсат және міндетін жүзеге асыру үшін БҰҰ алты бас органнан тұратын құрылымға ие.**

<b>Бас Ассамблея</b>	БҰҰ-ның ең өкілетті органы саналады. Оның ісіне 193 мемлекет қатысады, олар әр жылы жаһандық көріністегі 150-ден астам мәселені талқылайды.
<b>Қауіпсіздік Кеңесі</b>	5 мемлекет (АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлы Британия, Франция) пен 2 жыл мерзімге сайланатын 10 тұрақты емес қатысушыдан тұрады. Қауіпсіздік Кеңесі тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау мәселелерін қарайды.
<b>Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес</b>	БҰҰ-ға мүше 54 мемлекеттен құралып, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарайды.
<b>Мұрагерлік Кеңес</b>	бұрынғы отар жерлердің өз бағытын анықтауға көмектесетін бақылау органы.

<b>Халықаралық Сот</b>	15 судьядан құралған, мемлекеттердің арасындағы келіспеушіліктерді қарайды, сонымен қатар халықаралық проблемалар бойынша консультативті қорытындылар береді.
<b>Хатшылық</b>	БҰҰ Бас Хатшысы тарапынан басқарылады және БҰҰ әкімшілік орган саналады.



### **Біріккен ұлттар ұйымы тарихынан.**

БҰҰ-ны құру туралы қаулы КСРО (бұрынғы), АҚШ, Англия және Қытай сыртқы істер министрлерінің Мәскеудегі кеңесінде 1943 жылы қабылданған.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1945 жылғы 24 октябрьде құрылған. 24 октябрь жылда БҰҰ күні ретінде атап өтіледі.

Біріккен ұлттар ұйымының Жарғысы Сан-Франсиско конференциясында 1945 жылы қабылданды. Жарғыға алғашқыда 51 мемлекет қол қойған, ал қазір олардың саны 190-нан асты.

Өзбекстан БҰҰ мүшелігіне 1992 жылғы 2 мартта қабылданды.

БҰҰ бас кеңсесі Нью-Йоркта (АҚШ).



### **Тапсырма.**

Тынымсыз болып жатқан әскери қақтығыстарға өз пікіріңді білдір. Сеніңше, мемлекеттердің арасында үлкенді кішілі соғыстардың себебі неде?

## **АДАМ ҚҰҚЫНЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

Адам құқының бүкіләлемдік декларациясы – 1948 жылғы 10 декабрьде Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының үшінші сессиясында 237 АА (III) резолюциясымен қабылданған және БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттерге ұсынылған.

Декларацияның мәтіні барлық адамдарға қатысты құқықтарды жаһандық түрде анықтап берген алғашқы құжат. Ол 30 баптан тұрады, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық факт, сонымен қатар азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық факт, сондай-ақ екі Факультативті Мәлімдемемен қатар Адам құқы туралы халықаралық биллдің бір бөлігі саналады. 1950 жылы Адам құқы туралы бүкіләлемдік декларациясының қабылдануына байланысты БҰҰ Адам құқы күнін белгіледі. Ол күн 10 декабрьде атап өтіледі.

БҰҰ құзырында YUNESKO (БҰҰ-ның Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын ұйымы), ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы), БДСҰ (Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы) мен басқа да халықаралық ұйымдар жұмыс істейді, олардың қызметі адамзаттың жаһандық проблемаларын шешуіне бағытталған.

### **БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША БҰҰ ҚЫЗМЕТІ**

1946 жылдан бастап БҰҰ аясында, сонымен қатар БҰҰ Балалар Қоры (YUNISEF) да жұмыс істеуде. Ол мемлекеттерге төтенше жағдайларда көмектеседі, сонымен қатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, таза ауызсумен қамтамасыз ету, лайықты санитариялық жағдайлар жаратумен айналысады, балалар мен әйелдердің тамақтануын және білім алуын бақылайды.

YUNISEF-тің белсенді жұмыстарының нәтижесінде жылда 3 миллионнан астам баланың өмірі сақтап қалынады.

1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары декларациясын қабылдады. Оның мақсаты – бақытты балалықты қамтамасыз ету, балалардың құқы мен еркіндігін олардың өздері және қоғам мүддесіне пайдалану, барша мемлекеттер мен мүдделі тұлғаларды балаларға берілген құқықтарды мойындауға, оны қатаң сақтауға шақыру.

1979 жылды БҰҰ Халықаралық бала жылы деп жариялады. Сонымен қатар Балалардың құқы 1989 жылғы 20 январьдағы Балалар құқы туралы Конвенцияда да нығайтылған. Онда мемлекеттер тарапынан 18 жасқа тол-

маған тұлғалар үшін элементар құқықтардың қамтамасыз етілуі көзделген:

- өз жанұясында жасау құқы;
- жетерлі дәрежеде тамақтану және таза ауызсумен қамтамасыз етілу құқы;
- қолайлы өмір сүру жағдайына ие болу құқы;
- денсаулығын сақтау құқы;
- ерекше қамқорлық пен арнайы кәсіби дайындық алу құқы;
- өз тілінде сөйлеуі, өз діні мен мәдениетін пайдалану құқы;
- ойындар мен көңілашар шараларға қатысу құқы;
- еркін білім алу құқы;
- өз саламаттығын қорғау құқы;
- аяусыздық, кемсіту мен әділетсіз қатынастарда болудан қорғалу құқы;
- өз пікірін еркін білдіру, өз көзқарасын көрсете алу үшін қатарластарымен кездесу құқы.

Өзбекстан да 1989 жылы Балалар құқы туралы Конвенцияға қол қойды, осыған орай мойындалған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Соғлом авлод учун» қоры құрылды.



### **Білімінді сына!**

1. БҰҰ қашан және қандай мақсатта құрылды?
2. Келіспеушіліктерді шешуде БҰҰ-ға мүше мемлекеттер қандай қағидаттарға негізделіп жұмыс істейді?
3. БҰҰ-ның негізгі ұйымдарын және олардың міндеттерін сана.
4. Мемлекеттердің арасындағы келіспеушілік мәселелерін шешуде БҰҰ Халықаралық соты қандай рөл ойнайды?

## **4-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ**

### **АЗАМАТТАРДЫҢ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАЙЫ**

Азаматтық институт әрбір егеменді мемлекет үшін міндетті саналады. Азаматтық жеке тұлғалар мен мемлекет арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланыстар бар екенін аңғартады. Азаматтық тұлғаның құқықтық жайын заңды түрде реттейді және оның тиісті құқықтары мен міндеттерін белгілеп береді.

Бірақ, азаматтық статус әрбір адамға берілмейді, себебі мемлекетте жасайтын барлық адамдар да оның азаматы саналмайды.

Басқа мемлекеттердегі сияқты Өзбекстанда да белгілі өміршен жағдайларды ескеріп, уақытша немесе тұрақты жасайтын Өзбекстан азаматы емес адамдар көптеп табылады. Бұл топқа шетелдік азаматтар мен басқа мемлекет азаматы екенін дәлелдей алмайтын азаматтығы жоқ тұлғалар кіреді.

Бірақ, Өзбекстан азаматы болмаса да, бұл тұлғалар оның заңдарына мойынсұнуы, Конституцияда, заңдарда және халықаралық келісімшарттарда белгіленген міндеттерді орындауы шарт.

### **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ**

«Өзбекстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң 1992 жылғы 2 июльде қабылданған. Өзбекстан Республикасының азаматтық туралы заңдары Өзбекстан Республикасының Конституциясы негізінде қабылданған осы заңнан және Өзбекстан Республикасының осы заңға сәйкес шағарылатын басқа заң құжаттарынан тұрады.

Өзбекстан Республикасында шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқық және еркіндігі халықаралық құқық нормаларына сәйкес қамтамасыз етіледі. Олар адам құқы саласындағы әрбір адамға қатысты берілген халықаралық құжаттар тарапынан мойындалған құқық және еркіндікті пайдаланады.

Тек мемлекет азаматтарына тиісті төтенше құқықтар бұған кірмейді. Өзбекстан азаматтарынан бір ерекшелігі шетелдік азаматтар сайлау құқын пайдалана алмайды, депутат немесе сенаторлар болып сайлануға және армияда қызмет етуге құқылы емес. Бұл барлық мемлекеттерде мойындалған практика болып, мұндай шектеулер кемсіту шаралары саналмайды.

Өзбекстан Республикасында мемлекетте жасайтын барлық адамдар үшін бірыңғай азаматтық белгіленіп, олардың теңдігі конституцияда белгіленген. Бұл қағидатқа орай барлық азаматтар заң алдында тең. Әлеуметтік жағдайы, нәсілі немесе ұлттық болмысы, гендерлік байланысы, тілі, діні немесе саяси сеніміне қарамастан ешнәрсе азаматтардың теңдігіне әсер етпейді. Азаматтар тең құқықтығының бұзылуы конституциялық құқық және еркіндікке қарсы қылмыс деп саналады және Өзбекстан Республикасы Қылмыс кодексіне (141-бап) сәйкес қылмыстық-құқықтық жауапкерлікке тартылады. Өзбекстанда екі азаматтық жоқ.

## **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫН АЛУ**

«Өзбекстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңда азаматтықты алудың бірнеше негізі айтылған:

- туылуы бойынша;
- Өзбекстан Республикасы азаматтығын алудың нәтижесінде;
- Өзбекстан Республикасының халықаралық келісімшарттарда көзделген негізге орай;
- «Өзбекстан Республикасы азаматтығы туралы» Заңда көзделген басқа жағдайларда.

Баланың туылуы туылған мемлекетінің азаматтығын тікелей алу үшін табиғи негіз болып қызмет етеді. Бала Өзбекстан аумағында немесе одан тыс туылуына қарамай, егер оның ата-анасы Өзбекстан азаматтары болса, ол өз-өзінен оның азаматтығын алады. Егер ата-анасының бірі Өзбекстан азаматы болмаса да бала Өзбекстанның азаматтығын алуға құқылы. Ата-анасы ападрит болып, олар әрдайым Өзбекстан аумағында жасаса да бала Өзбекстан азаматтығын алады. Тіпті ата-анасы кім екені белгісіз болған жағдайда да бала өз-өзінен азаматтыққа ие болады.

## **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТЫҒЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ**

Өзбекстан азаматтығының тоқтатылуына төмендегілер негіз болады:

- мемлекет азаматтығынан шығу;
- азаматтықтың жойылуының салдарында;
- Өзбекстан халықаралық келісімшарттарда көзделген басқа негіздерге орай.

## АЗАМАТТЫҚТАН ШЫҒУҒА ТЫЙЫМ САЛУ

Өтініш жасаған тұлға қылмыстық жауапкерлікке тартылған немесе оған қатысты орындалатын сот үкімі күшіне кірген жағдайда азаматтықтан шығуға жол берілмейді.

Азаматтықтан шығуы Өзбекстан мемлекет қауіпсіздігі мүддесіне қайшы болған жағдайда да мұндай өтініш қанағаттандырылмайды.

## АЗАМАТТЫҚТЫ ЖОЮ ҮШІН ЖЕКЕ НЕГІЗДЕР

Заңда сонымен қатар азаматтықтан шығудың жеке негіздері айтылған. Оларға төмендегілер кіреді:

- тұлғаның шет мемлекетке әскери қызметке, қауіпсіздік органдарына, полицияға, әділет органдары немесе мемлекеттік билік және басқарудың басқа органдарына қызметке алынуы нәтижесінде;
- егер шетелде тұрақты жасайтын тұлға үш жыл ішінде себепсізден себепсіз коньсулдық тіркеуге тұрмаған болса;
- егер Өзбекстан Республикасының азаматтығының жалғандығы күмәнді мәліметтер немесе жалған құжаттар беру нәтижесінде алынған болса;
- егер тұлға шет мемлекеттің пайдасын көздеп жұмыс істесе немесе тыныштық пен қауіпсіздікке қарсы қылмыс жасау арқылы қоғам мен мемлекеттің мүддесіне залал жеткізген, сондай-ақ террористік ұйымдарға қатысқан болса;
- егер тұлға шет мемлекеттің азаматтығын алған болса.



### Білімінді сына!

1. Сеніңше, не үшін әрқандай егеменді мемлекетте азаматтық міндетті саналады?
2. Азаматтыққа түсінік бер.
3. Мемлекетте жасап жатқан, бірақ оның азаматтығын алмаған адамдар қандай құқық және міндеттерге ие?
4. Қандай жағдайларда азаматтықтан шығуға тыйым салынады?



## 5-§. АДАМ ҚҰҚЫ МЕН ЕРКІНДІГІН ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМІ

### АДАМ ҚҰҚЫН ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР

Халықаралық қауымдастыққа кірген Өзбекстан Республикасы елімізде адам құқы мен еркіндігін нығайтуға белсене көмектесу, ұлттық заңдарды адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға үйлестіру міндетін алған.

Заманалық халықаралық қауымдастық адамның табиғи құқықтары идеясын құқықтық-нормативтік құжат дәрежесінде нығайтылған. Олардың ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қабылданған Адам құқы бүкіләлемдік декларациясы ерекше орын иелейді. Декларацияда бүгінде әрбір адамның әлеуметтік өмірдің барлық салаларында ие болуы қажет құқық және еркіндіктің минималды көлемі келтірілген.

Адам құқы бүкіләлемдік декларациясы негізінде көптеген орындалуы шарт құжаттар жасалған. Олар Адам құқы бүкіләлемдік декларацияның дерлік барша ережелеріне анықтық енгізді және оларды дамытуды, сондай-ақ адам құқын қорғайтын белгілі халықаралық құралдарды жаратты. Мысалы, Факультативті мәлімдеме кейбір азаматтарға құқы бұзылғаны туралы БҰҰ жанындағы кеңес орган – Адам құқы бойынша комитетке арыздану мүмкіндігін берді.

Декларация, екі факт және факультативті мәлімдеме БҰҰ-ның жалпы, құқықтық қамту дәрежесі бойынша универсалды құжаттар мен олар адам құқы Хартиясын құрайды. Көбінесе ол Адам құқы туралы Халықаралық билл деп аталады.



Адам құқы мен оның негізгі еркіндігін қорғау туралы Еуропа конвенциясы (1950 ж.) азаматтық, саяси, сондай-ақ кейбір әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қамтыған Конвенцияға қосымша мәлімдемелер Еуропа Кеңесінің жетекші құжаттарына айналды.

Олардың жүзеге асырылуын бақылау үшін арнайы механизмдер – Еуропа комиссиясы және Адам құқы бойынша Еуропа соты құрылды. Комиссия мен Сот азаматтардың құқы бұзылуымен байланысты арыздарды қарайды. Арыздардың шынайылығы анықталса, сот тарапынан әрбір мемлекет орындауы шарт қаулы шығарылады.

## **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢДЫЛЫғыНДА АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚОРҒАЛУЫ**

Мемлекеттік тәуелсіздікке жеткен соң Өзбекстан Адам құқықтарын қорғау ұлттық механизмін жаратып, сатылай нығайтуда.

Адам құқы мен еркіндігін қорғауда мемлекет ішкі механизмінің негізгі буындары төмендегілер:

- әділетті соттауды жүзеге асыратын сот органдары;
- заңдардың орындалуын бақылайтын және адам еркіндігі мен құқын қорғайтын прократура органдары;
- құқықбұзушылыққа шек қойылу мен адам құқының қорғалуын қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындайтын ішкі істер органы.

Халықаралық ынтымақтастыққа енген Өзбекстан Республикасы мемлекетте адам құқы мен еркіндігін нығайтуға белсене көмектесу, ұлттық заңдарды адам құқы саласындағы халықаралық стандарттарға бейімдеу міндеттерін өзіне алды.

Мемлекетте адам құқы бойынша қосымша ұлттық мекемелер де құрылған. Оларға:

- Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Адам құқы бойынша Өкілі (Омбудсман);
- Адам құқы бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығы;
- Өзбекстан Республикасы Президентінің құзырындағы Қолданыстағы заң құжаттар мониторингі институты;
- Өзбекстан Республикасы Президентінің құзырындағы Кәсіпкерлік субъектілердің құқы мен заңды мүддесін қорғау бойынша өкілі институты кіреді.

## ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫ

Азаматтығы жоқ тұлғалар — ешқайсы мемлекеттің азаматы статусына ие болмаған жеке тұлғалар (апатрид) дейіледі. Азаматтығы жоқ тұлғалар толық құқықты азамат саналмаса да, бұл тұлғалар оларды қабылдаған мемлекеттің қолданыстағы заңдарына мойынсұнуы шарт. Азаматтығы жоқ тұлғалар барша адам құқына ие, бірақ толық құқылы азаматтардың негізгі жеңілдіктеріне ие емес. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 22-бабында Өзбекстан Республикасы өзінің аумағында да одан тыс жерде де өзінің азаматтарын құқықтық тұрғыдан қорғау және оларға демеушілік көрсетуі кепілденген.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 23-бабына сәйкес Өзбекстан Республикасы аумағындағы шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқы мен еркіндігі халықаралық құқық нормаларына сәйкес қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар олар Өзбекстан Республикасының Конституциясы, заңдары және халықаралық келісімшарттарымен белгіленген борыштарды орындайды.



### Білімінді сына!

1. Адам құқы жалпыәлемдік декларациясы қашан қабылданған және оның мәні неде?
2. Адам құқы жалпыәлемдік декларациясы негізінде қандай құқықтар жасалған?
3. Адам құқықтары бойынша қандай құжаттар Еуропа кеңесінде жетекші саналады?
4. Еуропа комиссиясы және Еуропа соты қандай мақсатта құрылған?
5. Өзбекстан Республикасының адам құқы және еркіндігі бойынша ішкі мемлекеттік механизмі буындарын ата.
6. Өзбекстан Республикасындағы Адам құқын қорғау бойынша қандай қосымша ұлттық мекемелерді білесің?
7. Шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар қандай құқық және міндеттерге ие?

## II БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

### 6-§. МЕМЛЕКЕТТЕГІ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ



### ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – МЕМЛЕКЕТТИҢ БАСТЫ ЗАҢЫ

Конституция әрбір мемлекеттің басты заңы саналады. Оның нормалары мемлекет құрылысын, басқаруын, ұйымдастыру қағидаттырын және тұлға-қоғам-мемлекет қатынастарын реттейді.

Конституцияда бекітілген ережелер заңды негізді құрайды, соған сүйене отырып құқықтың басқа барлық тармақтары – азаматтық, қаржы, қылмыстық, еңбек, тағы басқалардың нормалары жаратылады. Барлық нормативтік-құқықтық құжат (заңдар, жарлықтар, қаулылар, тағы басқа-

лар) Конституцияға негізделеді. Ол барлық заң құжаттарының негізгі дереккөзі саналады.

Конституцияда енгізілген барлық заңдар үшін негізді құрайтын идеялар мен ережелер нығайтылған. Әрбір мемлекеттің құқықтық жүйесінде Конституцияның үстемдігі осымен белгіленеді.

Конституцияның жетекші орны осы мемлекеттің азаматтарымен қатар мемлекеттің өзі де оған мойынсұнуға мәжбүр. Құқық және мемлекеттің тек осындай байланыстарында қоғамда Конституция және заңдардың іс жүзіндік орындалуы қамтамасыз етіледі.



### **1-тапсырма.**

Сен күнімен заңмен неше рет бетпе-бет келетінін бақыла. Кейін әрбір заңның әсерін талқыла. Олар әрбірің үшін қаншалықты пайдалы екенін түсіндір.

Адам өмір бойы заңға тікелей байланысты болады. Адам ұшақпен ұшқанда, үй сатып алғанда, машина жүргізгенде, үйленгенде, оқығанда немесе жұмыс істегенде – осы сияқты көп жағдайларда заңға ісі түседі.



**Құқық** – мемлекет тарапынан орнатылған және қорғалатын барша үшін міндетті болған ақылақ ережелерінің жүйесі.



### **2-тапсырма.**

«Қоян» болып (билетсіз) келе жатқан жолаушыны, біреуді ұрып-соғып жатқан бұзақыны немесе бағдаршамның өшіп-жануына мән бермей келе жатқан жүргізушіні көз алдыңа келтір. Аталған жағдайлардың барлығында адамдар түрлі әрекет жасайды, бірақ олардың барлығы белгілі бір құқықтық салдарға байланысты.

**Жоғарыдағы жағдайлардағы құқықбұзушылықтардың қандай салдары болатынын анықта.**



### 3-тапсырма.

#### 1. Халық мақалдары мен құқықтық нормалар арасында қандай нормалар бар деп ойлайсың?

- «Біреуге ор қазба өзің түсесің».
- «Зорлықтың түбі қорлық».
- «Басқа пәле тілден».
- «Аш қарным тыныш құлағым».
- «Бағым өз қолымда».
- «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер».
- «Ұят өлімнен күшті».
- «Адамда жақсы қасиет болмаса оған бақ та, бақыт та қонбайды».
- «Жаманмен жүрсең қаларсың ұятқа, жақсымен жүрсең жетерсің мұратқа».

#### 2. Барлық әлеуметтік нормалар үшін қандай белгі ортақ саналады? Құқық адамдардың іс-әрекетіне қалай әсер етеді?



**Құқықтық мемлекет** – құқық және заңның үстемдігі мен сот тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, адам құқы мен еркіндігі кепілденетін, мемлекет билігінің жүйесі – заң шығарушы, атқаратын және сот билігіне бөліну қағидаттары негізінде жүзеге асырылатын мемлекет.



### Біліміңді сына!

1. Құқық түсінігіне сипаттама бер.
2. Құқық нормалары адамдардың арасында жалпы қабылданған қандай қатынастарды реттейді.
3. Жалпыадамилық құндылықтар мен өзара қатынастардың нормалары құқықта қалай бейнеленіп, нығайтылады?
4. Не үшін құқық адамды өз еркіндігін шектеуге мәжбүрлейді?
5. «Құқықтық мемлекет» түсінігіне сипаттама бер.

## 7-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ



### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚҰРАМЫ

Конституциялық құқық саласы әрбір мемлекеттің ұлттық құқық саласының құрамдық бөлігі, мемлекет пен қоғам өмірінің құнды сипаттары негізгі әлеуметтік қатынастар жүйесі саналады. Осы әлеуметтік қатынастар өз кезегінде қоғам өмірінің саяси, әлеуметтік, мәдени және рухани салаларында бейнеленеді.

Сонымен қатар осы әлеуметтік қатынастар іс жүзінде қоғам өмірін реттеу, мемлекеттік билікті жүзеге асыру, басқа әлеуметтік биліктердің статусын белгілеу, сондай-ақ адам және азаматтардың құқы, еркіндігі және борышымен тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда адам, азамат, қоғам және мемлекет өмірімен байланысты ең негізгі әлеуметтік қатынас-

тар жүйесі конституциялық құқықтың негізі саналады және осы қатынастар астарында конституциялық құрылымның негіздері пайда болып, қалыптасады және дамиды.

Еліміздің ұлттық құқық жүйесі Өзбекстан Республикасының конституциялық құрылым деп кең мағынада конституция және заңдар негізінде құрылған, жалпыадамилық құндылықтар үстем деп табылған халқымыздың өмір сүру салты түсініледі.

Конституция мен заңдардың үстемдігі, оларда адам құқы және еркіндігінің ең жоғары құндылық ретінде нығайтылуы, халықаралық құқықтың жалпы аталған нормалардың мойындалуы сияқты ережелер бүгінде конституционализмнің негізі ретінде қаралуда.

Конституциялық құқық ұлттық құқық жүйесінде көптеген құқық тармақтарының бірі саналады. Бірақ құқық пәнінде «конституциялық құқық» ұғымы түрліше қолданылатынын айту керек. Біріншіден, бұл құқықтың нақты бір тармағы, оған «конституциялық құқық» құқықтың көптеген әртүрлі тармақтарының бірі ретінде қатысады. Екіншіден, бұл ұғым «конституциялық құқықтың» заңды пән құрамдық бөлігі ретіндегі мазмұнын ашып береді. Үшіншіден, бұл ұғым дегенде білім беру мекемелерінде оқытылатын оқу предметін түсінеміз.

Құқықтың тармағы ретінде конституциялық құқық қоғамдық қатынастарды реттейді. Пән ретінде мемлекеттік құрылысты, тұлға және азаматтардың құқықтық статусын, мемлекеттің қызметін, құрылымы мен тағы басқаларды зерттейді. Ал оқу предметі ретінде ағартушылық міндетін атқарады және саладағы жинақталған білімдерді насихаттайды.

## **КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР**

Конституциялық құрылымның мән-мазмұнын анықтауда конституциямен орнатылған қағидаттардың маңызы салмақты. Конституциялық құқық жүйесінің негізі саналған қағидаттардың маңызы, алдымен олардың мән-мазмұнында жалпыадамилық құндылықтардың жатқаны, ха-



лықаралық жалпымойындалған ережелердің үстемдігі негізінде жаратылғанымен және олар өз кезегінде ұлттық құқық жүйесінің іргетасы болып қызмет етуімен өрнектеледі.

Конституциялық қағидаттардың маңыздылығы осы қағидаттар тұлға, қоғам мен мемлекет қатынастарының үстем бағыттарын, ең маңызды жақтарын өзінде бейнелейді. Бір ғана «мемлекеттік құрылым» немесе «конституциялық құрылым» деп бейнеленетін конституциялық ұғымдарды қолдануда қайсы мүдде алға тартылып жатқанын аңғару қиын емес. Егер «мемлекеттік құрылым» түсінігінің астарында мемлекет мүддесі немесе мемлекеттік биліктің үстемдігі сияқты идеялар жинақталған болса, конституциялық ұғым түсінігі негізінен конституциялық ережелердің үстемдігін яғни конституция қағидаттарының іс жүзіндік бейнесін көрсетеді және сол арқылы конституциялық құқықтық қатынастар қорғалып жатқанын көбірек аңғартады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы нақты жасалған құрылымымен ерекшеленеді. Оның құрамдық бөлімдеріне кіріспе, 6 бөлім, 26 тарау, 128 бап кіреді. Конституциямыздың кіріспесі – алғы сөзінде Өзбекстан халқы адам құқы мен мемлекет егемендігі идеяларына адалдығын салтанатты түрде жариялап, адамгершілік демократиялық құқықтық мемлекет құру міндетін көздейтіні көрсетілген.

Бірінші бөлім нормаларында мемлекет егемендігі, халық билігі, конституция және заңның үстемдігі, сыртқы саясат негізгі қағидаты ретінде айтылады.

Екінші бөлім нормалары адам және азаматтардың басты құқын, еркіндігі мен борышын реттейді.

Үшінші бөлім нормалары қоғам тұлға қатынастарының сипаттарын ашып береді.

Төртінші бөлім нормалары мемлекетіміздің әкімшілік аумақтық және мемлекеттік құрылымын белгілейді.

Мемлекет билігінің құрылуын бесінші бөлімнің нормалары реттейді.

Конституцияға өзгерту енгізу тәртібі алтыншы бөлім нормаларында көрсетіледі.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

Әрбір мемлекетте құқық пен тәртіп конституциялық құрылымның кепілі болып қызмет етеді. Шынтуайтында да бұл екі түсінік бір-бірінің болуын талап етеді. Конституциялық құрылымның құрамынан құқық-тәртіп те орын иелейді және өз орнында конституциялық құрылымның қолданылуын қамтамасыз етеді.



Мемлекет азаматтардың Конституция және заңдарда бекітілген құқы мен еркіндігін қамтамасыз етеді.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 43-бап***



Әрбір тұлғаға өз құқық және еркіндігін сот арқылы қорғау, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктердің заңсыз іс-әрекеттеріне сотқа арыздану құқы кепілденеді.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 44-бап***

Конституциялық құрылымның қорғалуы мен тұрақтылығы мемлекеттік билік қағидатының нәтижелі жолға қойылуымен тікелей байланысты. Мемлекеттік билік өз қызметін ашық, халықты хабардар ету жолымен жүзеге асыруы шарт.



Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқы мен заңды мүддесінің сақталуын қамтамасыз етеді, оларға әлеуметтік өмірге қатысу үшін тең құқылы мүмкіндік жаратып береді.

Мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалардың қоғамдық бірлестіктер қызметіне араласуына, сонымен қатар қоғамдық бірлестіктердің мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалардың қызметіне араласуға жол бермейді.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 58-бап***



### Тапсырма.

Алған біліңді пайдаланып, мына белгілер бойынша шағын әңгіме құрастыр.



Құлдықтан қорғау.



Ауыр еңбектен қорғау.



Аяусыздықтан қорғау.



Назар, мейарам алу құқы.



Тандау құқы.



Үлкендермен бір-біріне камқорлық жасау.



Әлемдегі барша адам тең құқылы.



Тұрғын үй, демалу, тамақтану құқы.



Қорланудан қорғау.




Ата-анадан айырудан қорғау.



### Білімді сына!

1. Конституциялық құқық қандай мағыналарда қолданылады?
2. Конституциялық құқық пән ретінде қандай қызмет атқарады?
3. Оқу предметі ретінде конституциялық құқық қандай міндеттерді атқарады?
4. Конституциялық құқықтың басқа құқық тармақтарының арасындағы жетекші орны неде?
5. Конституциямыз алғы сөзінің негізгі мақсатын айт.
6. Конституцияның нормалары мемлекетімізде құқықтық тәртіпті қалай белгілейді?

## 8-§. АДАМИЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІ



### ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНДА АДАМ ҚҰҚЫ МЕН ЕРКІНДІГІНІҢ БЕЛГІЛЕНУІ

Конституция азаматтардың, олар қай жерде болуынан тыс тарапынан кепілденген мемлекеттің қорғауында екенін растайды. Бұдан тыс Ата заңда қоғам өмірінің қызметі салаларын ескеріп, құқық және еркіндіктер бөліп берілген.

Тұлға мен мемлекет қатынастары әрбір ұлттық құқықтық жүйесі ғана емес, халықаралық құқықтың да ең маңызды нысаны саналады, осы қатынастарды адамгершілік өлшемдері негізінде ұйымдастыру әрбір қоғам мен мемлекеттің міндетіне үлкен жауапкершілік жүктейді.



**Адамгершілік қағидаты** республикамыздағы барша азаматтар жалпы негізде тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттерге ие болатынын білдіреді.

Конституциямыз адамның еркіндігі мен жеке дербестік құқын қатаң белгілеп қана қоймай, оның ар-намысын, абыройын да қорғайды.

Азаматтардың құқы мен еркіндігін қамтамасыз етуі мемлекеттің гүлдеп-жайнауына жағдай жаратады және демократиялық мемлекет құрылысының кепілі болып қызмет етеді. Конституция адам құқы мен еркіндігінің бүкіл жүйесінің іргетасы.



Өзбекстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 августегі Жарлығына сәйкес 2008 жылдың 1 январынан бастап елімізде қылмыстық жазаны өлімге үкім ету түрі жойылды.

Өзбекстан Республикасы Конституциясы халықаралық қауымдастық мойындаған адамилық қағидаттарына орай тұрмыс деңгейін жақсартуға қызмет етіп, адам құқы мен еркіндігінің үстемдігін қамтамасыз етуде. Ал бұл халықаралық құқықтың жалпы мойындалған, бүкіл әлем деңгейінде тән алынған барлық маңызды ережелер мен қағидаттарына толық сай келеді.

## **ХАЛЫҚ БИЛІГІ**

Өзбекстан Республикасы Конституциясына сәйкес халық мемлекет билігінің бірде бір дереккөзі. Демос (грекше) – халық, кратос – басқару деген мағынаны білдіреді. Демек, демократия – халықтың қалауын өзінде бейнелейді. Демократия – адамның мемлекет істерін шешуде жасырынды түрде дауыс беру арқылы немесе басқа формада тікелей қатысуы. Өкілдік демократия деп адамның мемлекеттік істерін шешуге өзі сайлаған өкілдері, яғни депутаттар арқылы қатысуына айтылады. Сондықтан да Өзбекстан халқының атынан тек ол сайлаған Республика Олий Мажлисі және Президент жұмыс жүргізуге құқылы.

Тікелей демократия формалары халық егемендігінің нақты бейнесі ретінде алаңға шығады. Мемлекет пен басқа әлеуметтік биліктер жанама

формада, яғни көріністе халықтың жігерленуіне қызмет етсе, тікелей демократия формалары, яғни референдум мен халық талқылауы сияқты саяси шаралар халық билігінің негізі саналады.



Халық мемлекеттік биліктің бірде бір дерек көзі.

Өзбекстан Республикасында мемлекеттік билік халықтың мүддесін көздеп және Өзбекстан Республикасы Конституциясы және соның негізінде қабылданған заңдар өкілет берген кеңселер тарапынан жүзеге асырылады.

Конституцияда көзделмеген тәртіппен мемлекеттік билік өкілеттерін игеру, билік органдарының қызметін тоқтату немесе тарату, биліктің жаңа және баламалы тәртіптерін түзу конституцияға қайшы саналады және заң бойынша жауапкерлікке тартуға негіз болады.

***Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 7-бап***

Өзбекстан Республикасы мемлекет билігінің қызметі адам құқын қорғау, қамтамасыз ету мен кепілдеуден тұрады, мазмұн жағынан жаңа конституциялық құрылым жарату барысында жүзеге асырылған барлық реформалардың астарында «Реформалар – реформа үшін емес, алдымен адам үшін, оның мүддесі үшін» деген өміршең ұран бар. Өзбекстан Республикасының Конституциясында бекітілген нормалар жоғарыда айтылған міндеттерді орындау үшін негіз болады.

## **АЗАМАТТАРДЫҢ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

Азаматтардың құқы мен еркіндігі жүйесінде саяси құқықтар ерекше орын иелейді, себебі мұндай құқық азаматтардың мемлекетті және қоғам жұмыстарын басқаруға қатысуымен байланысты.

Саяси құқық пен еркіндік дегенде адамдардың тікелей саяси мүддесіне тиісті құқықтарды түсінеміз. Саяси құқық тұлғаның саяси үдеріс және мемлекет билігін жүзеге асыруға қатысу мүмкіндігін білдіреді. Саяси құқық және еркіндік адамның мемлекет азаматтығына ие болумен байланысты. Саяси құқық тікелей азаматтықпен байланысты саналады. Азаматтардың мемлекет істерін басқаруда, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау жолымен қалыптастыруға қатысу құқы ең маңызды саяси құқықтардың бірі саналады.

Азаматтардың мемлекет және қоғам істерін басқаруда қатысу құқы демократиялық құқықтық мемлекеттің маңызды қағидаттарының бірі. Конституцияда халықтың мемлекет пен қоғам істерін басқаруға қатысуын жүзеге асыру формалары бейнеленген. Өзбекстан азаматтары жоғары және жергілікті өкілдік органдарға сайлайтын өз өкілдері арқылы мемлекеттік билікті басқаруға қатысады. Өзбекстан Республикасының Конституциясында азаматтарға саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге бірігу құқын Конституция және заңдарға қайшы келмеген жағдайларда жүзеге асыру мүмкіндігі белгіленген. Өкілетті органдарға арыз, ұсыныс және шағымдармен шығу – бұл азаматтардың мемлекет пен қоғам істерін басқаруға қатысудың іс жүзіндік формаларының бірі болып, бұл құқық – азаматтардың саяси белсенділік көрсетуі, сонымен қатар өздерінің құқын қорғаудың маңызды құралының бірі.



Азаматтардың өтініштері мазмұнына орай үш формада болады:

- ұсыныс;
- арыз;
- шағым.

Азаматтардың өтініштері, қандай формада, яғни арыз, шағым немесе ұсыныс формасында болуынан тыс, олар ресмилендіріледі.

## **АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БОРЫШ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

Өзбекстан Республикасының Конституциясы тек азаматтардың негізгі құқы мен еркіндігін ғана емес, олардың борышын да белгілейді.

Әлеуметтік өмірде адам толық абсолютті еркіндікті пайдалана алмайды. Өйткені қоғамда өмір сүрген адамның айналасындағылармен санаспауға лажы жоқ. Басқа тұлғалардың мүддесіне қайшы келетін еркіндік осы тұлғаларға белгілі бір зиянын тигізеді. Сондықтан Өзбекстан Республикасы Конституциясының 20-бабында: «Азаматтар өз құқы мен еркіндігін жүзеге асыруда басқа тұлғалардың, мемлекет пен қоғамның заңды мүддесіне, құқы мен еркіндігіне зиян тигізбеуі шарт» екені ерекше айтылған. «Барлық азаматтар Конституцияда белгіленген борыштарды орындайды» дейледі Ата Заңның 47-бабында.



### 1-тапсырма.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының Азаматтардың міндеті туралы баптарды зейінмен оқы және неге осы міндеттер конституцияға енгізілгені туралы қорытынды шығар.



**48-бап.** Азаматтар Конституция және заңдарға мойынсұнуға, басқа адамдардың құқы мен еркіндігін, абырой-беделі мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**49-бап.** Азаматтар Өзбекстан халқының тарихи, рухани және мәдени мұрасын көз қарашығындай сақтауға міндетті. Мәдениет жәдігерліктері мемлекет қорғауында.

**50-бап.** Азаматтар қоршаған табиғи ортаға сақтық пен қарым-қатынаста болуға міндетті.

**51-бап.** Азаматтар заңмен белгіленген салықтар мен жергілікті жиындарды төлеуге міндетті.

*Өзбекстан Республикасының Конституциясы.*



### 2-тапсырма.

Конституцияның 19-бабы іс-жүзінде қалай орындалып жатқанын мысалдармен көрсет:

«Өзбекстан Республикасының азаматы және мемлекет бір-біріне қатысты болған құқық және борыштарымен өзара байланысты. Азаматтардың Конституция және заңдарда бекітілген құқы мен еркіндігіне қол сұғуға болмайды, олардан соттың қаулысынсыз мақұм етуге немесе оларды шектеуге ешкімнің ақысы жоқ».



### Білімінді сына!

1. «Мемлекетте адам ең жоғары құндылық» дегенді қалай түсінесің?
2. Құқықтық норма неге қызмет етеді?
3. Құқық қандай міндетті атқарады?
4. Тұлғаның конституциялық статусы негіздерін қандай қағидаттар құрайды?
5. Азаматтардың конституциялық міндеттерін сана.



## III БӨЛІМ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ



### 9-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Әкімшілік құқық жүйесі дегенде оның мемлекет басқаруы үдерісінде пайда болатын қатынастармен объективті белгіленген ішкі құрылымын, әкімшілік-құқықтық нормалардың белгілі жүйеде бірігуі мен орналасуын түсіну керек.

Әкімшілік құқық жүйесі – әкімшілік құқық нормалары мен институттарын біріктіреді.

Әкімшілік құқық төмендегі қатынастарды реттейді:

- ұйымдастыру тұрғысынан бірі екіншісіне мойынсұнатын мемлекеттік органдар (Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті, министрліктер, комитеттер, әкімдіктер);
- бір-біріне бағынбайтын мемлекеттік кеңселер (екі министрлік, екі әкімдік);
- мемлекеттік кеңсе органдары және оларға бағынатын кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың арасындағы қатынастар;
- мемлекеттік кеңсе органдары және бірлестіктері арасындағы қатынастар;
- мемлекеттік кеңсе органдары және азаматтар арасындағы қатынастар.



**Әкімшілік құқық** – құқық жүйесінің тәуелсіз тармағы ретінде мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мен жүзеге асыру үдерісінде болатын әлеуметтік қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жинағынан тұрады.

Әкімшілік құқық нормалары сан алуан, оларда өмірдегі іс-әрекеттер, табиғатты қорғау, суды пайдалану нормалары, өрттен сақтану ережелері, транспорт қауіпсіздік нормаларымен басқа да көптеген нормалар кіреді. Бұл ережелердің барлығы қатаң сақталуы шарт.

№	Қағида	Мазмұны
1.	<b>Зандылық</b>	Мемлекет, оның кеңселері, лауазымды тұлғалар, азаматтардың қоғамдық бірлестіктері өз қызметін Конституция және заңдарға сәйкес жүзеге асыруы керек.
2.	<b>Азаматтардың заң алдындағы тең құқықтығы</b>	Өзбекстан Республикасының барлық азаматтары бірдей құқыққа және еркіндікке ие, сондай-ақ заң алдында тең құқылы.
3.	<b>Демократия</b>	Азаматтардың қоғам мен мемлекет істерін басқаруға қатысу мүмкіндіктері мен құқын аңғартады.
4.	<b>Гуманизм (адамгершілік)</b>	Адамның ең жоғары қадірін мойындау мен оның абырой-беделін, сондай-ақ құқы мен еркіндігінің дербестігін құрметтеу.
5.	<b>Әділет</b>	Адамға, оның жынысы, нәсілі, ұлты және әлеуметтік тегінен тыс, бейтарап және өтеусіз қатынаста болу.
6.	<b>Айыбы үшін жауапкерліктің бар екені</b>	Әкімшілік заңбұзушылық жасаған тұлға жауапкерлікке тартылады.

Әкімшілік құқық дерек көздерінің қатарына:

- Өзбекстан Республикасының Конституциясы;
- Конституциялық заңдар;

- Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси палаталарының қаулылары;
- Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен қаулылары;
- Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен кеңселердің нұсқаулары, ережелері;
- жергілікті мемлекеттік билік органдарының қаулылары енеді.

## **ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІ**

Әкімшілік құқық әлеуметтік саланың түрлі бөлімдерін реттейтін мемлекеттік үкімет органдарының қызметімен тығыз байланысты. Қоғам өмірі басқаруға мұқтаж, өйткені өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да, мәдениет пен ағарту да өздігінен дамымайды.



Президент, мемлекет басқаруы органдарының қызметкерлері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, 16 жасқа толған Өзбекстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, қоғамдық бірлестіктері әкімшілік құқық субъектілері саналады.

Мемлекеттік биліктің жоғары кеңсесі – Олий Мажлис қандай заң қабылдаса да (әскери міндет, білім беру жүйесін реформалау, біріккен кәсіпорындар, жал, аналық пен балалықты қорғау, тағы сол сияқты), олардың әрбірі орындалуы керек. Мемлекет басқаруының жергілікті және орталық кеңселері мұның үшін жағдай жаратады. Мемлекет басқаруының

орталық кеңселеріне Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті, Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі, Өзбекстан Республикасы және Қарақалпақстан Республикасының министрліктері, Мемлекеттік комитеттер кіреді.

Олардың әрбірі экономиканың, мәдениеттің ерекше тармақтарын басқарады. Ішкі істер министрлігі, мысалы, мемлекетте құқық-тәртіпті қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді шешеді, ал Халыққа білім беру министрлігі білім мекемелерінің қызметіне басшылық жасайды, тағы сол сияқтылар.



Жергілікті билік кеңселеріне әкім басшылығындағы әкімдіктер енеді, олар облыс, қала немесе ауданда атқару және өкім шығару әкімдігі болып, күнделікті жедел істерді орындайды.

Әлеуметтік мәселелерді шешуге қоғамдық ұйымдар да қатысады. Жергілікті мәселелерді шешуде өзін-өзі басқаратын жергілікті кеңселер, мысалы, азаматтар жиындары мен ақсақалдар, кәсіподақ ұйымдары комитеттері және тағы басқалар да үлкен маңызға ие. Олар өз міндетін еріктілік негізінде орындайды. Қоғамдық ұйымдардың қаулылары тек осы ұйымға енетін азаматтар үшін міндетті.



### **1-тапсырма.**

Өзің жасайтын махалла комитетінің қызметімен танысып, олардың жұмыс істеуі туралы хабар даярла. Олар немен айналысады? Олардың қоғам өміріндегі рөлі қандай?



## **2-тапсырма.**

**Мына жағдайлардың шешімін тап.**

### **1-жағдай.**

Ұлықбек: – Мен жақында 18 жасқа толамын, мені әскери қызметке шықыруы мүмкін. Мен медициналық институтқа оқуға кірмекшімін. Жоғары оқу орындарының студенттері үшін әскери қызметке шақырылу мерзімі кейінге қалдырыла ма?

**Қайсы кеңсе Ұлықбекке мерзімді әскери қызметке шақыру тәртібін дұрыс түсіндіріп бере алады?**

### **2-жағдай.**

Сәуле, 18 жаста: – Менің Германияда құрбым бар. Мен оны Өзбекстанға қонаққа шақырмақшы едім, бірақ шақыруды қалай ресмилендіруді білмеймін. Маған қай жерде көмек берілуі мүмкін?

**Ол кеңес алу үшін мемлекеттік басқарудың қайсы кеңсесіне өтініш жасауы керек?**



### **Білімді сына!**

1. Әкімшілік құқықтың негізгі міндетін айт.
2. Әкімшілік құқық субъектілерін сана.
3. Әкімшілік құқық қоғамдық қатынастарды реттеуде қайсы қағидаттарды ұстанады?
4. Қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік мәселелерді шешудегі орны қандай?

## **10-§. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРЛІК**

### **ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ**

Құқықтану пәнінде жазаның сөзсіз болатыны айтылған. Бұл әрқандай заң бұзушылық құқықтық жауапкерлікпен байланысты екенін аңғартады. Сондықтан да құқықтың әрбір саласы, атап айтқанда әкімшілік құқық та белгіленген ережелерді бұзғаны үшін заңды жауапкерлік шараларын көздейді.

Құқықтық жауапкерліктің мақсаты тек заңбұзушылықты ескерту мен алдын алудан ғана емес, сонымен қатар адамды тәрбиелеу, оны өзінің заңсыз іс-әрекеттері қаупін түсінуге көмек беруден тұрады.



Әкімшілік жауапкерлік туралы кодекс ережелері осы Кодекске енгізілмеген заң құжаттарында жасағаны үшін жауапкерлікке тарту көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтарға да тиісті.

### **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРЛІК ТУРАЛЫ КОДЕКСІ**

Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкерлік туралы кодексі Өзбекстан Республикасының 1994 жылғы 22 сентябрьдегі Заңымен бекітілген. Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 22

сентябрьдегі Қаулысымен 1995 жылғы 1 апрельден енгізілген. Қазіргі күнде оған көптеген өзгертулер енгізілген.

Әкімшілік жауапкерлік туралы заң құжаттары адам және қоғам дамуы жолында азаматтардың құқы мен еркіндігін, мүлікті, мемлекет пен қоғамдық тәртіпті, табиғи ортаны қорғау, әлеуметтік әділет пен заңдылықты қамтамасыз ету, әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істердің дер кезінде және объективті қарауды, сонымен қатар мұндай заңбұзушылықтардың алдын алуды, азаматтарды Өзбекстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына мойынсұну рухында тәрбиелеуді өз алдына міндет етіп қояды.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы кодекс қандай әрекет немесе әрекетсіздік әкімшілік құқықбұзушылық саналатынын, әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғаға қайсы орган (лауазымды тұлға) тарапынан қандай тәртіппен әкімшілік жаза қолданылатынын және орындалатынын белгілейді.





**Әкімшілік мәжбүрлеу** – әкімшілік билікті жүзеге асыру бойынша арнаулы өкілеттерге ие болған атқару органдары (лауазымды тұлғалар) тарапынан ұйымдастыру, жеке және психологиялық әсер ету. Әсер ету құқықтық тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Әкімшілік мәжбүрлеу жеке тұлғаларға ғана емес ұйымдарға да қолданылады.



**Әкімшілік өрескел әрекеттер** – бұл мемлекет немесе қоғамдық тәртіпке, мүлікке, азаматтардың құқық және еркіндігіне, басқарудың белгіленген тәртібіне қысым жасайтын құқыққа қайшы, айыпты (қастандық жасап немесе ықтиятсыздықтан жасалған) әрекет немесе әрекетсіздік саналып, мұндай қылмыстарды жасағаны үшін заңда әкімшілік жауапкерлік көзделген.



### **Біліміңді сына!**

1. Қалай ойлайсың, заңды жауапкерлік белгіленіп жатқанда заң шығарушылар қандай негізгі мақсатты көздейді?
2. Жазаның сөзсіз болатын қағидатының мәні неде?
3. Әкімшілік жауапкерлік туралы заң құжаттарының негізгі мақсатын айт.
4. Қандай әрекеттер әкімшілік заңбұзушылық (өрескел әрекет) болады?
5. Әкімшілік құқықбұзушылық және әкімшілік мәжбүрлеудің құқықтық түсініктеріне сипаттама бер.



## 11-§. ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

### ӘКІМШІЛІК ЖАЗАНЫ АНЫҚТАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін төмендегі әкімшілік жаза шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) айып пұл;
- 2) әкімшілік құқықбұзушылық жасау құралы саналған немесе тікелей осындай жағдай болған айғақты ақы төлеу шартымен алып қою;
- 3) әкімшілік құқықбұзушылық жасау құралы саналған немесе тікелей осындай жағдай болған айғақты тәркілеу;
- 4) белгілі тұлғаны оған берілген арнайы құқықтан (транспортты басқару құқынан, аң аулау құқынан) айыру;
- 5) әкімшілік қамауға алу;
- 6) шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды Өзбекстан Республикасының аумағынан әкімшілік түрде шығарып жіберу.

Осы баптың бірінші бөлімінің 2-6-пункттерінде айтылған әкімшілік жаза шаралары тек Өзбекстан Республикасының заңдарымен белгіленуі мүмкін.

Әкімшілік қамауға алу 3 тәуліктен 15 тәулікке дейін, ал төтенше жағдай тәртібінде қоғамдық тәртіпке қатер төндіргені үшін – отыз тәулік мерзімде қолданылады.



**Әкімшілік жаза** – әкімшілік құқықбұзушылық үшін жауапқа тарту шарасы саналады. Ол әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғаны заңдарға мойынсұну рухында тәрбиелеу, сонымен қатар осы құқықбұзушының өзі тарапынан да басқа тұлғалар тарапынан да жаңа құқықбұзушылық жасалуының алдын алу мақсатында қолданылады.



### **1-тапсырма.**

**Сен қалай ойлайсың не үшін төмендегі ережебұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкерлік белгіленеді:**

- метрополитенді пайдалану ережелері;
- қоғамдық транспортты пайдалану ережелері;
- транспорт қондырғысы жүргізушісінің темір жолды кесіп өту ережелері;
- қалалар мен басқа да мекенжайларда ит, мысық бағудың ережелері;
- орманда өрт қауіпсіздігі ережелері;
- тарих пен мәдениет жәдігерліктерін қорғау мен оларды пайдалану ережелері;
- ата-аналардың балаларға тәлім-тәрбие беру барысындағы борыштары;
- жазулардың сыр сақталуы туралы ережелерді;
- азаматтардың тұрғын үйлерінің дербестігі ережелері?

### **Әкімшілік жазаның мақсаты:**

- әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғаны заңдарға мойынсұну және оларды құрметтеу рухында тәрбиелеу;
- осы заңбұзушының өзі және басқа тұлға тарапынан да жаңа заңбұзушылық жасауының алдын алу.

## **АЙЫППҮЛ САЛУ, ЗАТТЫ АЛЫП ҚОЮ (ТӘРКІЛЕУ), АРНАЙЫ ЖЕҢІЛДІКТЕРДЕН (ҚҰҚЫҚТАР) АЙЫРУ ТӘРТІБІ**

Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкерлік туралы кодексінің 332-бабына сәйкес айыппұл құқықбұзушы тарапынан оған айыппұл салу туралы қаулы тапсырылған күннен бастап он бес күннен кешіктірілмей, мұндай қаулы жөнінде шағым берілген немесе протест біл-

дірілген жағдайда – шағым немесе протест қанағаттандырылмағаны туралы хабар берілген күннен бастап он бес күннен кешіктірмей төленуі шарт.

Арнайы автоматтандырылған фото және видеоны тіркеу техника қондырғылары арқылы тіркелген жол ережесі ережелерін бұзғаны үшін салынған айыппұлды құқықбұзушы айыппұл салу туралы қаулы шығарылған күннен бастап алпыс күннен кешіктірмей, мұндай қаулы туралы шағым берілген немесе протест білдірілген жағдайда, шағым немесе протест қанағаттандырылмағаны туралы хабар берілген күннен бастап отыз күннен кешіктірмей төлеуі шарт.

Он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі тұлғалардың тәуелсіз жа-лақысы болмаған жағдайда айыппұл олардың ата-анасы немесе олардың орнын басатын тұлғалардан өндіріледі.

Әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін салынған айыппұл-ды құқықбұзушы тиісті банк мекемесіне төлейді, құқықбұзушылық жа-салған жердің өзінде өндірілетін айыппұл бұдан тыс.

Әкімшілік құқықбұзушылық жасау құралы немесе тікелей осыған байланысты айғақ затты тәркілеу туралы қаулы Өзбекстан Республикасы Бас прокуратурасы құзырындағы мәжбүрлі орындау бюросы органдары-ның сот орындаушылары тарапынан жүзеге асырылады.

Транспорт қондырғыларының жүргізушілері мен аң аулау ережелерін бұзған тұлғалар арнайы құқықтан айыру туралы қаулы шығарылған күн-нен бастап осындай құқықтан айырылған деп саналады.



## ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ:

- әкімшілік істер бойынша соттар;
- аудан орталығынан алыста орналасқан қалашық, ауыл және ауылдық азаматтардың өзін-өзі басқару кеңселерінің жанындағы әкімшілік комиссиялар;
- кәмелетке толмағандардың ісімен айналысатын аудандық (қалалық) комиссиялар;
- ішкі істер кеңселері;
- Қорғаныс министрлігінің кеңселері;
- мемлекеттік өрт қауіпсіздігін бақылау кеңселері және тағы басқалар қарайды.



### 2-тапсырма.

Төмендегі әрекеттерді қарап, олардан қайсысы орынсыз әрекет, қайсысы қылмыс екенін анықта:

1. Жасөспірім пойыз жақындап қалғанда темір жолға екі тормоз баспағын қойды.
2. Екі жасөспірім өтіп жатқан пойыздың терезелеріне тас лақтырды.
3. Жасөспірім мектептің шеберханасынан жеке бұйымдарды ұрлады.
4. Мектеп оқушылары үйдің қабырғасына бояу жағып тастады және терезені сындырды.
5. Жылдамдықты асырып келе жатқан азамат А. адамды көре тұра соғып кетті және оған көмектеспей апат орнынан қашып кетті.



### Білімінді сына!

1. Әкімшілік құқық қандай қатынастарды реттейді?
2. Осы құқық саласымен қайсы қағидаттар бірігеді?
3. Сен мемлекет басқаруының қандай орталық және жергілікті кеңселерін білесің?
4. Әкімдік құқықбұзушылықтың маңызын түсіндір.
5. Орынсыз әрекет қылмыстан несімен ерекшеленеді?
6. Әкімшілік кодексте жазалардың қайсы түрлері көзделген?

## IV БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ



### 12-§. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

#### ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Өзбекстанда азаматтардың құқық қатынастарын мемлекеттік Ата заң – Конституция, сонымен қатар 1997 жылғы 1 марттан іс жүзіне енгізілген Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі реттейді.

Біз күнде түрлі мүлік көрінісіндегі құқық қатынастарын жасаймыз: дүкендерде сауда жасаймыз, сыйлықтар аламыз, қоғамдық транспортты пайдаланамыз, тағы сол сияқтылар. Әлеуметтік қатынастардың аталмыш барлық категорияларын тауар-ақша формасы біріктіреді: біз тауар немесе қызмет үшін белгіленбеген мөлшерде ақша төлейміз. Мұндай әлеуметтік қатынастар азаматтық құқықпен реттеледі.



Азаматтық құқық дегенде құқықтың нормалары мүлікті, сондай-ақ онымен байланысты жеке мүлік емес қатынастарды (намысы мен қадір-қасиетін қорғауды) реттейтін саласын түсінеміз.

**Өзбекстан Республикасының азаматтық құқық дереккөздеріне төмендегілер енеді:**

- Конституция;
- Азаматтық кодекс;
- қолданыстағы заңдар;
- заңды күшке ие құжаттар (Президент Жарлықтары, Олий Мажлистің қаулылары, Министрлер Кабинеті өкімдері, жергілікті биліктің құжаттары);
- Өзбекстан Республикасының халықаралық келісімшарттары;
- жұмыс қатынастарының қағидаттары (заңдарда көзделмеген әрекеттер), жергілікті әдет-ғұрыптар.

## **ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ**

Азаматтық заң құжаттары азаматтық қарым-қатынас қатысушыларының құқықтық жағдайын меншік құқы және тағы басқа да айғақты құқықтардың, интеллектуалды қызмет нәтижелеріне деген құқықтардың пайда болу негіздерін, сондай-ақ оларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді, келісімшарт шарттары мен басқа да шарттарды, сонымен қатар басқа да мүлікті, сондай-ақ онымен байланысты жеке мүлік емес қатынастарды реттейді.



### **Құқық тарихынан.**

Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі Өзбекстан Республикасының 1995 жылғы 21 декабрьдегі және 1996 жылғы 29 августегі Заңымен бекітілген. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің 1996 жылғы 29 августегі Қаулысымен іс жүзіне енгізілген. Кодекс 6 бөлім, 71 тарау, 1199 баптан тұрады. Қазірге дейін көптеген өзгертулер енгізілген.

## АЗАМАТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Азаматтар, заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет азаматтық құқық субъектілері саналады.

Құқықтық қатынастар субъектілердің екі түрі бар:

- жеке тәртіптегі;
- ұжымдық.

Жеке тәртіптегі субъектілерге (жеке тұлғаларға):

- Өзбекстан Республикасының азаматтары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар;
- шетелдік азаматтар енеді.

Азаматтар (жеке тұлғалар) дегенде Өзбекстан Республикасының азаматтарын, басқа мемлекеттің азаматтарын, сонымен қатар азаматтығы жоқ тұлғаларды түсінеміз. Мұнда азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдік азаматтар Өзбекстан Республикасының азаматтары сияқты азаматтық құқық қатынастарына кірісуі мүмкін.



### **Заңда белгіленеді:**

Азаматтар:

- мүлік құқы негізінде мал-мүлікке ие болуы;
- мал-мүлікті мұра етіп алуы және өсиет етіп қалдыруы;
- банкте қорларға ие болуы;
- кәсіпкерлікпен, диқан (фермерлік) шаруашылығымен, сондай-ақ заңда тыйым салынбаған басқа да қызметпен айналысуы;
- жалдамалы еңбекті пайдалануы;
- заңды тұлғалар құруы;
- келісімдер жасау және міндеттемелерде қатысуы;
- жеткізілген залалдың төленуін талап етуі;
- жаттығу түрін және жасайтын жерді таңдауы;
- ғылым, әдебиет және өнер туындыларының, жаңалықтың, заңмен қорғалатын басқа да интеллектуалды еңбек түрінің нәтижелерінің авторлық құқыққа ие болуы мүмкін.

Азаматтар басқа мүлікті және жеке мүлікті емес құқықтарға да ие болуы мүмкін.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі, 18-бап**

Ұжымдық субъектілерге заңды тұлғалар енгізіледі. Өзбекстан Республикасы Азаматтық кодексінде заңды тұлғалардың екі түрі тіркелген:

- пайда табуды өз қызметінің негізгі мақсаты еткен кәсіпкер ұйымдар (толық және коммандит шіркәттер, жауапкершілігі шектелулі және қосымша міндетті, акционерлік қоғамдар, унитар кәсіпорындар, тағы басқалар);
- пайда табуды өз қызметінің негізгі мақсаты етіп алмаған бейкоммерциялық ұйымдар (тұтынушылар кооперативтері, қоғамдық бірлестіктер, қорлар, азаматтардың өзін-өзі басқару кеңселері, тағы басқалар).

Азаматтық құқық субъекті ретінде мемлекет құқықтық қатынастардың басқа қатысушыларымен бір түрлі негіздерде іс жүргізеді. Мұнда, жалпы ережеге сәйкес, мемлекет және ол ұйымдастырған заңды тұлғалар бір-бірінің міндеттемелері бойынша жауапты емес.



### **Заңда белгіленген:**

Өз мүлкінде шаруашылық жүргізуде немесе оперативті басқаруда жеке мал-мүлікке ие болған, сондай-ақ өз міндеттемелері бойынша осы мал-мүлікпен жауап беретін, өз атынан мүлікті немесе жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алатын және оларды жүзеге асыра алатын, міндеттемелерді орындай алатын, сотта талапкер және жауапты бола алатын ұйым заңды тұлға саналады.

Заңды тұлғалар тәуелсіз баланс немесе сметаға ие болуы керек.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі, 39-бап**



## ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАБІЛЕТ ЖӘНЕ МӘМІЛЕ ҚАБІЛЕТІ

Құқықтық қатынастар субъектісі болу үшін тұлғалар құқықтық қабілетке немесе мәміле қабілетіне ие болуы керек.

**Құқықтық қабілет** – азаматтардың құқық және борыштарға ие болу қабілеті. Азаматтың құқықтық қабілеті ол туылғаннан бастап пайда болып, өмір бойы сақталады.

**Мәміле қабілеті** – тұлғалардың өз әрекетімен құқық және борыштарды орындау қабілеті. Бұл психологиялық және жасына байланысты шектеулерге қатысты.

**Мәміле қабілеті төмендегідей болады:**

- толық көлемдегі (18 жастан бастап);
- кәмелетке толмағандар (14 жастан 18 жасқа дейін);
- кіші жастағы кәмелетке толмағандар (7 жастан 14 жасқа дейін).

Азаматтық кодекске кәмелетке толмағандардың эмансипациясы енгізілді. Латын тілінен аударғанда «емансипация» сөзі «бодандықтан азаттыққа шығу, құқықтарға теңесу» мағынасын білдіреді. Кәмелетке толмағандар төмендегі жағдайда толық заңды әлеуетке ие деп мойындалады:

- 16 жасқа толғаннан соң;
- кәмелетке толмаған тұлға тарапынан еңбек келісімшартын жасау немесе кәсіпкерлік қызметін жүргізуге әкесімен қатар анасының разылығы алынғанда.

14 жасқа толмаған (кәмелетке толмаған – кіші жастағы балалар) кіші тұрмыстық келісімдерді орындауға (мысалы, дүкеннен нан сатып алу, сонымен қатар ата-анасы немесе үшінші тұлғадан алған қаржыны пайдалануға) құқылы. Бұдан тыс кіші жастағы балалар өтеусіз (төлемсіз) мүддеге қаратылған кейбір келісімдерді (туылған күнде сыйлық жасау) жүзеге асыруы мүмкін. Кіші жастағы балалар орындаған келісімдер үшін олардың ата-анасы жауапты болады.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келісімдерді өз ата-аналарының жазбаша разылығымен жасауға ақылы. Олар тәуелсіз түрде өз жалақысы, стипендиясы, банктегі аманатына иелік етуі, авторлық құқын пайдалануы мүмкін.

Азаматтардың мәмілеге қабілеттігі тек оның жасына (алты жасқа дейінгі балалар мәмілеге қабілетсіз) ғана емес, психологиялық саламаттылығына да байланысты. Азамат өз әрекетінің маңызын түсіне алмайтын немесе оларды басқара алмайтын психикалық ауру (ақыл-есі кем)

азаматты мәмілеге қабілетсіз деп табуға негіз болады, азамат сонымен қатар өз әрекеттерінің маңызын түсінсе де, бірақ оларды басқара алмаған жағдайда да мәмілеге қабілетсіз деп табылуы мүмкін.

Азамат тек сот тәртібімен мәмілеге қабілетсіз деп табылуы мүмкін, бұл оның құқын кепілдейді және қорғайды. Азамат мәмілеге қабілетсіз деп табылғанынан соң мұндай азаматқа қамқоршы белгіленеді. Қамқоршы мәмілеге қабілетсіз азаматтың заңды өкілі болып, оның құқын қорғайды, сондай-ақ оның атынан келісімдер мен заңды маңызға ие басқа да әрекеттерді жүзеге асырады. Дегенмен азамат мәмілеге қабілетсіз деп табылуына себеп болған негіздер жойылса, сот денсаулығы тіктелген азаматты мәмілеге қабілетті деп табады, сондай-ақ оған белгіленген мұрагерлікті тоқтату туралы шешім қаулысын шығарады.



### Тапсырма.

1. 13 жасар Ш. музыкалық шығарма жаратты. Ол автор санала ма? Оның заңды мүддесін кім ұсынады және қорғайды?
2. 16 жасар А. ата-анасының жазбаша разылығымен 1 ай аудармашы болып жұмыс істеді. Тапқан ақшасына велосипед сатып алды. Ол бұған құқылы ма? Ата-анасының арызымен мұндай келісімді тоқтатуға бола ма?

**Бұрынғы мәселені қосымша шартпен шеш: А. велосипетін көршісінің ұялы телефонына алмастырмақшы болды. Оған ата-ананың разылығы шарт па?**



### Білімді сына!

1. Азаматтық құқық қандай қатынастарды басқарады?
2. Азаматтардың құқықтық қабілетін мәміле қабілетінен ерекшелігі неде?
3. Заңды және жеке тұлғалардың арасындағы ерекшелік неде?
4. Заңды тұлғалар жеке тұлғалармен құқықтық қатынастар жасауына бола ма?
5. Мемлекет заңды тұлға санала ма? Жауабыңды дәлелде.
6. Мемлекетке қандай міндеттер жүктеледі?
7. Мемлекет жеке немесе заңды тұлғамен алды-сатты баяндамасын жасауы мүмкін бе?

## 13-§. КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛҒАН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ӨКІЛДІК КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛҒАН ТАЛАПТАР, ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Тұлғалар жүзеге асырған, сондай-ақ азаматтық құқықпен белгіленген әрекеттер келісім деп аталады. Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес келісімдерге төмендегі талаптар қойылады:

1. **Заңдылық.** Заңға қайшы әрекеттерге тыйым салынады және жазаланады. Мысалы, есірткі заттарымен және қару-жарақпен сауда жасауды заңды деуге болмайды.
2. **Тараптардың жетерлі құқықтық қабілеті.** Есіңе түсір, 18 жасқа толмаған тұлғалар толық көлемде өз құқын жүзеге асыруы және заңды борыштарға ие болуы мүмкін емес. Демек, келісімдер кейбір жағдайларда мәмілеге толық қабілетті тұлғалар тарапынан жасалады.



3. **Еріктілік.** Еріктілік ережесі қорқыту, жаңылысу, алдау және зорлықпен жасалған келісімдерге тыйым салады.
4. **Форманы сақтау.** Заңдар мен келісімдердің төмендегі формалары белгіленген: ауызша, жай жазбаша, нотариалды расталған: келісімдер заңда көрсетілген жағдайларда немесе тараптардан бірінің талабымен нотариалды түрде расталады.

Жылжымас мүліктің қатысуымен жасалған келісімдер мемлекет тарапынан тіркеуге алынуы шарт.

Келісімдер бір жақты (мұндай жағдайда тек бір жақтың қалауы қажет болады – мүлікті мұра етіп қалдыру, сыйға тарту), екі жақты немесе көп жақты (келісімшарттар) болады.



**Келісімдер** деп азаматтардың және заңды тұлғалардың азаматтық құқы мен борышын белгілеу, өзгерту немесе тоқтатуға қаратылған әрекеттерге айтылады.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі,  
101-бап**



### **КЕЛІСІМДЕРДІҢ ШАНАЙЫ ЕМЕСТІГІ**

Шынайы емес келісім ешқандай заңды салдарларға соқтырмайды және ол жасалған кезден бастап шынайы емес.

Келісім шынайы болмағанда тараптардың әрқайсысы басқасына келісім бойынша алған барлық нәрсені қайтарып беруі, алынған нәрсені өз халінше қайтарып беру мүмкіндігі болмағанда, егер келісім шынайы емес екенінің басқа салдары заңда көзделмеген болса, оның құнын ақшалай төлеуі шарт.

Төмендегі жағдайларда келісімдер шынайы емес деп мойындалады:

- заң талап ететін формаларды сақтамау;
- заң құжаттарының талаптарына сай болмаған;
- 14 жасқа толмаған тұлға жасаған;
- 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлға оның ата-анасы перзенттікке алушылар немесе демеушісінің разылығынсыз жасалған;
- психикалық ауруына байланысты мәмілеге қабілетсіз деп табылған азамат тарапынан жасалған;

- мәміле қабілеті шектелген азамат тарапынан демеушісіз жасалған;
- келісім кезінде өз әрекеттерінің маңызын түсінбейтін және оны басқара алмайтын азамат тарапынан жасалған;
- жаңылысу әсерімен жасалған;
- алдау, зорлық жасау, қорқыту, бір тарап өкілінің екінші тараппен жаман ниетте келісу немесе ауыр жағдайлар болуы әсерімен жасалған, ал екінші жақ бұдан пайдаланып қалған (салдарлы келісім);
- жасанды және көзбояушылық үшін, заңды салдарлар туындау ниеті болмаған жағдайда, жәй ғана жасалған келісім (жасанды келісім);
- заңды тұлға құқықтық қабілетінен шетке шығатын, яғни заңды тұлға тарапынан оның жарғы мақсаттарына қайшы жасалған немесе тиісті қызметпен айналысуға лицензиясы жоқ заңды тұлға тарапынан жасалған.

## **ӨКІЛДІК АРҚЫЛЫ КЕЛІСІМ ФОРМАСЫ**

Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексінде (129-бабы) келісімнің өзіне тән формасы – өкілдік келісімі бар, сол бойынша келісім сенімхатқа, заңға, соттың қаулысына немесе өкіл етілген мемлекет органының құжатына негізделген өкілетпен бір тұлға (өкіл) тарапынан басқа тұлға (өкілеттік беруші) атынан жасалады.

Өз характері бойынша тек өзі жасауы мүмкін келісімді өкіл арқылы жасауға жол берілмейді. Мәмілеге қабілетсіз азаматтардың атынан келісімдерді олардың ата-анасы, перзенттікке алушылары, өкілдері жасайды.

Келісімдер сенімхат бойынша жасалуы мүмкін. Бір тұлға (сенім білдіруші) екінші тұлғаға (сенімді өкілге) үшінші тұлғалардың алдында өкілдік жасауы үшін берілген жазбаша өкілет сенімхат саналады.

Сенімхат қарапайым жазбаша түрде немесе нотариалды формада ресмилендіріледі. Сенімхат көбімен үш жыл мерзімге берілуі мүмкін. Егер сенімхатта мерзім көрсетілмесе, ол берілген күннен бастап бір жыл бойы күшке ие болады. Берілген күні көрсетілмеген сенімхат шынайы емес.



## Тапсырма.

Төмендегі мәселелерді шеш.

### 1-жағдай.

А. және М. өзара бәстесті. Егер «Пахтакор» командасы жеңсе, А. өзінің мотоциклін М.ға береді, жеңіліп қалса М.өзінің ноутбугын А.ға береді деп келісті. А. бәсте жеңілді, бірақ бәстескенде өзінің әрекетін ойламай жасағанын сылтауратып, мотоциклін беруден бас тартты.

**Мұндай келісім заңды тұрғыдан дұрыс па? Дұрыс емес болса, себебін айт.**

### 2-жағдай.

М. 5 жаста. Ол сурет салуға қызығады және әдемі суреттер салады. Шетелдік туристер оның суреттерінің бірін сатып алу ниетін білдірді және бұл мәселемен оған өтініш жасады.

**М.ның ата-анасы не істеуі керек?**

### 3-жағдай.

Сен досыңа 5 сумды 10 күн мерзімге қарызға бердің, бірақ ол ақшаны қайтарғысы келмей жатыр.

**Заң бойынша не істеу керек?**

## Білімінді сына!



1. Азаматтар мен заңды тұлғалардың қандай әрекеттері келісім деп аталады?
2. Қандай жағдайларда келісімдер шынайы емес болады?
3. Кәмелетке толмағандар қандай келісімдерді жасауы мүмкін екенін айт.
4. Келісімдер жасауда сақталатын талаптарды айт.
5. Келісім шанайы емес деп табылғанда тараптар қандай жол ұстанады?

## 14-§. МҮЛІК ҚҰҚЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚҰҚЫҚТАР

### МҮЛІК ҚҰҚЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Айналамыздағы заттар** – бірер тұлға иелік жасайтын немесе пайдаланатын предметтер, бұйымдар, нысандардың барлығы мүлік саналады. Өзбекстан Республикасының Конституциясында (36-бап) әрбір адам мүлікке ие болу құқы жазылған.

Мүлік құқы белгілі бір материалдық байлықтар жеке немесе заңды тұлғаларға мемлекетке тиісті екенін нығайтатын және қорғайтын құқықтық нормалардың кешенін өзінде қамтиды.



#### 1-тапсырма.

Нелер жеке мүлік болуы мүмкін?



Мүлікті «пайдалану» «одан пайда алу» (нәтиже алу, табыс табу) дегені.

Ал, мал-мүлікке «иелік жасау»: оны сату, алмастыру немесе сыйға тарту құқына өзгерту, яғни қасиетін жақсарту немесе төмендету құқына: мал-мүлікті жоққа шығару құқына ие болу.



#### 2-тапсырма.

1. Досыңнан компьютердің «мышкасын» алып тұрдың. Енді сен осы заттың иесі саналасың ба?

2. Сен офис ашу үшін белгілі бір мерзімге жалға алу келісімшартын жасадың, іс жүзінде ол жерді отбасыңмен жасау үшін пайдаланып жатырсың. Бұлай жасауға ақың бар ма?

3. Сен фирмамен мақта теру комбайндарын жалға алу бойынша келісімшарт жасадың. Уақыты жетіп оны сатуға қаулы қабылдадың. Бұған құқылысың ба?

## ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МҮЛІК ФОРМАЛАРЫ. МҮЛІК ҚҰҚЫНЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ МЕН ОБЪЕКТИЛЕРІ

Өзбекстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының «Мүлік туралы» Заңына сәйкес елімізде мүлік құқы дербес саналады. Әрбір адам мүлікке иелік жасау құқына ие. Өзбекстан Республикасында экономиканың нетижелі жүзеге асырылуына және халық тұрмыс жағдайының артуына мүмкіндік жарататын әрқандай формадағы мүлікшілік болуына рұқсат етіледі. Мүлікшіліктің барлық формалары дербес болуына және олардың дамуы үшін теңдей жағдай жасалуына заң кепілдік береді.



**Мүлік құқы** – тұлғаның өзіне тиісті мал-мүлікке өз еркімен және өз мүддесін көздеп иелік ету, оны пайдалану және иелігінен шығару, сондай-ақ өзінің мүлік құқын, кім тарапынан болса да кез-келген бұзуды тоқтатуды талап ету құқы. Мүлік құқы мерзімсіз.

Өзбекстан Республикасы мүлік иелеріне тиісті мал-мүлікті сақтау және көбейту үшін барлық қажетті жағдайларды жаратады. Мүлікке иелік ету дербес, оны заң қорғайды.

Өзбекстан Республикасында мүлік жекеменшік және қоғамдық мүлік формаларында болады. Мұнда жекеменшік субъектілері азаматтар, сондай-ақ беймемлекеттік заңды тұлғалар болуы мүмкін, мемлекет қоғамдық мүлік субъекті саналады.

Мүлік құқының пайда болу негіздері төмендегілерді:

- еңбек қызметі;
- мал-мүлікті пайдалану саласындағы кәсіпкерлік, тағы басқа да шаруашылық қызметі;



- мал-мүлікті жарату, көбейту, келісімдер негізінде қол жеткізу, мемлекеттің мал-мүлкін жекешелендіру;
- мұра етіп алу, иелік ету құқын туындататын мерзім;
- заң құжаттарына қайшы келмейтін басқа негіздер құрайды.



Мүлік құқы мүлік иесінің қалауы бойынша міндетті орындауы, мүлік иесінің мал-мүлік тағдырын шешетін бір жақты қаулы қабылдауы, сот қаулысы негізінде мал-мүлікті алып қою (сатып алу ісіне) арқылы, сонымен қатар мүлік құқын жоютын заң құжаттарына негізделіп тоқтатылады.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі,  
197-бап**



Мал-мүлікті жоюдың (тарату) нәтижесінде мүлік құқын бекер етуге заңдарға қайшы болмаған жағдайларда жол беріледі.

Мүлік иесі тарихи немесе мәдени байлық саналған мал-мүлікті жоюға жол бермейді. Кейбір жағдайларда сот қаулысымен осы мал-мүліктің тәркіленуі немесе егер ол жойылған болса, оның құны өндіріп алынуы мүмкін.

Мал-мүлікті заңды тұлғаның баланс есебінен шығару нәтижесінде мүлік құқының жойылуы заң құжаттарында немесе құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі,  
198-бап**



### Біліміңді сына!

1. Мүлік иесі қандай құқыққа ие?
2. «Пайдалану» мен «иелік жасау» түсініктерінің айырмашылығы неде?
3. Өзбекстанда қандай мүлік формалары бар?
4. Жекеменшік және қоғамдық мүлікке иелік жасау құқының субъектілері кімдер?
5. Мал-мүлікке иелік ету құқының пайда болу шарттарын ата.

## 15-§. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ ШАРТЫ

### АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАРДЫ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Азаматтық-құқықтық келісімшарттар өміріміздің барлық салаларында, атап айтқанда мемлекетаралық қарым-қатынастарда кең қолданылады. Өйткені азаматтардың құқық қатынастарын реттеуде келісімшарттар негіз болып қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалар олардың қатысушылары болуы мүмкін.

Келісімшарт қатысушылар арасында әртүрлі қарым-қатынастар орнатудың нәтижелі формасы саналады. Ол тараптар өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктерін ескеру, әрбірінің өз мүддесін келістіру мүмкіндігін, сонымен қатар қатысушыларға заңды кепілдіктер береді.



Екі немесе бірнеше тұлғаның азаматтық құқықтары мен борыштарын жүзеге асыру, өзгерту немесе жою туралы келісім келісімшарт деп айтылады.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі,  
353-бап**



Азаматтық-құқықтық келісімшарттың негізгі белгілері:

- келісімшарт ерікті түрде жасалады;
- келісімшарт тараптары екі немесе одан көп тұлға болуы мүмкін;
- келісімшарттарда жақтардың бір-біріне қатысты құқық және борыштары пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуы тіркеледі;
- тараптар ұсынған барша шарттар бойынша келісілгеннен кейін келісімшарт жасалған саналады.

Тараптар келісімшарт жасағаны үшін барлық негізгі шарттарды өзінде қамтыған ұсыныстарды енгізеді. Әдетте оферта (латынша *ofertus* — ұсынған) белгілі тұлғаға қаратылады. Белгісіз тұлғалар аясына бағытталған оферта ортақ деп аталады, мысалы, газетте автомобиль, үй, мебель, тағы басқаларды сату туралы басылған хабар.

Азаматтық құқықта контрагенттің келісімшартты жасау туралы ұсынысымен разылығы немесе телеграмма, тайпограмма, факс, СМС, тағы басқа формаларда бейнеленеді. Кейіншелік тараптар келісімшарт шарттарын толық келісіп алады.

## **КЕЛІСІМШАРТТЫ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Егер тараптардың арасында келісімшарттың барлық маңызды шарты бойынша төмендегідей жағдайда талап етілетін формадағы келісімге қол жеткізілген болса, келісімшарт жасалған саналады. Келісімшарттың предметі туралы шарттар, заң құжаттарында мұндай түрдегі келісімшарттар үшін маңызды немесе қажетті деп табылған шарттар, сонымен қатар тараптардың бірінің арызы бойынша келісіп алынуы шарт болған барлық шарттар маңызды шарт саналады. Келісімшарт тараптардан бірінің оферта (келісімшарт жасау туралы ұсыныс) жолдауы мен екінші тарап оны аксертеу (келісімшарт жасауды қабылдау) жолымен жасалады.

Маңызды шарттарға бірінші кезекте келісімшарттың предметі туралы шарттар енгізіледі. Келісімшарттар осы предмет бойынша бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, алды-сатты келісімшарты, айырбастау келісімшарты, мүлікті жалға беру келісімшарты, жалгерлік келісімшарты, тағы сол сияқты.

Келісімшарт тараптардың келісуі саналғандықтан, тараптар немесе олардың бірі ол немесе бұл мәселеде келісімге қол жеткізуді талап етсе, бұл да келісімшарттың маңызды шарты саналады. Мұнда тараптың мәлімдеме формасы ауызша да жазбаша да болуы мүмкін.

Оферта жолдаған тұлға оның аксертін алған кезде келісімшарт жасалған саналады.

Егер заңға сәйкес келісімшарт жасау үшін мал-мүлікті тапсыру да қажет болса, келісімшарт тиісті мал-мүлік тапсырылған кезден жасалған саналады.

Келісімшарттың орындалу мерзімін тараптар келіседі және келісімшарттың өзінде көрсетіледі. Мұнда келісімшартты орындау мерзімі бұзылса қолданылатын жаза шаралары да келісімшартқа кіргізілуі мүмкін. Келісімшарт мемлекет заңдарына қайшы түрде жасалған болса немесе басқа (келісім кезінде келісіп көрсетілген) жағдайда шынайы емес деп табылуы мүмкін.



### **1- тапсырма.**

Мүліктің алды-саттысы, мүлікті мұра бойынша беру, лотерея билетін сатып алу, телевидение, радио, тағы басқалардағы жарнама, аукционға қатысу келісімдері келісімшарт санала ма?

### **2-тапсырма.**

Ойлап жауап бер, мемлекетте азаматтық-құқықтық келісімшарттар кепілдігінің орындалуы қандай шарттарға байланысты?



### **1-жағдай.**

Н. коммерциялық дүкеннен алтын сағат сатып алды. Бір неше күннен кейін Р. оның алдына келіп, сағат 3 ай бұрын одан ұрланғанын айтты және қайтаруын талап етті. Дәлел ретінде сағаттың паспорты мен шек көрсетті. Н. Р.дан тілхат алып, сағатты оған қайтарып берді. Бірақ бір ай өткеннен кейін шынымен де Р.дан дәл сондай сағатты ұрлап кеткен ұры ұсталғанын есітті.

**Түсінбеушілік болғаны белгілі. Н. мұндай жағдайда не істеуі керек?**

### **2-жағдай.**

Үй басқа қалада оқып жүрген 18 және 20 жастағы балалардың анасы, азаматшы Н.ның мүлкі саналады. Үйді азамат М.ға сатып жатқанда азаматша Н. ұлдарының разылығын алмады.

**Оның іс-әрекеттері заң тұрғысынан дұрыс па?**

## ТАРТУ ЖӘНЕ ҚАЙЫР-САДАҚА КЕЛІСІМШАРТТАРЫ

Әрбіріміз Жаңа жылда, туылған күн немесе жай ғана ата-анамыз сый-ақы алғанда сыйлық (тарту) алғанбыз. Сыйлық алу барлығымызға ұнайды. Бірақ сыйлық алу да азаматтардың құқына кіре ме? Әрине! Егер мұнда сыйлыққа иелік жасау құқы сыйлық берушіден оны алушыға өтеді. Сондықтан да қайыр келісімшартының предметі әрдайым нақты белгіленген деуге болады. Мұнда жылжитын және жылжымайтын меншік қатысуындағы келісімдер туралы нормалар тарту келісімшартына да толық тиісті болады.

Қайыр-садақа келісімшарты тарту келісімшартына жақын болады. Олардың арасындағы айырмашылық:

- қайыр-садақа емханалары, тәлім-тәрбие мекемелері, қорлар, мұражайлармен тағы басқаларға жалпы пайдалы мақсаттарда жүзеге асырылады;
- қайыр-садақаны бекер ету мүмкін емес;
- мұрагерлік туралы нормалар қайыр-садақаға қолданылмайды.



**Қайыр-садақа** – белгілі тұлғалар мен ұйымдар тарапынан өзінің қалауымен берілген тегін (жарнасыз) әрекеттер.

## АЙЫРБАСТАУ (АЛМАСУ) КЕЛІСІМШАРТЫ

Бірнеше ғасыр бұрын айырбастау келісімшарты әдеттегі жайт еді. Қазір де айырбастау келісімшарты сақталып қалған, бірақ белгілі себептерге байланысты оның мәні өзгерді: біріншіден, айырбасталатын тауарлардың мөлшері ақшамен өлшенеді; екіншіден, ауырбастау келісімшарты бойынша тиісінше алды-сатты туралы нормалар қолданылады.

Егер айырбастау келісімшартында басқа шарттар көрсетілмеген болса, айырбасталатын тауарлар құны тең деп шамаланады. Әйтпесе тауарлардың бағасындағы айырмашылық ақшамен қапталады.



Айырбастау келісімшартына орай, тараптардың арасындағы бір мал-мүлік басқасына айырбасталады.

Сағат, марка, яғни қатысушылар иелік ететін барлық нәрселерді алмастыру айырбастау келісімшартына мысал болады. Айырбастау келісімшарты күшіне енгеннен кейін әрбір тарап беріліп жатқан мүлік үшін иелік құқын жоғалтады және алынған мүлік үшін дәл осындай құқыққа ие болады.



### **3-тапсырма.**

Қандай жағдайларда айырбастау келісімшарты заңға сәйкес жүзеге асырылғанын, қандай жағдайларда және азаматтық заңдарды бұзылғанын көрсет.



#### **1-жағдай.**

Айырбастау келісімшартына сәйкес, С. И.ға 5 дана мультфильм жазылған диск берді. Өз орнында И. С.ға бір аптадан соң бейнеклиптер жазылған 5 дана диск беруге уәде берді, бірақ бір айдан кейін 5 дана емес 4 дана диск берді.

#### **2-жағдай.**

Айырбастау келісімшартына сәйкес азамат Х. 3 бөлмелі пәтерді 4 бөлмелі пәтерге айырбастады. Айырбастағаннан соң 4 бөлмелі пәтер жасау үшін жарамсыз екені белгілі болды.

#### **3-жағдай.**

Айырбастау келісімшартына сәйкес 9 жасар И. және 7 жасар Д. алтын әшекейлерін айырбастады.

#### **4-жағдай.**

Айырбастау келісімшартына сәйкес «Тұран» жекеменшік фирмасы «Матиз» маркалы автомобилін біріккен кәсіпорынға тиісті «Дамас» маркалы автомобиліне айырбастады. Айырбастау келісімшарты жазбаша түрде ресмилендірілмеді.

**Қызметтер көрсетуге (жұмыстарды орындауға)  
ҮЛГІ КЕЛІСІМШАРТ**

№ \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
(келісімшарт жасалған жер)

\_\_\_\_\_ (фермерлік шаруашылықтың жарғысы)  
негізінде іс жүргізуші, кейіннен «Шаруашылық» деп айтылады

\_\_\_\_\_ (фермерлік шаруашылықтың аты)  
атынан фермерлік шаруашылықтың басшысы \_\_\_\_\_  
(Ф.А.Ж.)

бір жақтан, және \_\_\_\_\_  
(жарғы, қаулы, сенімхат)  
негізінде іс жүргізуші, кейіннен «Орындаушы» деп айтылады

\_\_\_\_\_ (кәсіпорын, ұйымның аты)  
атынан іс жүргізушісі \_\_\_\_\_  
(лауазымы, Ф.А.Ж.)

екінші тараптан осы келісімшартты төмендегілер туралы жасайды:

**I. КЕЛІСІМШАРТ ТАҚЫРЫБЫ**

1.1. Аталмыш келісімшарт бойынша «Орындаушы» «Шаруашылыққа» қызметтер (кейінгі орындарда - «Қызметтер» деп айтылады) жеткізіп беру, «Шаруашылық» бұл «Қызметтерді» қабылдау және мөлшерін төлеуді өз міндетіне алады. «Қызметтердің» анық түрлері, олардың саны, сапасы мен бағасы, сондай-ақ оларды көрсету мерзімдері осы келісімшарттың құрамдық бөлімі саналған қосымшада айтылады.

**II. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

2.1. «Шаруашылықтың» құқықтары:

- «Орындаушыдан» келісімшартты орындау үшін қажет болған іс жүзіндегі мемлекеттік стандарттар және басқа нормативтік құжаттармен қамтамасыз етуді талап ету;
- «Орындаушыдан» «Қызметтер» «Шаруашылықтың» есебіне транспортта тасымалданға транспорт қаражаттарын қаптауды талап ету;
- «Орындаушыдан» осы келісімшартқа сәйкес берілетін тапсырысқа сәйкес тиісті сапаға ие болған «Қызметтер» көрсетілуін талап ету;

- қажетті сапаға ие болмаған «Қызметтер» көрсетілген жағдайда өз таңдауына жараса;
- қажетті сапаға ие болмаған «Қызметтер» оған ұқсас «Қызметтер» мен айырбасталуын;
- «Қызметтердің» кемшіліктерін тегін жойылуын немесе кемшіліктер «Шаруашылық» немесе үшінші тұлғалар тарапынан туырлануы қаражаттардың қапталуы;
- бағасының азайтылуын талап ету;
- Келісімшарт шарттары орындалмағаны немесе қажет дәрежеде орындалмағанының нәтижесінде жеткізілген залал қапталуын «Орындаушыдан» талап ету.

#### 2.2. «Шаруашылықтың» міндеттері:

- өз тапсырысы бойынша көрсетілген «Қызметтерді» осы келісімшартқа сәйкес қабылдау;
- «Қызметтерге» осы келісімшарттың 3.1. пунктінде көрсетілген баға бойынша, қабылдау-тапсыру пратаколы қол қойылған кезден бастап ақы төлеу;

#### 2.3. «Орындаушы» төмендегілерді орындауға міндетті:

- «Шаруашылыққа» «Қызметтерді» осы келісімшартқа сәйкес немесе «Шаруашылық» тарапынан осы келісімшарттың 4.8. пунктінде көзделген тәртіппен берілетін оның тапсырысына сәйкес мерзім, сапа және көлемде көрсету;
- егер «Қызметтерді» көрсету үдерісінде «Орындаушы» келісімшарт шарттары және нормативтерден шегінуге жол қойған болса, «Шаруашылықтың» талабымен анықталған барлық кемшіліктерді күн мерзімде ақысыз жөндеп беру.

### **III. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ЕСЕП-ҚИСАП ТӘРТІБІ**

#### 3.1. Осы келісімшарттың бағасы

### **IV. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫ**

4.1. Келісімшарт осы келісімшарт және заң құжаттары шарттары мен талаптарына сәйкес қажет жағдайда орындалуы керек.

4.2. Келісімшарттың орындалуы бір жақмата бас тарту немесе келісімшарт шарттарын бір жақтама өзгертуге жол берілмейді, заң құжаттарында белгіленген жағдайлар бұдан тыс.



## V. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Көрсетіліп жатқан «Қызметтер» сапасы, мөлшері «Орындаушы» тарапынан қате анықталуы, олардың мөлшері қате белгіленуі және өндірілуі жағдайлары анықталған жағдайда «Орындаушы» көрсетіліп жатқан «Қызметтердің» сапасын, сонымен қатар олардың көлемін есепке ала отырып қайтадан есеп-қисап жасайды. Есептелген бұл суммадан тыс шаруашылыққа қате есеп-қисап жасалған сумманың 20 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

## VI. КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРДІ ШЕШУ ТӘРТІБІ

6.1. Келіспеушіліктер және келіспейтін мәселелер туындаған жағдайда, тараптар ережелер бойынша тәуелсіз немесе аудандық ауыл және су шаруашылығы бөлімінің қатысуымен оларды сотқа дейін шешу шараларын қарастырады.

## VII. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ

7.1. Бұл келісімшарт осы келісімшарттың 8.4.-пунктіне сәйкес тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және тараптар бұл келісімшарт бойынша өз міндеттерін орындағанға дейін күшінде болады.

## VIII. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Бұл келісімшарт тараптардың келісілімен немесе басқа тарап келісімшарт шарттарын өрескел бұзғанда, тараптардан бірінің талабы бойынша сот тәртібімен тоқтатылуы мүмкін.

## IX. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ ЖӘНЕ БАНК РЕКВИЗИТТЕРІ

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (А.Ж.)



### Білімді сына!

1. Азаматтық-құқықтық келісімшартпен еңбек келісімшарты арасында қандай жалпыламалық және ерекшеліктер бар?
2. Азаматтық-құқықтық келісімшарт белгілерін айт.
3. Азаматтардың жеке бейматериалдық құқын бұзатын тұлғалардан рухани залал жеткізгені үшін өтемақы өндіру керек пе? Жеке және ақылықты-рухани азабтардың мөлшерін өлшеуге бола ма? Жауабыңды негіздеп айт.
4. «Келісімшарт», «келісім», «айырбастау» түсініктерінің арасында не айырмашылық бар?
5. Қандай азаматтық-құқықтық келісімшарттарды білесің? Олардың ерекшелігі неде?

## 16-§. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### ТҰТЫНУШЫ

Біреу тауар сатып алғанда, қалалық транспорт қызметін пайдаланғанда, театрға барып жатқанда, тағы сол сияқтыларды орындап жатқан адам тауарлардың, қызметтердің тұтынушысы саналады. Осылайша, біз барлығымыз – тұтынушы саналамыз, себебі күнде тауарлар сатып аламыз, сондай-ақ түрлі қызметтерді пайдаланамыз. Олий Мажлис тарапынан 1996 жылғы 26 апрельде қабылданған Өзбекстан Республикасының «Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заңында тұтынушылар былайша сипатталады.



**Тұтынушы** – пайда табумен байланысты болмаған түрде жеке тұтыну немесе жекеменшік шаруашылықта пайдалану мақсатында тауар сатып алушы, жұмысқа, қызметке тапсырыс беруші немесе осындай ниеттегі азамат (жеке тұлға).

**«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң,  
1-бап**

«Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заң базарды тұтынушылардың, яғни барлығымыздың мүддемізге мойынсындыру мақсатында қабылданған.



#### 1-тапсырма.

Жоғарыда айтылған сипаттарды ескеріп, төмендегі тұлғалар тұтынушылар немесе тұтынушы емес екенін айт:

- аяқ киім сатып алған азамат;
- дүкенге кірген азамат;
- Ташкенттен Самарқандқа саяхатқа бара жатқан шетел азаматы;
- пәтерін жөндеу үшін жеке тұлғамен келісімшарт жасап жатқан азамат;
- кейіншелік сату үшін тауар түркімін сатып алып жатқан азамат;
- кейінірек базарда сату үшін диқаннан көп мөлшерде ауыл шаруашылығы өмдерін сатып алған азамат.

## ТАУАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛУ ҚҰҚЫ

Өзбекстан Республикасының «Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заңында белгіленген ережелердің негізгілерін қарастырайық.



**Касса шегі** – тауардың сатып алынғанын немесе жұмыстың (іс, қызмет) ақы төленгенін растайтын, тауардың (іс, қызмет) бағасы, ақы төленген күн және касса аппаратының саны көрсетілген құжат.

**Тауар шегі** – тауардың сатып алынғаны немесе жұмыстың (іс, қызмет) ақы төленгенін растайтын, тауардың (іс, қызмет) бағасы, ақы төленген күн сондай-ақ сатушының аты мен орналасқан мекенжайы туралы мәлімет көрсетілген құжат.

Заңға сәйкес («Тауарлар туралы мәлімет» 6-бап) бұл мәліметті сатушы беруі шарт. Тауарлар туралы мәліметтерде төмендегілер көрсетіледі:

- негізгі тұтыну қасиеттері;
- өндірілген күні;
- өндірушінің кепілдік міндеттері;
- қызмет ету (жарамдылық) мерзімі;
- сақтау әдісі, сондай-ақ ережелері;
- жөндеу-түзету істерін атқаратын және техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындардың мекенжайлары.



**Сатушы** – алды-сатты келісімшарты бойынша тұтынушыға тауар реализация жасайтын кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе жеке кәсіпкер.

## ТАУАРДЫҢ СЕРТИФИКАТТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АЛУ ҚҰҚЫ

«Өнімдер мен қызметтерді сертификаттау туралы» Заңға сәйкес тұтынушыға көзделген барлық өнімдер бағалануын және өнімнің белгіленген талаптарға сай екенінің расталған жағдайдағы арнайы құжат – сәйкестік сертификаты берілуі керек. Мұнда тұтынушы сатушыдан өнім сертификатталғаны туралы ақпарат алу құқына ие. Бұл белгі өнімде штрих-кодтың қасында орна-

ласып, өнім адамдардың өмірі және денсаулығына, сондай-ақ қоршаған орта үшін қауіпсіздік талаптары стандарттарына жауап беруін білдіреді.



**«Сәйкестік сертификаты»** – сертификатталған өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

**Өндіруші** – тұтынушыға реализация жасау үшін тауар өндіретін кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе жеке кәсіпкер.

## **САТЫП АЛЫНҒАН ТАУАРДЫ АЛМАСТЫРУ НЕМЕСЕ ҚАЙТАРУ ҚҰҚЫ**

Сапасыз немесе нұқсаны бар тауар сатылған жағдайда, тұтынушы өз қалауы бойынша төмендегілерден бірін талап етуге құқылы:

- тауарды міне, осындай маркалы (модельді, артикульді) ұнайтын сапалы тауарға алмастырып алу;
- тауарды басқа маркадағы (модельді, артикульді) осындай тауарға алмастырып, оның сату бағасын тиісінше қайта есеп-қисап жасату;
- сату бағасын нұқсанға лайықтап кемейту;
- келісімшартты тоқтатып, көрсетілген зиянды төлету.

Сату бағасын нұқсанға лайықтап азайту егер бірер нұқсаны бар жазу үстелін сатып алған болсаң, сатушы оны алмастырып бере алмаса немесе нұқсандарды жоя алмаған болса, сен бұл нұқсаны болғандықтан сатып алған бұйымыңның бағасын төмендетуге құқылысың.

«Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заңға сәйкес сатып алушы 7 күн мерзімде тауарды дәл сондай тауарға алмастыруға да құқылы. Егер тауар басқа маркалы дәл осындай тауарға алмастырылса бағалардың арасында айырмашылық болғандықтан қайта есеп-қисап жасалуы керек. Мысалы, сен анаңа туылған күніне қара түсті сөмке сатып алдың, бірақ оның киіміне қоңыр сөмке сай түседі. Мұндай жағдайда оны саған керек болған сөмкеге алмастырып беруі мүмкін. Бірақ дүкенде саған қажет сөмке болмаса, сен сатып алынған тауарды қайтаруыңа және оған төленген сумманы қайтарып алуыңа болады. Бірақ, сатып алушының тауарды алмастыру немесе қайтарып беру талабы тек тауарды тұтынылмаған барлық қасиеті мен сапасы сақталған жағдайда, сондай-ақ ол сол сатушыдан сатып алынғаны дәлелденгенінде (яғни дүкеннің шегі болған жағдайда ғана) қанағаттандырылады.

## ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Өзбекстан Республикасы Азаматтық кодексінің 401-бабына сәйкес, сатып алушы алмастыруды талап етуге немесе алды-сатты келісімшартын орындаудан бас тартуға құқы болған жағдайлардан тыс, оған сатушы тарапынан тапсырылған тауарды қабылдауы шарт.

Сатып алушы заң құжаттарына немесе алды-сатты келісімшартына қайшы түрде тауарды қабылдамаса немесе қабылдаудан бас тартса, сатушы келісімшартының шарттарын орындаудан бас тартуға және көрілген зиянды талап етуге құқылы.



**Сатып алушының талабымен тауар жаңасына қандай жағдайларда алмастырылып берілуі шарт:**

**1-жағдай.**

Азамат планшет сатып алып, қорабын ашпады. Бір айдан кейін оны бұдан да қымбатына алмастырып беруін сұрады.

## 2-жағдай.

Азамат кепілдік мерзімі 6 айлық фен сатып алды. Феннің нұқсаны бар болғандықтан 6,5 айдан соң бұзылды.

## 3-жағдай.

Азамат электронды шәйнек сатып алды, бес күн оны пайдаланды, кейіннен дүкеннен оны ысқыратын шәйнекке алмастырып беруін сұрады.



### 2-тапсырма.

**Төменде айтылған жағдаймен танысып, сатушының әрекеттеріне баға бер:**

Азамат Т. дүкеннен бір қорап оралған рафинад қант сатып алды. Оны үйінде ашқанда қанттың орнына жақсы майдаланбаған тұзды көрді. Сатып алушы дүкенге қайтып, шек және ашылғанын көрсетіп, ақшаны қайтарып беруін талап етті. Бірақ сатушы бұл дүкеннің айыбы емес екенін айтып, ақшаны қайтарып беруден бас тартты.

**Мұндай жағдайда сатушы тұтынушының құқын бұзды ма? Егер солай болса, Т. өз құқын қалай қорғауы мүмкін?**



### Білімінді сына!

1. Тұтынушы деген кім?
2. «Тұтынушылар құқын қорғау туралы» Заңның негізгі мақсатын айт.
3. Тауар сатып алғанын немесе жұмыс (қызмет) үшін ақы төленгенін растайтын құжат қалай аталады?
4. Тауарлар туралы ақпаратта қандай мәліметтер айтылуы шарт?
5. Заңға сәйкес сатушы кім?
6. Сәйкестік сертификаты нені растайды?
7. Сапасы төмен немесе нұқсаны бар тауар сатып алған тұтынушы нені талап етуге құқылы?

## 17-§. ӨНДІРУШІ ТАРАПЫНАН ТАУАРДЫҢ САПАСЫНА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК



### ТАУАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ КЕПІЛДІГІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

Өзбекстан Республикасының «Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заңға сәйкес ұзақ мерзім пайдаланатын барлық түрдегі тауарлар және қызметтерге өндіруші (Атқарушы) кепілдік мерзімін белгілеуі керек. Кепілдік мерзімі тауар тұтынушыға сатылған немесе қызмет көрсетілген күннен бастап саналады. Егер тауар сатылған күнді анықтаудың мүмкіндігі болмаса, бұл мерзім тауар өндірілген күннен бастап саналады.

Өндіруші (Атқарушы) кепілдік мерзімі кезінде тауардың (қызмет), осы орында толықтырушы бұйымдардың нормал істеуін (қолданылуды, оларды пайдалануды) қамтамасыз етуі шарт. Толықтырушы бұйымдардың кепілдік мерзімі, егер заң құжаттарында басқаша ереже белгіленбеген болса, негізгі бұйымның кепілдік мерзімінен аз болмауы керек. Кепілдік мерзімі тауардың (қызмет) паспорттында немесе тауарды сатуда және қызмет көрсету кезінде тауармен бірге тұтынушыға берілетін басқа құжатта көрсетіледі.

Дәрілік құралдар мен медициналық бұйымдарда, азық-түлік және тұрмыстық химия тауарларында олардың өндірілген күні, жарамдылық

мерзімі, сондай-ақ оларды сақтау шарттары көрсетілуі керек. Сатушыларға өндірілген күні және жарамдылық мерзімі көрсетілмеген немесе жарамдылық мерзімі өткен тауарларды қабылдау, сондай-ақ реализация жауапқа рұқсат берілмейді.

## **ТАУАРДЫ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ МІНДЕТТЕР**

Сатушы сатып алушыға алды-сатты келісімшартының бүтіндігі туралы шарттарына сай болған тауарды тапсыруы шарт. Алды-сатты келісімшартында тауардың бүтіндігі белгіленбеген жағдайларда сатушы сатып алушыға бүтіндігі жұмыс мәмілесі әдеттері немесе әдетте қойылатын басқа талаптармен белгіленетін тауарды беруі шарт. Бүтін болмаған тауар тапсырылған жағдайда, сатып алушы өз ықтиярымен сатушыдан сатып алу бағасын лайықты түрде азайтуды, тауарды әділ мерзімде толықтыруды талап ету құқына ие.

Егер сатушы әділ мерзімде сатып алушының тауарды толықтыру туралы талабын орындамаса, сатып алушы өз ықтиярымен толықтырылмаған тауарды бүтін тауарға алмастыруын талап етуге, алды-сатты келісімшартын орындаудан бас тартуға және тауар үшін төленген ақша суммасын қайтаруын, сонымен қатар жеткізілген зиянды қаптауын талап етуге құқылы.

## **ТАУАРДЫҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ЖАСАЛУЫ**

Сатып алушы өз есебінен төлеуді жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды атқаруға мәжбүр. Мысалы, ақшаларды поштамен жіберу, ақша қаржыларын өткізу бойынша қаражаттар, тағы сол сияқтылар. Сатып алу бағасын төлеу міндеті алды-сатты міндетінің ақшалы характерге ие екенінен туындайды және сатушыға белгілі ақша қаржысын беруде бейнеленеді.

Тауардың сатып алу бағасы, яғни сатып алушы тарапынан сатып алушыға берілуі шарт болған ақша суммасы әдетте келісімшарт жақтары тарапынан белгіленеді.

Тауарды сақтандыру міндеті тараптардың разылығымен алды-сатты келісімшартында көзделіп, сатушыға да, сатып алушыға да жүктелуі мүмкін. Мұнда сақтандыру міндеті келісімшартта көрсетілуі шарт болған шарттардың қатарына енбейді.

Егер келісімшартта сатушы немесе сатып алушының тауарды сақтандыру міндеті көзделген болса, бірақ онда сақтандыру шарттары және тауар сақтандырылып жатқан ең төмен сумма белгіленбеген болса, сақтан-



дыру келісімшартында көзделген сақтандыру ақшасы тауар бағасынан аз болуы мүмкін емес.

## **ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР**

Кейде ең тәжірибелі сатып алушы да бірер нәрсені сатып алғаннан соң белгілі бір ділгірліктерге тап болады: көзге көрінбейтін нұқсаны, эстетикалық қасиетке ие кемшіліктері және басқалар анықталады.

Бұл жағдайда сатып алушы туындаған ділгірлікті бірінші орында тауарды сатқан ұйыммен шешуге әрекет жасауы керек. Ол өтінішті орындаудан бас тартқанда сатып алушы өз құқының басқаша қорғалуына қол жеткізуге құқылы.

Тұтынушылар құқын қорғаудың түрлі жолдары бар. «Тұтынушылардың құқын қорғау туралы», «Өнімдер мен қызметтерді сертификаттау туралы», «Сертификаттау туралы», «Азық-түлік өнімдердің сапалы және залалсыздығы туралы» Заңдар сапасыз тауар сатып алынғанында осы заңдар тұтынушылардың құқы мен мүддесінің мемлекет тарапынан қорғалуын қамтамасыз етеді.

Елімізде тұтынушылар құқының мемлекет тарапынан қорғалуын қамтамасыз ететін кеңселер:

- Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құзырындағы Өзбекстан мемлекеттік стандарттау, метрология және сертификация орталығы («Уздавстандарт»);
- Денсаулықты сақтау министрлігі;
- Мемлекеттік сәулеткерлік және құрылыс комитеті;
- Экология және қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік комитеті;
- Жекешелендіру, Монополиядан шығару және бәсекені дамыту мемлекеттік комитеті;
- республикалық, облыстық, қалалық және аудандық санитария-эпидемиология станциялары.

Олар тұтынушылардың шағымдары, арыздары мен ұсыныстарын қарайды, тұтынушылардың құқын қорғап, соттарға жүгінеді. Тауарлар қауіпсіз болуына және олардың сапасына тиісті міндетті талаптарды белгілейді, сондай-ақ бұл талаптарға мойынсұнылуына бақылауды жүзеге асырады, өндірушілер тауарлардың қауіпсіз болуын және олардың сапасына қатысты талаптарды бұзса оларға қатысты сотқа шағым арыз береді.



### **1-тапсырма.**

Сеніңше, тұтынушылар төмендегілер жөнінде қандай ұйымдарға жүгінуі, сондай-ақ қандай шаралар көруі керек:

#### **1-жағдай.**

Шетел фирмасының басшылығы жергілікті базарды оның маркасымен шығарып жатқан жасанды тауардан қорғау, сонымен қатар компания сауда маркасын сақтау бойынша шаралар қарастыруды өтініш жасады.

#### **2-жағдай.**

Азамат С. дүкеннен иістенген балық консервалары сатылғаны туралы шағыммен арызданды.

#### **3-жағдай.**

Азамат алды-сатты келісімшартын тоқтату және сатып алынған, нұқсанмен өндірілген кір жуу машинасы үшін төленген ақшасын қайтарып беруден бас тартқан дүкенге шағым айтып арызданды.

#### **4-жағдай.**

Шәйханаға келгендер сапасыз тағамдар туралы шағымданды.

#### **5-жағдай.**

Азамат наубайханада пісірілген нан өнімдерінің сапасы төмендігіне арызданды.

Тұтынушылар құқын қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктерге жүгіну тұтынушылардың құқын қорғаудың тағы бір жолы.



Тұтынушылар өз құқы және мүддесін қорғау мақсатында ерікті түрде тұтынушылар бірлестіктерін құруы мүмкін.

Тұтынушылардың бірлестіктері өз қызметін заң құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын қоғамдық бірлестік.

**«Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заң, 30-бап**

Мұндай ұйымдар заңды тұрғындарға таныстыруы және тұтынушыларға олардың заңды құқын қорғауда көмектесуі шарт. Қазірде Республика тұтынушылар құқын қорғау қоғамы мұндай міндеттерді орындауда.

Тұтынушылар құқын қорғау туралы заң болса да ең жақсы жол дұрыс тауар сатып алу. Тауарлар және қызметтер базарын үйрену, сондай-ақ заңды құқықпен оларды қалай қолдануды білу бір тауарды сатып алудан кейін болатын ділгірліктерден құтылуыдаң ең дұрыс жолы.



### **2-тапсырма.**

Сен туристік саяхатқа шығу үшін досыңмен велосипед сатып алмақшысың. Сатып алудан бұрын қандай мәлімет жинайсың?

## **ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫН СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУ**

Тұтынушы сотқа шағымдану арқылы құқын қорғауы мүмкін. Сот барлық салалар және алдымен сауда да тұтынушыны оның құқын бұзудан қорғауға міндетті.

Осылайша әрбір тұтынушы өз мүддесін қорғау құралына ие. Тек оларды білуі және оларды пайдалана алуы керек.

### **2-тапсырма.**

#### **Жағдайды үйреніп, сұрақтарға жауап бер.**

Юсуповтар жанұясы жаңа түрлі-түсті теледидар сатып алды. Бірнеше аптадан кейін теледидар істемей қалды. Келген теледидар жөндеуші ұста экранның күйгенін және оны түзету қымбат болатынын айтты. Келесі күні Юсуповтар дүкенге барып, тауарды берген сатушыға болған жағдайды айтты.

**Юсуповлардың сатушымен кездесуін көз алдына елестет. Юсуповтар мен сатушы не деуі керек (олардың орнына өзінді қойып көр).**

**Сатушы көмектесуден бас тартқанда Юсуповтар не істеуі керек? Егер арыз жазбақшы болса, кімге жіберуі керек? Хатқа қандай мәліметтер келтіруі шарт? Юсуповтардың атынан шағым хат жаз.**



Тўтынушылардың құқы бұзылған жағдайда, сотқа шағыммен арыздануға құқылы. Шағымдар, егер заңдарда басқаша ереже белгіленбеген болса, жауапты, тұтынушы орналасқан жердегі немесе зиян жеткізілген жердегі сотқа беріледі. Тұтынушылар өз құқының бұзылуымен байланысты арыздар бойынша, сонымен қатар тауар (жұмыс, қызметтер) қауіпсіз болуы және олардың сапасы үстінен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері тұтынушының (тұтынушылар белгісіз шеңберінің) мүддесін көздеп қозғатылатын шағымдар бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

**«Тұтынушылардың құқын қорғау туралы» Заңы, 29-бап**



### **3-тапсырма.**

Күн нұрын шашып тұрған күні кварталдағы бірнеше үйдің электр тармағында кернеу көтерілді. Лампочкалар күйді, СД-плейерлер, теледидарлар, басқа тұрмыстық техника істен шықты. Үй бикелері көшеге шыққанда қуатты бөлу сәтінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанына куә болды.

Әйелдер мен жөндеушілердің арасындағы жағдайда олардың орнына өзінді қойып көр. Әйелдер электриктерге қандай шағымдар айтады, ал бұған жөндеушілер не деп жауап береді? Күйген техниканы жөндеуге кім ақы төлеуі керек? Тұтынушы құқын қорғау мақсатында қай жерге шағымдануы керек?



### **Білімінді сына!**

1. Мемлекеттік кеңселердің тұтынушылар құқын қорғау бойынша міндеті неден тұрады?
2. Тұтынушы өз құқын қорғау бойынша қандай мүмкіндіктерге ие?
3. Өзбекстан Республикасының тұтынушылар құқын қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарын сана.
4. Сот қандай тұтыну салаларындағы құқықбұзушылықтарды қарайды?

## **18-§. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МҮЛІК ҚҰҚЫ**

### **ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МҮЛІК НЫСАНДАРЫ**

Күнде жүз мыңдаған адам өз пікірін көркем немесе музыкалық шығарма ретінде бейнелеу, зерттеу формулалары немесе кестелерін жазу, тапқан жаңалығының үлгілі көшірмесінің сызбаларын дайындау, тағы басқада мақсаттарда қолына қағаз алады. Мұндай еңбек рухани еңбек, онымен жаратылған шығармалар интеллектуалды мүлік дейіледі.

Алғаш интеллектуалды мүлік ұғымы 1967 жылы Дүниежүзілік интеллектуалды мүлік ұйымы құрған Конвенсия бойынша енгізілді. Өзбекстан да осы ұйымның мүшесі саналады.

Халықаралық Конвенсиялар және Өзбекстан Республикасының заңдарына сәйкес оймен және шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты жеке және мүлікті құқық жинағы **интеллектуалды мүлік** деп аталған.

### **АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

Авторлық құқы азаматтық құқықтың бір бөлігі болып, ой еңбегімен айналысатын азаматтар құқын қорғауға бағытталған.

Авторлық құқықтың мақсаты көркем қадірі мен бейнелену әдісінен (проза, поэзия, аудиожазу, тағы басқадан) тыс, басылған және қолжазба көрінісіндегі барлық шағармаларға тиісті болады.

Оны жаратуда шығармашылық еңбегі сінген тұлға шағарманың авторы саналады. Шығарма біргеліктегі шығармашылық еңбек туындысы болса, ол барлық бірге жазған авторларға да тиісті болады.

### **АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- Авторлардың мүлікті, жеке беймүлікті және занды мүддесін қорғау;
- Құқықтық қондырғылардың көмегімен ғылыми және көркем шығармаларды жарату үшін ең қолайлы жағдай жарату.



**Авторлық құқық** – ғылым, әдебиет және өнер шағармаларын жарату мен оларды пайдалануда пайда болатын байланыстарды реттейтін азаматтық құқық нормаларының жиынтығы.



### 1-тапсырма.

Төменде жазылған шығарма интеллектуалды мүлік нысаны санала ма? Бұл жағдайда авторлар құқының бұзылған немесе бұзылмағанын анықта. Олардың жұмысын интеллектуалдық еңбектің нәтижесі деуге бола ма?

Орта мектептің 10-сынып оқушылары Б. және Н. бір жыл бойы тарих оқытушысының лекциялары мен семинар жаттығуларының тақырыптарын зейінмен конспектіледі. Оқу жылының соңында материалды біраз қысқартып, оны нақтырақ баяндап, тексті сұрақтар және тапсырмалармен толтырып, сондай-ақ республикалық жоғары оқу орындарына кіріп жатқандар үшін қолданба ретінде баспадан шығарды.

Бірақ кітап басылғаннан соң бұл жеке еңбек шығармасы емес екенін және авторлар 18 жасқа толмағандықтан оны таратуға рұқсат етілмеді.



Шығарма кімнің шағармашылық еңбегімен жаратылған болса, міне осы азамат шағарма авторы деп аталады. Ғылым, әдебиет және өнер шығармаларында авторлық құқы оны жарату факті негізінде пайда болады. Авторлық құқықтың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін шығарманы тіркеуден өткізу немесе бірер-бір ресмилікті сақтау талап етілмейді.

Шығарманың түпнұсқасында немесе нұсхада автор ретінде көрсетілген тұлға егер басқа да бір жағдай дәлелденбеген болса, шығарманың авторы саналады.

**Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексі,  
1046-бап**

## АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Өзбекстан Республикасында ғылыми немесе әдеби шығарма саласындағы қатынастар: Конституция, Азаматтық кодекс, «Авторлық құқы және түрлес құқықтар туралы» (1996 жылғы 30 август), «Мүлікшілік туралы» (1992 жыл), «Электронды есептеу машиналары үшін жаратылған бағдарламалар және мәліметтер базаларының құқықтық қорғанысы туралы» (1995 жыл) заңдар, Салық кодексімен (1997 жыл) реттеледі.



- Төмендегілер авторлық құқықтың нысандары саналмайды:
- ресми құжаттар (заңдар, қаулылар және осы сияқтылар), сонымен қатар олардың ресми аудармалары;
  - ресми рәміздер мен белгілер (байрақтар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілер және сол сияқтылар);
  - халық шығармашылығы туындылары;
  - жай баспасөз ақпараты көрінісіндегі күнделікті жаңалықтарға тиісті немесе ағымдағы оқиғалар туралы хабарлар;
  - адамның қатысуымен индивидуалды шығарма жаратуға бағытталған шағармашылық қызметті жүзеге асырмастан, белгілі түрдегі өндіріс үшін молжалданған техника қондырғыларының көмегімен алынған нәтижелер.

**Өзбекстан Республикасы Азаматтық кодексі,  
1044-бап**





## 2-тапсырма.

Төмендегі жағдайларды шешу жолын тап:

### 1-жағдай.

Телевидениенің шолушылары шетелдегі оқиғалар туралы олар дайындаған ақпаратты эфирге шығарғаны үшін коммерциялық телеарнаны авторлық құқымызды бұзды деп айыптап сотқа берді.

**Бұл жағдайда авторлық құқық бұзылған ба? Бұл материалды авторлық құқық нысаны деп санауға бола ма?**

### 2-жағдай.

Алты жасар С. балалар бақшасының көмегімен халық ертегілері суреттерінің жинағын дайындады. Мұнда тәрбиешіні сурет салмай, сурет идеясы мен кейіпкерін, қасиеттері мен реңдерін айтты. Кейін ол осы суреттерді өзінің жұмысына қосып баспадан шығарды, сондай-ақ оның көмегінсіз С. ешнәрсе сыза алмайтын еді, деп ойлап суреттердің авторы ретінде оның атын көрсетпеді.

**Бұл суреттерді авторлық құқы нысаны деп санауға бола ма? Алты жасар бала шығарманың авторы бола ала ма? Бұл жағдайда оның құқы бұзылды ма?**

### 3-жағдай.

Баспа автор Н.ның романын басу үшін қабылдады. Қолжазба тексті корректор тарапынан тексеріліп, әріп қателері түзетілді. Автордың рұқсатымен текст редактор тарапынан қысқартылды және суретші тарапынан суреттермен әрленді. Кітаптың баспадан шыққан көшірмелері мұқабаланды. Романның бірінші баспасы тез сатылғандықтан баспа үйі авторға оны ағылшын тіліне аударуды ұсынды. Автордың разылығымен роман аудармашы тарапынан ағылшын тіліне аударылды.

**Саналған тұлғалардың қайсы бірі орындаған еңбегінің нәтижесі үшін авторлық құқына ие болады?**



## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ

Авторлық құқықтың қолдану мерзімі автордың бүкіл өмірі және оның өлімінен кейін 50 жыл сақталады. Автордың аты-жөніне, автор абыройын қорғау құқы бұған кірмейді, бұлар мерзімсіз қорғалады. Авторлықта жаратылған шығармаға деген авторлық құқы бірге жазылған авторлардың бүкіл өмірінде және олардың арасында ұзақ өмір сүрген тұлғаның өлімінен кейін 50 жыл барысында сақталады.

Авторлық құқықтың қолдану мерзімі біткеннен кейін, шығарма әлеуметтік мүлікке айналады. Әлеуметтік мүлік саналған шығармадан әрқандай тұлға авторлық ақысын төлемей еркін пайдалануына болады.

## АВТОРЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТЫ

Автор шығармасын бітіргеннен кейін оны кең жұртшылыққа таныстыруға бел буады және оны баспадан шығару міндетін мойнына алатын кәсіпорынмен келісімшарт жасайды.

Авторлық келісімшарты шарттарында баспаға берілетін анық құқықтар, келісімшарттың мойынсұну мерзімі және төленетін ақы (гонорар) мөлшері көрсетіледі. Бұл шарттардан тыс, автор және баспа үйі қажет деп санаған басқа шарттарды да енгізуі мүмкін.



**Авторлық келісімшарты** – дайын шығарма және автор белгіленген мерзімде жаратуды өз мойнына алған шығармадан пайдалану үшін автор (бірге жазғандар) және баспа үйінің арасында жасалған келісімшарт.

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

Өзбекстан Республикасында интеллектуалдық мүлік саласындағы қатынастар халықаралық құқық нормаларына негізделіп, сондай-ақ төмендегі құжаттар ескеріліп реттеледі:

- әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенциясының келісімдері (24.07.1971 жыл) ;
- авторлық құқық туралы халықаралық конвенция келісімдері (1952 жыл);
- ТМД шеңберінде жасалған авторлық және түрлес құқықтарды қорғау туралы келісімдер (10.02.1995 жыл).



© copyright

Төмендегі элементтер авторлық құқын қорғау белгілері саналады:

- 1) шеңберге алынған латынша «С» әріпі – ©;
- 2) Жеке авторлық құқық иесінің есімі (аты);
- 3) шығарма бірінші рет жарияланған жыл.

Авторлық құқық бойынша агенттік (O'zRMXA) заң құжаттарының орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асырады.



### Білімді сына!

1. Интеллектуалды мүлік нысандарының қандай түрлері бар?
2. Авторлық құқық кімнің мүддесін қорғайды? Авторлық құқық қорғайтын заңдарды сана.
3. Шығарманың авторы немесе бірге жазған авторлар кім?
4. Өзбекстанда авторлық құқық қандай мерзімге белгіленеді?
5. Авторлық келісімшарты деген не? Ол қалай, кіммен және қандай мерзімге жасалады?
6. Авторлық келісімшартына қандай шарттар енгізілуі шарт?

## 19-§. АЗАМАТТЫҚ ІСТІҢ СОТТА ҚАРАЛУ БАСҚЫШТАРЫ

### БҰЛ САБАҚТЫ ҮЙРЕНУ КЕЗІНДЕ СЕН:

- қалаған жұмыс бойынша азаматтық соттау үдерісінің басқыштарының ретін біліп алуың;
- азаматтық соттау үдерісі қатысушыларының құқы және борыштарымен танысуың;
- жұрттың алдында сөз сөйлеу білімі және дағдыларыңды жетілдіруің;
- алған білімді іс жүзінде қолдан әрекет жасап көруің мүмкін.

Істің сотта қаралуы азаматтық соттау үдерісінің негізгі басқышы саналады, ол көпшілік жағдайларда пайда болған келіспеушілікті шешумен аяқталады. Бірінші инстанциядағы соттарға азаматтық істерді судьяның жеке өзі қарайды.

Бұл сабақта сен азаматтық істің сотта қаралуын естетін үдеріске қатысасың.

Іс фактілерін ескеріп, саған ұсынылғанына қарай судья, талапкер, жауапкер рөліне кірісуге әрекет жаса, сондай-ақ азаматтық құқық негіздері бойынша алынған білімінді пайдаланып, заңға сәйкес және жағдайды ескеріп, құқықтың бұзылуын әділ шешуге әрекет жаса.



**Сатып алушының талабымен тауар басқасына алмастырылуы шарт болған жағдайларды көрсет.**

#### **1- жағдай.**

С. бағы бар саяжай сатып алды. Бірақ өндірілген жемістерді, тіпті үйдің ішіндегі бұйымдар және мабелге дейін тұрақты ұрлануы қуануына кедергі болды.

Науқан біткеннен кейін С. үйдің алдына үлкен жабайы жануарға молжалданған өзі жасаған қақпан қойды, ал жертөледе алмалар салынған ыдысқа тиген адамның басына ауыр бөрене түсетін арнайы қондырғы орнатты.

Қаңтар айында С.ны ішкі істер кеңсесіне шақырып, кәметке толмаған С. және Д.ға тиген жарақатты түсіндіруді талап етті. Жасөспірімдердің ата-анасы С.ны сотқа беріп, балаларды емдеуге жұмсалған қаражаттарды төлеуін талап етті.

С. көршілері оның үйінде тұзақ қою ниеті болғанын растады.  
С. айбын мойындады, бірақ талапты қанағаттандырудан бас тартты.

**Бұл жағдайда кімдікі дұрыс? Сот қандай шешім шығаруы керек?**

**2-жағдай.**

Ерте көктемде С. көршісі И.дің учаскесін бөліп тұратын арықтың жағасына 20 түп жеміс ағашын отырғызды. Бірнеше жылдан кейін ағаштар өсіп, жеміс берді.

Сонда тамыры бір жерде, жемісті бұтақтары басқа учаскеде болған ағаштардың жемісін кім алуы керек екені туралы келіспеушілік туындады. И. жемістерді жинауға ақысы барекенін айтты, себебі ағаштың бұтақтары оның аумағын тосып қойған, соның нәтижесінде бұл жерде ешнәрсе өспей қалған.

С. И.дің учаскесіне кіріп жемістерді жинап алмақшы болғанда ол сөгіс есітіп, үйден қуып шығарылды.

**Екі көрші келіспеушілікті шешу үшін сотқа жүгінді және рухани әрі материалдық зиянды қаптауды талап етті.**

**Көршілердің келіспеушілігін қалай шешетін едің? Олардың қай бірінің әрекеті дұрыс және не үшін? Сотқа берілген талаптың ақысын кім төлеуі керек?**

## **АЗАМАТТЫҚ СОТТАУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА НҰСҚАУ**

**Іске қатысып жатқан тұлғалар төмендегілерге құқылы:**

- іс материалдарымен танысу, олардан көшірмелер алу және көшірмелер көшіру;
- іске қатысып жатқан басқа тұлғаларға сұрақ беруге;
- сот ісі кезінде туындайтын барлық мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге;
- сот қаулысына наразы болуға, шағымдануға.

### **Дауа (талап) ісіне қатысып жатқан тараптар:**

- үдерістің қалаған басқышында соттың ісін тоқтатуға және оны тыныш жолмен шешуге құқылы, бірақ жауапкердің әрекеті заңға қайшы болса, сондай-ақ үшінші тұлғаның мүддесіне қатысты болса, сот ісін тоқтатуға көнбейді.

### **СОТ МӘЖІЛІСІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

- Судьялар мәжіліс залына кіргенде келгендер орнынан тұрады;
- Сот қаулысы оқылып жатқанда да түрегеп тыңдалады;
- сотқа қатысып жатқан тұлғалар сотқа жүгініп жатқанда және куәлік бергенде де орнынан тұрады;
- Залдағылардың барлығы сот төрағасының бұйрығын сөзсіз орындайды;
- Әрбір куәгер жеке сұралады, мұнда әлі сұрақ жасалмағандар қатыспайды;
- төрағалық етуші азаматтық соттау үдересінде қатысып жатқандардан барлығының алдында дауысын шығарып, былайша ант етуі талап етеді: «Сотта жұмыс бойынша маған белгілі барлық нәрсені айтуға ант етемін. Мұнда тек ақиқатты айтамын, шындықтан шықпаймын».

### **СОТ ІСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ**

#### **Хатшы:**

- сотқа ісі бойынша шақырылғандардан кімдердің келгенін, сондай-ақ басқалардың келмеген себебін айтады;
- сот ісінің баяндамасын жүргізеді.

#### **Судья (төрағалық етуші):**

- соттың құрамын жариялайды, іске қатысып жатқан тұлғаларға олардың қарсылық білдіру құқын түсіндіреді;
- іске қатысып жатқан тұлғаларға құқы мен борышын түсіндіреді;
- сотта сұрақ жасалып жатқандардың тұлғасын белгілейді, сондай-ақ куәлік беруден бас тартқаны үшін жауапкерлікке тартылуы туралы ескертеді (жазбаша түрде). Кәмелетке толмағандар мұндай жауапкерлік туралы ескертілмейді;

- қатысушылардың (сұрақ жасалуынан бұрын) талапкер мен жауаптыға көзқарасын (туысқандығын, тағы басқалар) анықтайды;
- сот ісінің үдерісінде туындаған мәселелерді шешеді, сот залында тәртіп орнатады.

**Талапкер:**

- бұзылған немесе келіспеушілікке себеп болған құқықтарды қорғау үшін қолданбалар береді.



**Жауапкер:**

- түсіндірулер береді, дәлелдер келтіреді, өтініштер ұсынады;
- жеке өзі немесе адвокаттың көмегімен өзін қорғау құқын жүзеге асырады;
- сотқа қосымша куәгерлер шақырылуына өтініш жасауға құқылы.

**Прокурор:**

- сот жұмысында туындайтын мәселелер бойынша қорытынды жасайды.

**Сарапшы:**

- өз қорытындысын жазбаша түрде ұсынуы керек;
- егер, сот сараптаманы сапасыз деп тапса, қайта сараптама өткізілуін тағайындауы мүмкін.

### **Куәгерлер:**

- әрбірі жеке-жеке сұралады, сұрақ жасалған куәгерлер іс біткенге дейін мәжілістер залында қалады;
- сот ісінде тексеріліп жатқан жағдай бойынша оларға белгілі барлық мәліметтерді беруге мәжбүр, мұнда бұзып көрсетулерге жол берілмейді;
- егер куәгер 16 жасқа толмаған болса, оқытушысы, керек кезде ата-анасы да қатысуы керек.

### **АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТТА ҚАРАУ БАСҚЫШТАРЫ**

1. Сот үдерісін ашу (сот).
2. Соттың қатысушыларының келгенін тексеру (хатшы).
3. Сот залынан куәларды шығарып жіберу (хатшы).
4. Сотты жариялау және қарсылық білдіру құқық түсіндіру (судья).
5. Іске қатысып жатқан тұлғаларға олардың құқық және борыштарын түсіндіру (сот).
6. Төрағалық жасаушының жұмыстың мәнін баяндауы (дауагерге талаптарын қорғап жатқанда; жауаптыға дауагерге тән алғанын, сондай-ақ екі жаққа істі тыныш жолмен шешуді қалап жатқанын сұраумен аяқталады).
7. Дауагердің түсіндіруі.
8. Прокурордың баяндамасы (дауагердің талаптары заңды екенін қайтарады немесе растайды).
9. Куәларды сұрақ-жауап жасайды.
10. Сарапшыдан сұрау.
11. Істі қарауды аяқтау (төрағалық жасаушы іске қатысып жатқандардан істің материалдарын бірер нәрсемен толтыруын қалайтыны немесе қаламайтынын сұрайды).
12. Соттың талқылаулары (прокурор, дауагер, жауаптының шығуы).
13. Прокурордың қорытындысы.
14. Соттың қаулы шығару үшін кеңес бөлмесіне шығып кетуі.
15. Соттың қаулыны оқып есіттіруі (төрағалық жасаушы қаулы бойынша шағым жасау тәртібін түсіндіреді және осы іс бойынша сот мәжілісін жабық деп жариялайды).

## СОТТЫҢ ӨКІМІ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БЕРУ ТӘРТІБІ

Өзбекстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексiне сәйкес бiрiншi инстанция сотының шешiм үстiнен сот тарапынан шешiм тапсырылған немесе жiберiлген күннен бастап он күн iшiнде тараптар мен iске қатысушы басқа тұлғалар, сонымен қатар iске қатысуға жұмылдырылмаған, бiрақ құқық және мiндеттерi туралы мәселе сот тарапынан шешiлген тұлғалар апелляция инстанция сотына соттың шешiм iсiнен кейiнгi әрекеттерiне тосқауыл болатын жағдайларда соттың шешушi қаулысынан жеке арыз беруi, ал прокурор протест келтiруi мүмкiн.

Апелляция инстанциясы соты жеке шағым немесе жеке протесттi қарап:

- 1) шешiмдi өзгертусiз қалдыруға, шағым немесе жеке протесттi қанағаттандырмауға;
- 2) шешiмдi бекер етуге және жұмысты мазмұны жағынан қарау үшiн бiрiншi инстанция сотына жiберуге;
- 3) шешiмдi толық немесе жартылай өзгертуге немесе бекер етуге және мәселенi мазмұнына қарай шешуге құқылы.

Занды күшiне енген, апелляция тәртiбiнде қаралмаған шешушi қаулылардың үстiнен олар заңды күшiне енген күннен бастап алты ай iшiнде тараптар мен iске қатысуға жұмылдырылған басқа тұлғалар, сонымен қатар iске қатысуға жұмылдырылмаған, бiрақ құқы және мiндеттерi туралы мәселе сот тарапынан шешiлген тұлғалар кассация тәртiбiмен шағым беруi және прокурор протест келтiруi мүмкiн.



### Бiлiмiндi сына!

1. Дауа үдерiсiнде сот iсiнiң қандай басқышында тараптар сот iсiн тоқтату құқына ие?
2. Сот iсiн өткiзудiң реттiгiн сана.
3. Азаматтық iс бойынша сот үдерiсiнiң қатысушыларын, олардың құқық және мiндеттерiн сана.



## V БӨЛІМ. ЕҢБЕК ҚҰҚЫ



### 20-§. ЕҢБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚАТЫНАСТАР

#### ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Еңбек құқы құқықтың ең маңызды тармақтарының бірі. Оның қызметкерлер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қатынастарын реттеуде маңызы зор.

Еңбек туралы заң құжаттары Еңбек кодексі, Өзбекстан Республикасының заңдары мен Олий Мажлистің қаулылары, Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қарақалпақстан Республикасының заңдары мен Жоқарғы Кеңестің қаулылары, Өзбекстан Республикасы Үкіметінің, сондай-ақ Қарақалпақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, мемлекеттік биліктің басқа да өкілдік және атқарушы органдары өз өкілеттері аясында қабылдайтын қаулылардан тұрады.



Әрбір тұлға еңбек ету, еркін кәсіп тандау, әділ еңбек жағдайларында жұмыс істеу мен заңда белгіленген тәртіпте жұмыссыздықтан қорғалу құқына ие. Сот өкімімен тағайындалған жазаны өтеу тәртібінен немесе заңда белгіленген басқа жағдайлардан тыс мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 37-бап**

Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен Еңбек кодексіне сәйкес барлық азаматтар еңбек құқына ие болуы және оларды пайдалануда бірдей мүмкіндіктерге ие. Жынысы, жасы, нәсілі, ұлты, тілі, әлеуметтік келіп шығуы, мүліктік жағдайы мен лауазым статусы, дінге көзқарасы, наымы, қоғамдық бірлестіктерге мүшелігі, сонымен қатар қызметкерлердің жұмыс қабілетіне, олардың еңбегінің нәтижесіне қатысы болмаған басқа жайттарға қарап еңбекке қатысты көзқарастар саласында әрқандай шектеулерге немесе жеңілдіктер белгілеуге мүмкіндік бермейді, сондай-ақ бұл кемсіту деп саналады. Еңбек саласында өзін кемсітілген деп санайтын тұлға кемсітілуді жоюы, сондай-ақ өзіне жеткізілген материалдық және рухани залалды төлеу туралы арызбен сотқа шағымдануы мүмкін.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы және Еңбек кодексіне сәйкес еңбекті шынайы реттеудің төмендегі қағидаттары белгіленген:

- әрбір тұлға еңбек етуі;
- еркін жұмыс тандауы;
- шынайы еңбек шарттары негізінде жұмыс істеуі және заңда белгіленген тәртіпте жұмыссыздықтан қорғалуы;
- өз еңбегі үшін ақы алуы;
- мерзім шекарасы белгіленген жұмыс уақытын белгілеуі, бірқатар кәсіптер мен жұмыстар үшін жұмыс күнін қысқартуы, әр апталық демалыс күндері, мереке күндері, сонымен қатар ақы төленетін жылдық еңбек демалыстарын беру арқылы қамтамасыз етілетін демалыс;
- қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін жағдайда еңбек етуі;
- кәсіпке даярлау, қайта даярлау мен білімін жетілдіруі;

- жұмыспен қатар денсаулығына немесе мал-мүлкіне жеткізілген зиянның орнын толтыруы;
- кәсіподақ ұйымдарына, сондай-ақ қызметкерлер мен еңбек ұжымдарын бейнелейтін басқа ұйымдарға бірігуі;
- қартайғанда, еңбек қабілеті азайғанда, бағушысынан айырылғанда және заңда белгіленген басқа жағдайларда әлеуметтік қамтамасыз етілуі;
- өзінің еңбек құқын қорғауы, атап айтқанда сот арқылы қорғау және білікті заңды көмек алуы;
- ұжымдарға тиісті еңбек келіспеушіліктерінде өзінің мүддесін қуаттау құқына ие.

Мың жылдардан бері адамзат материалдық және рухани байлықтар жаратарда өз қызметін дамыту мен жетілдіру басқышынан өтті. Еңбектің арқасында адамда өзінің ниеті мен қалауын жүзеге асыру, қоғамда өз орнын табу, тұлға ретінде өз статусын белгілеу мүмкіндігі пайда болды. Еңбектің арқасында адамда өзін-өзі тәрбиелеу, ұйымшылдық, басқа адамдармен ынтымақтастық жасау қабілеті сияқты пайдалы қасиеті пайда болды.

Еңбек құқы құқықтың ең маңызды тармақтарының бірі. Ол жұмысшылар мен жұмыс берушілердің арасындағы еңбек қатынастарын реттеуде негізгі орын иелейді.



**Еңбек құқы** – еңбек қызметі үдерісінде пайда болатын адамдардың арасындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы.

**Еңбекке қатысты қатынастар** – адамдардың арасындағы байланыс болып, еңбек қызметі үдерісінде пайда болады және белгіленген еңбек тәртібіне мойынсұнуға негізделеді.

## ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Адамдардың өмірі мен дамуы үшін қажетті барлық нәрсе еңбекпен жаратылады. Бұдан қоғам мен өз алдына әрбір адамның өмірінде еңбекке қатысты қатынастар сомдайтын рөл айқын көзге тасталады. Еңбек үдерісінде пайда болатын әлеуметтік қатынастарды реттемей, еңбек нәти-

желілігін және тиісінше жұмыс істеп жатқандардың материалдық, мәдени дәрежесін арттыруға болмайды. Сонымен еңбек туралы заң құжаттарының міндеттері:

- жұмысқа қабылдау тәртібін сәйкестендіру мен еңбек келісімшартын тоқтату;
- әділ және қауіпсіз еңбек жағдайы;
- қызметкерлердің еңбек құқын қорғау;
- еңбек етіп жатқандардың денсаулығын қорғау;
- еңбек және жалпы өндірістің нәтижелілігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттің барлық халқының материалдық және мәдени дәрежесін жақсарту саналады.



## ЕҢБЕК ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Еңбек құқына негіз болатын дерек көздер Конституция мен Еңбек кодексі, олардың белгіленген мерзімі бүкіл Өзбекстан Республикасының аумағына енгізіледі, сондай-ақ Адам құқы Жалпы Декларациясы (23-бап), Халықаралық Еңбек Ұйымының конвенциясы (2-бап), Республика Президентінің Жарлықтары, заңдар мен Министрлер Кабинетінің қаулылары, баж, салық, тағы басқа келісімдер, сондай-ақ ұжым келісімшарттары саналады.

Еңбек құқының ерекшеліктері іс жүзінде әрқандай мәселе, егер мұндай қаулы Еңбек кодексі ережелеріне қайшы болмаса және қызметкердің жағдайын жамандатпаса еңбек келісімшарты (контракт) негізінде

шешілуі мүмкін. Әйтпесе контракт заңсыз саналады. Мысалы, акционерлік қоғамда 9 сағатқа жалғасатын жұмыс күні белгіленген, ал бұл еңбек туралы заңның бұзылуы саналады.

## ЕҢБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Еңбекке қатысты қатынастардың қатысушылары (субъектілері) төмендегілер:

- **қызметкер:** 16 жасқа толған, еңбек келісімшарты негізінде жұмыс істеп жатқан Өзбекстан Республикасының азаматтары, шетелдің азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар;
- **жұмыс беруші:** мүлікшілік формасынан тыс әрқандай кәсіпорын, сондай-ақ 18 жасқа толған тұлғалар;
- **еңбек ұжымы:** еңбек келісімшарты негізінде жұмыс істеп жатқан кәсіпорын қызметкерлері;
- **қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өкілдік кеңселері:** кәсіподақ ұйымдары мен олардың кәсіпорындағы сайланатын кеңселері.



Барлық азаматтар еңбек құқына ие болу және оларды пайдалануда бірдей мүмкіндікке ие.

### Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 6-бап

Әрбір тұлғаның еңбек құқын қорғау кепілденеді, бұл қорғаныс еңбек туралы заң құжаттарына мойынсұнуды тексеретін және бақылайтын органдар, сонымен қатар еңбек келіспеушіліктерін қарайтын органдар тарапынан жүзеге асырылады.


### Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 8-бап

## ЕҢБЕК ҚҰҚЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Құқықтың басқа салаларындағыдай еңбек құқында да жұмыс берушілер мен қызметкерлер мойынсұнуы міндетті болған еңбекке қатысты қатынастардың негізгі қағидаттары белгіленген;

- Еңбек еркіндігі қағидаты: мәжбүрлі еңбекке тыйым салу, ол әрбір тұлға өзінің еңбекке қабілеттілігін пайдалану құқына ие екенін, яғни азаматтардың еңбек ету борышы заңда көзделмеуін аңғартады.

- Еңбек ету құқын қамтамасыз ету, жұмыссыздықтан қорғау қағидаты: мемлекеттік кеңселер оны алуға қалау білдіргеннің барлығына лайықты жұмысты ұсыну үшін барлық шараларды қарастыруға міндетті. Жұмыс табу кезінде жұмыссыздық бойынша төлемақы төленеді.
- Еңбекте және жұмысбастылықта тең құқықты қамтамасыз ету қағидаты: еңбекте дискриминация жасауға, әйелдер мен еркектерге ақы төлеуде, нәсіліне қарай, азаматтығы жоқ тұлғаларға қарағанда мемлекеттің жұмыс істеп жатқан азаматтарға көбірек құқық беру, тағы сол сияқтыларға тыйым салу.
- Демалыс, еңбекті қорғау құқын қамтамасыз ету қағидаты: еңбек заң құжаттарында азаматтардың демалыс құқы көзделген, оған сәйкес жұмыс орны мен орташа жалақысы сақталып жылдық еңбек демалыстары беріледі.
- Еңбек құқы мен еркіндігін қорғау құқын қамтамасыз ету қағидаты, тағы сол сияқты.





Еңбек кодексіне сәйкес төмендегідей жағдайда жұмыс істеу шарт саналады:

- әскери немесе мерзімді қызметті өтеу кезінде;
- төтенше жағдайларда;
- сот өкімі күшіне енуі негізінде.



### **Мына мәселелерді шеш:**

#### **1-жағдай.**

Басы жарақаттанған соң М.ның тез-тез басы ауыратын болды, мұндай кездерде жұмыс істей алмай қалатын. Бұл туралы оның медициналық картасына толық жазылған. Бірақ бұл жазу М.ның өмірінде ұнамсыз жағдайға себеп болды: оған қамқорлық керек екенін айтып еш жерде жұмысқа тұра алмады.

**Бұл жағдайда еңбек заңдылығы бұзылды ма? Егер бұзылған болса, демократиялық қоғамның қайсы заңы бұзылған?**

#### **2-жағдай.**

Автомобиль жүргізушісі ретінде қайта тіктелетін қызметті өтеу кезінде сержант М. өзі қызметін өтеп жатқан кәсіпорынның қосалқы ауласын тазалаудан бас тартты. Кәсіпорын директоры М.да бұған дейін жұмысқа қатысты ескерту болмағанына қарамастан М.ға тоқсандық сыйақы бермеу туралы бұйрық шығарды.

**Кімдікі дұрыс? Келіспеушілікті шешуге қатысты өз пікіріңді айт. Демократиялық қоғамның заңдарын армияда қолдану мүмкін бе, сен не деп ойлайсың?**



### **Біліміңді сына!**

1. Өзбекстанның еңбек заңдылығы міндеттерін сана.
2. Еңбек заңдылығының өзіне тән қасиеттері неден тұрады?
3. Еңбек құқының дерек көздерін сана.
4. Еңбек құқының субъектілері кімдер?
5. Еңбек құқының «еңбек екені» қағидаты нені аңғартады?
6. Еңбек ету құқын қамтамасыз ету қалай жүзеге асырылады?

## 21-§. ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ

### ЕҢБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕСІН МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОРҒАУ

Базар қатынастарын дамыту жағдайында еңбек келісімшартын жасап жатқан тараптардың әрбірі кәсіпорын қызметін жақсартуға мүдделі, себебі мұнда әрбір қызметкердің тұрмыс деңгейі де артады. Сонымен қатар еңбек қызметі үдерісінде еңбек құқының ерекше нормаларын қолдау себебіне орай келіспеушіліктер туындауы мүмкін.

Еңбек кодексіне сәйкес (21-бап) еңбекке қатысты қатынастарда қызметкерлердің мүддесін қорғауды кәсіпорындағы кәсіподақ ұйымдары, олардың сайлап қойылған кеңселері (кәсіподақ ұйымдары комитеттері) еңбек келіспеушілік комиссиялары, сондай-ақ аудандық және қалалық соттар жүзеге асыруы мүмкін. Кәсіпорында қызметкерлердің мүддесін бейнелейтін ұйымдардың қызметі тек оларды сайлаған қызметкерлердің қаулысына сәйкес, сонымен қатар қолданыстағы заң құжаттарына қайшы әрекеттер жүзеге асырылғанда – сот тарапынан тоқтатылуы мүмкін.

### ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫ

Жұмысшы және жұмыс берушінің өзара құқық және міндеттерін анықтауда ұжым және жеке тәртіптегі еңбек келісімшарты (контракт) маңызды орын иелейді. Ол еңбек қатынастарының пайда болуы үшін негіз болып қызмет етеді.



**Еңбек келісімшарты** – бірер мамандық, тәжірибе, тараптардың келісімімен белгіленген шарттарда ішкі тәртіпке мойынсұнумен қатар лауазым бойынша жұмыстарды орындау туралы қызметкер мен жұмыс берушінің келісімі.

### ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ ШАРТТАРЫ

Егер тараптар олардың құқық және борыштарын белгілеп беретін шарттарға қатысты келісімге қол жеткізген болса, еңбек келісімшарты жасалған саналады.

Тараптар тарапынан жасалатын шарттар көп, осыған байланысты еңбек заңдары екі топтағы шарттарды қарайды: негізгі және қосымша. Қо-



сымша шарттар толық келісіп жатқан тараптарға байланысты және заңдылық тарапынан шекараланбайды.

**Төмендегілер жұмыс беруші болуы мүмкін:**

- кәсіпорындар, атап айтқанда олардың ерекше құрамдық бөлімшелері өз басшылары көрінісінде;
- мүлік иесінің өзі бір уақытта басшы болған жекеменшік кәсіпорындар;
- 18 жасқа толған кейбір тұлғалар заң құжаттарында көзделген жағдайда;
- Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіпте қызметкер жалдайтын жеке тәртіптегі кәсіпкерлер.

**Әрбір қызметкер:**

- өз еңбегі үшін заң құжаттарында Еңбекке ақы төлеу бір тариф сеткасының бірінші разряды бойынша белгіленгенінен аз болмаған мөлшерде ақы алу;
- мерзім шекарасы белгіленген жұмыс уақытын орнату, бірқатар кәсіптер мен жұмыстар үшін жұмыс күнін қысқарту, әр апталық демалыс күндері, мереке күндері, сонымен қатар ақы төленетін жылдық демалыстар беру арқылы қамтамасыз етілетін демалыс;
- кәсіпке дайындау, қайта даярлау мен білімін жетілдіру;
- жұмыспен қатар денсаулығын немесе мал-мүлкіне жеткізілген зиянның орнын толтыру;
- кәсіподақ ұйымдарына, сондай-ақ қызметкерлер мен еңбек ұжымдарының мүддесін бейнелейтін басқа ұйымдарға бірігуге;
- қартайғанда, еңбек қабілетін жоғалтқанда, бағушысынан айрылғанда және заңда көзделген басқа жағдайларда әлеуметтік қамтамасыз алу;
- өзінің еңбек құқын қорғау, сонымен қатар сот арқылы қорғау және білікті заңды көмек алу;
- ұжымдарға қатысты еңбек келіспеушіліктерінде өз мүддесін қолдау құқына ие.

**Жұмыс беруші:**

- кәсіпорынды басқару және өз өкілеттері аясында тәуелсіз қаулы қабылдау;
- заң құжаттарына сәйкес жеке тәртіптегі еңбек келісімшартын жасау және тоқтату;

- еңбек келісімшартында шарт етіп көрсетілген жұмысты өз дәрежесінде орындауды қызметкерден талап ету;
- өз мүддесін қорғау үшін басқа жұмыс берушілермен бірге қоғамдық бірлестіктер жасау мен мұндай бірлестіктерге мүше болу құқына ие.

Еңбек келісімшарты жасалғаннан кейін бұйрық шығарылады, ол қызметкерге қол қойдырып, жарияланады. Жұмысқа қабылдау келісімшартта көрсетілген күннен саналады.

## ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫ

- белгіленбеген мерзімге;
- белгіленген мерзімге (быс жылдан артық болмаған);
- белгілі жұмысты орындау кезінде жасалады.

Өзбекстан Республикасы еңбек заң құжаттарына сәйкес адамның еңбекке қабілеттілігі (яғни еңбекке деген өз құқын жүзеге асыру қабілеті) 16 жастан басталады.

Жастарды еңбекке дайындау үшін жалпы білім беретін мектептер, орта арнаулы, кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушылары олардың денсаулығына, сондай-ақ рухани және ақылақтық кемелденуіне зиян жеткізбейтін, білім алу үдерісін бұзбайтын жеңіл жұмысты оқудан бос уақытта атқаруы мүмкін – олар он бес жасқа толғаннан кейін ата-анасының бірі немесе ата-анасының орнын басатын тұлғаның бірі жазбаша разылық берумен жұмысқа қабылдауға рұқсат беріледі.



### 1-тапсырма.

Өзара рөлдерді (қызметкер мен жұмыс беруші) бөлісіп ал және кәмелетке толмағанды жұмысқа қабылдау туралы еңбек келісімшартының мәтінін жаз. Мұндай жаста жұмыстың ерекшеліктеріне мән бер.

Еңбек келісімшарты жазбаша түрде жасалады...



... Еңбек келісімшарты бірдей күшке ие болған кемінде екі көшірмеде жасалады және әрбір тарапқа сақтау үшін тапсырылады.

**Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 74-бап**



## 2-тапсырма.

Кеңесіп, қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушілікті шешуге қатысты өз варианттарыңды ұсын. Пайда болған келіспеушіліктің қалай алдын алуға болатынын айт.

### Жағдай.

Зауыт директоры сыныптасы, білікті маманды қуанышпен қарсы алды. Оның мектепті бітіргеннен кейінгі өмірі туралы сұхбаттасып, мектептегі дәуірді еске алып А.ны дереу жұмысқа алу туралы бұйрық шығарды.

– Ресмилендіруден кейін, - деп қолын сілтеді қызметкерлер бөлімінің бастығына....

Бір айдан кейін бұл достар еңбекақының мөлшері, жұмыс уақыты мен шарттарын анықтау кезінде жанжалдасып қалды. Ақыр соңында А. өзінің қалауымен жұмыстан кетті. Сөйтіп достар дұшпандардай айырылысты.

**Сонымен, оқиғалардың бұлай аяқталуының қалай алдын алуға болатын еді? Кәсіпорында жұмыс бастаған А. қандай қателіктер жасады?**

### Білімінді сына!



1. Қызметкердің мүддесін қайсы ұйым қорғайды?
2. Еңбек келісімшартына қандай шарттар енгізілуі шарт?
3. Еңбек келісімшарты қанша мерзімге жасалады?
4. Қызметкерді неше жастан және қандай жағдайда жұмысқа тарту мүмкін?
5. Еңбек келісімшартына қандай қосымша шарттар енгізілуі мүмкін?

## 22-§. ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ

### КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқушылардың еңбек тәрбиесі, оларды жайлап еңбекке баулу мақсатында заңда кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыруға рұқсат етіледі. Мұнда денсаулығына зиян жеткізілмейтін және мектептегі оқуына кедергі келтірмейтін жеңіл еңбекті беру, сондай-ақ ата-анасының немесе олардың орнын басатын тұлғаның разылығы әлбетте, шарт саналады. Соңғы шартты осымен түсіндірсе болады, ата-анасы жасөспірімді жұмысқа орналастырудан бұрын жұмыс жағдайымен танысуы және оның денсаулығына қауіп төнген кезде, контрактты жасаудан бас тартуы керек. Жасөспірімнің өмірлік тәжірибесі жоқтығынан істейтін жұмыстың зиянды жағдайына мән беру керек.

### ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ:

#### **15-жастан:**

- ата-анасынан бірінің жазбаша разылығымен (өйткені, ата-анасы жұмыс жағдайын білуі және оған разы болуы шарт);
- демалыс кезінде немесе оқу уақытынан бос кезінде (аптасына 12 сағаттан көп болмаған);
- толық емес жұмыс күні (аптасына 24 сағаттан көп болмаған жағдайда);
- жеңіл еңбекті орындау үшін (бір уақыттың өзінде 4,1 кг нан ауыр емес жүктерді тасу);

#### **16-дан 18 жасқа дейін:**

- ата-анасының бірінің жазбаша түрдегі разылығымен;
- толық емес жұмыс күні жағдайында (аптасына 36 сағаттан көп болмаған);
- жеңіл еңбекті орындау үшін (бір уақыттың өзінде 4,1 кг нан ауыр болмаған).

## ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ҚОСЫМША КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР



- 16 жастан 18 жасқа дейінгі тұлғалардың жұмыс уақыты тек жүктерді қолда көтеру және тасумен байланысты болған жұмыстар болса, олар үшін жүк көтеру, тасу нормасы 4,1 кг.нан ауыр болмауы, сонымен қатар олар арба мен воганетканың көмегімен жүк тасуы қамтамасыз етілуі керек.
- 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жұмыс уақытының үштен бір бөлігі жүкті қолда көтеру мен тасумен байланысты жұмыстардан тұратын, қолмен жүк көтеру және тасу нормаларының шекарасы: ұл балалар үшін – 6,5 килограмнан, қыздар үшін – 3,5 килограмнан аспауы керек.
- 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың жұмыс уақыты тек жүктерді қолда көтеру және тасумен байланысты жұмыстардан тұратын болғанда олар үшін жүк көтеру және тасу нормасының шекарасы 2 килограмнан аспауы керек.
- 16 жасқа дейін болған кәмелетке толмағандарға арба және воганетка көмегімен жүк тасуға рұқсат етілмейді.

*(Он сегіз жасқа толмаған тұлғалар көтеруі және тасуы мүмкін ауыр жүк нормаларының шекарасын белгілеу туралы Ереже)*

### КЕҢЕС БЕРЕМІЗ

#### ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҰРМІН

Іс жүзіндік тәжірибеге ие болмай, көңілге қонымды, сонымен қатар мамандық бойынша жұмыс табу қиын мәселе. Бірақ бұл жұмыс тапқанға дейін қарап отыр дегені емес. Егер бүкіл Өзбекстанда болмаса да, тым болмаса өзің жасайтын мөлтекауданда жұмыс табуға жарнама бер:

- жарнаманы (ол үшін белгіленген жерлерге) жабыстыр;
- жұмыс бар екені немесе жоқтығы туралы сұрақпен мемлекеттік және жеке кәсіпорындарға жүгін;
- аудандық жұмыспен қамтамасыз ету орталығына бар;
- газеттегі жарнамаларды қарап жүр.



Ең қызықты шарттармен ұсынылған жұмыстан, егер оны келісім-шартқа қол қоюсыз ұсынса келіспегенің мақұл. Көп жағдайда мұндай жұмысқа «қабылдау» бернеше айдан кейін де жалақы төлемей, жұмыстан босатып жіберуі мүмкін.



### **Білімінді сына!**

1. Еңбек құқының негізгі дерек көзін сана.
2. Еңбек құқының өзіне тән ерекшеліктері нелерден тұрады?
3. Еңбек қатынастары қандай қағидалар негізінде құрылады?
4. Еңбек қатынастары саласында қызметкерлер мүддесін қайсы ұйым қорғайды?
5. «Мәжбүрлі еңбек» дегенде нені түсінесің және қандай жағдайда мұндай еңбекке тыйым салынады?
6. «Еңбек келісімшарты» түсінігін сипатта. Ол қандай формада жасалады?
7. Еңбек келісімшартын ауызша жасауға бола ма?
8. «Еңбек келісімшарты» және «контракт» түсініктері арасындағы ерекшелік неде?
9. Еңбек келісімшартын не үшін жасау керек?
10. Еңбек келісімшартының мәтініне қандай шарттар енгізуге керек?
11. Неше жастан бастап жұмысқа қабылданады?

## 23-§. ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАНДА ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСМИЛЕНДІРУ

### ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Еңбек заңдылығымен жұмысқа қабылдауда әкімшілік талап етуі шарт болған құжаттардың нақты тізімі белгіленген. Жұмыс берушіге жұмысқа қабылдауда заңда көзделмеген құжаттарды талап етуге қатаң тыйым салынады.

Жұмысқа қабылдау әкімшіліктің бұйрығымен ресмилендіріледі, бұйрық әрине, қызметкерге айтылып, бұл туралы тілхат алынады. Бұйрықта штат кестесіне сәйкес қызметкер жұмысқа қабылданған лауазымның нақты аты көрсетілуі керек. Бұйрыққа орай еңбек кітапшасына да жазылып қойылады. Жұмыстың басталуы әдетте еңбек келісімшартын жасауда әкімшілікпен келісімге байланысты белгіленеді. Бірақ бұйрық шығуы немесе еңбек келісімшартын ресмилендіруден тыс, шынында жұмысқа түсу міндетін орындау саналады.

Сөйтіп, жұмыс беруші қызметкерден төмендегі құжаттарды талап етуге міндетті:

#### **15 жастан 16 жасқа дейін:**

- ата-анасының бірі немесе қамқоршының жазбаша разылығы;
- оқу орнының анықтамасы (ол шынында да осы мектептің оқушысы екені туралы, оқу уақыты көрсетілуі керек);
- туылу туралы куәлік пен жасайтын орнынан анықтама;
- денсаулығы туралы анықтама;

#### **16 жастан 18 жасқа дейін:**

- жасайтын жерінен анықтама немесе паспорт (тұрақты немесе уақытша жасайтын жері көрсетілген болуы керек);
- әскерге шақырылушының тіркелу куәлігі (қорғаныс бөлімінен);
- мәліметі мен мамандығы туралы құжат;
- денсаулығы туралы анықтама;

#### **18 жастан:**

- паспорт (тұрақты немесе уақытынша тіркелгені яғни жасайтын жері бойынша есепте тұрған белгісімен);
- еңбек кітапшасы (алғаш рет жұмысқа кіріп жатқандар – соңғы жұмысы туралы жасайтын жерінен анықтама);

- әскери билет немесе тіркелу куәлігі (әскери қызметке міндеттілер немесе шақырылушылар үшін);
- жоғары немесе орта оқу орнын тәмамдағаны туралы диплом немесе белгілі жұмысты атқару құқын беретін куәлік.



Жұмысқа қабылдау кезінде жұмысқа кіріп жатқан тұлғадан заң құжаттарында көрсетілмеген құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

**Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 80-бап**

Жасөспірімдер тек алдын ала медициналық тексеруден өткізіліп, жұмысқа қабылданады, кейіннен олар 18 жасқа толғанға дейін мұндай тексеруден жылда өткізіледі. Бұл орындап жатқан жұмыстың олардың денсаулығына тиюі мүмкін ұнамсыз әсерін тексерумен байланысты. Кәметке толған қызметкерлер ауыр жұмыстарда немесе зиянды, қауіпті жұмыс жағдайларымен байланысты болса, осы мақсатта әр жылы мәжбүрлі медициналық тексеруден өтеді. Медициналық тексеру азық-түлік өнімдерін өндіретін, адамдарды емдейтін, балаларды тәрбиелейтін қызметкерлер үшін міндетті. Мұнымен олар қызмет етіп жатқанында келушілердің қауіпсіздігі кепілденеді. Қызметкер медициналық тексеруден өткенде ақы төлемейді.



Жұмыс беруші төмендегі санаттағы қызметкерлерден денсаулығы туралы мәліметтерді талап етуге міндетті:

- 18 жасқа толмағандар;
- 60 жасқа толған еркектер, 55 жасқа толған әйелдер;
- мүгедектер;
- еңбек жағдайы қолайсыз, сонымен қатар транспортпен байланысты жұмыстарда істейтіндер;
- балаларды емдеу, тәрбиелеу және тәлім-тәрбие берумен айналысатындардан.

Көрсетілген жағдайда жұмыс беруші медициналық тексеруден өтпеген тұлғаны жұмысқа қабылдауға, жұмысқа кіріп жатқанда одан өтуден бас тартуға құқылы емес.



## ЕҢБЕК КІТАПШАСЫ

Еңбек кітапшасы қызметкердің еңбек тәжірибесін растайтын негізгі құжат.

Еңбек кітапшасы:

- жұмысқа алғаш кіргенде – жұмыс басталғаннан 5 күннен кешіктірмей толтырылады;
- жоғалғанда – көшірмесі жазып беріледі (кейіннен бұрынғы жазулары да тіктеледі).

Оған төмендегі жазулар жазылады: жұмысқа қабылданған уақыты, мамандығы, лауазымы, ынталандырулары, жұмыстан босаған уақыты.



## СЫНАҚ МЕРЗІМІ

Жұмыс берушінің қаулысына сәйкес қазметкерді тапсырылып жатқан жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін оны жұмысқа қабылдау сынағы туралы шартпен ресмилендірілуі мүмкін. Мұнда анық сынақ мерзімі белгіленеді. Заң құжаттарында ең көп мерзім – 3 ай етіп белгіленген. Сынаққа төзімі жетпеген тұлғалар жұмыстан босатылады. Егер қызметкер еңбек келісімшартын сынақ мерзімі шартымен жасаудан бас тартса, онда жұмыс беруші оны жұмысқа қабылдамауға құқылы.

Сынақ мерзімі қызметкердің жұмысқа қабілеттілігін ғана емес, жұмыстың оған лайықты екеніне сенім білдіру мүмкіндігін беру үшін де беріледі. Егер жұмыс оған тура келмейтінін білсе, онда ол жеке бастамасымен жұмыс берушіні үш күн бұрын жазбаша түрде хабардар етіп, жұмысты тоқтатуы мүмкін.

Өзбекстан Республикасы Еңбек кодексі 84-бабының 3-хатбасына сәйкес, жұмыс беруші төмендегі тұлғаларға сынақ мерзімін белгілеуге құқылы емес:

- жүкті әйелдерге;
- үш жасқа толмаған баласы бар әйелдерге;
- кәсіпкер үшін белгіленген ең төмен жұмыс орындары есебінен жұмысқа жіберілген тұлғаларға;
- орта арнаулы, кәсіптік-техникалық білім беретін мекемелердің, сондай-ақ жоғары оқу орындарының тиісті білім мекемесін тамамдаған күннен бастап үш жыл ішінде алғаш рет жұмысқа кіріп жатқан бітірушілер жұмысқа қабылданғанда;
- қызметкерлермен алты ай мерзімге еңбек келісімшарты жасалғанда.

Уақытынша еңбекке қабілетсіздік кезеңі мен қызметкер кешірімді себептерге орай жұмыста болмаған басқа кездерде алғашқы сынақ мерзімі енгізілмейді.

Егер алғашқы сынақ мерзімі біткенге дейін жақтардың біреуі де еңбек келісімшартын тоқтатуды талап етпесе, келісімшарттың қолданылу мерзімі жалғасады және бұдан кейін оны тоқтату жалпы негіздерде жасалады.



### Тапсырма.

Еңбек заңдылығы нормалары негізінде мына жағдайды қарап, оның шешімін тап.

#### Жағдай.

С.ны 2 айлық сынақпен аудармашы ретінде жұмысқа қабылдады. Сынақ мерзімі бітуіне екі күн қалғанда оған әкімшілік сынақ мерзімін тағы да бір айға ұзарту туралы қаулы қабылдағанын айтты.

Екі аптадан кейін кәсіпорынға аудармашы ретінде басқа қызметкер жұмысқа қабылданды, С.ға сынақ мерзіміне төтеп бере алмаған деп жұмыстан босатылғаны айтылды.

**Мұндай жағдайда еңбек заңдылығы бұзылған ба? Жұмыстан босату С. құқын бұзу санала ма? Егер олай болса, С. өз құқын қалай қорғай алады?**



#### Білімінді сына!

1. 14 жастан 15 жасқа дейінгі жасөспірімдерге жұмыстың қандай түрін орындауға тыйым салынған?
2. Жұмысқа қабылдауда әкімшілікке қандай құжаттарды ұсыну керек:  
1) 15 жастан; 2) 16 жастан 18 жасқа дейін; 3) 18 жастан?
3. Кәмелетке толмағандарды қандай шарттармен жұмысқа қабылдауға рұқсат етіледі:  
1) 15 жастан; 2) 16 жастан; 3) 17 жастан 18 жасқа дейін?
4. Жұмысқа қабылдауда сынақ мерзімі қандай мақсаттарда белгіленеді?
5. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдауда денсаулығы туралы медициналық анықтаманы талап етуі шарт па?
6. Қандай жағдайларда жұмысқа қабылдауды тоқтатуға жол беріледі?

## 24-§. ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ТӘРТІП

### ЕҢБЕКАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІН БЕЛГІЛЕУ

Еңбек келісімшартының шарттары және еңбек заңына сәйкес әрбір қызметкердің еңбекақысы оның жеке еңбек үлесі мен сапасына байланысты. Мұнда жынысы, жасы, нәсілі, ұлты, тағы басқаларға қарап еңбекақысының мөлшерін азайтуға тыйым салынады.

Жұмыс істеп жатқанда тәжірибесі немесе оның лауазымы әрбір адамның анық үлесін толық ескере алмайды. Сондықтан да еңбек үшін сыйақылардың анық индивидуалды мөлшерлері еңбекақының түрлі жүйелерінің көмегімен белгіленеді.



**Жалақы** – қызметкерге орындалған жұмыс үшін сыйақы ретінде тұрақты төленетін, еңбек келісімшартында келісілген ақшалай сумма.

Өзбекстан Республикасында еңбекке ақы төлеудің екі негізгі формасы қолданылады – уақыт және жұмыс.

Уақытбай жүйеде көбінесе жалақы жұмыс істеген уақыты ескеріліп және лауазым жалақысына орай жазылатын қызметкерлердің еңбегін бағалауда пайдаланылады.

Жұмысбай жүйеде қызметкерлердің еңбегін бағалауда әрбір дайындалған өнім бірлігінің сапасына қарай төленетін ақы түсініледі.

Еңбекақының мөлшері жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы келісімге қарай белгіленеді. Мұнда белгілі уақыт үшін жұмыс уақыты нормасын орындап берген және еңбек міндетін толық орындаған қызметкердің еңбекақысы еңбек заңдарымен белгіленген ең аз мөлшерден аз болуы мүмкін емес және ең көп мөлшері шектелмейді.

Еңбекақы төлеу мерзімдері еңбек келісімшартына қол қойғанда келісіп алынады, бірақ әр жарты айда бір реттен аз болмауы шарт.

Еңбекақының ең аз мөлшеріне қосымша төлемдер және үстемелер, сондай-ақ сыйақылар, ынталандырулар сияқты басқа төлемдер қосылмайды.



Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің күнделік жұмыс уақыты қысқартылған жағдайдағы еңбегіне ақы күнделік жұмыс уақыты толық болған кезде тиісті санаттағы қызметкерлерге берілетін мөлшерде төленеді.

Кәсіпорындарда оқудан бос кезде жұмыс істеп жатқан оқушылардың еңбегіне жұмыс істеген кезіне лайықты түрде немесе өндірген өніміне қарай ақы төленеді.

**Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 243-бап**



## 2-тапсырма.

Кестені көшір. Кәсіптердің қайсы түрін еңбекке ақы төлеу түрін жұмысбай, ал қайсы бірін уақытбай формасында төлеу пайдалы болатынын көрсетіп, оны толтыр. Өз пікіріне дәлел айт.

№ р/н	Мамандық	Ақы төлеу жүйесі		Дәлелдер
		Уақытбай	Жұмысбай	
1	Оқытушы			
2	Даяшы			
3	Құрылысшы			
4	Қарауыл			
5	Ұшқыш			
6	Кәсіпкер			
7	Кәсіпорын басшысы			
8	Аспаз			
9	Ішкі істер қызметкері			

## **ЖҰМЫС УАҚЫТЫНАН ТЫС ЖҰМЫСТАР, СОНДАЙ-АҚ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ МЕРЕКЕ КҮНДЕРІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Еңбек заңдарына сәйкес мереке күндерінде жұмыс істеуге қатаң тыйым салынады. Бірақ жұмыс уақытынан тыс, демалыс және мереке күндері қызметкерлерді жұмысқа тарту қажет кездер туындайды: табиғи апат пен өндіріс пәлекетінің алдын алу немесе тоқтату; бақытсыз оқиғалар немесе мал-мүлік жоғалуының алдын алу қажет кезде; кәсіпорынның болашағы үшін қажет болған жедел жұмыс орындау, мысалы, электр желісінің үзілуі, электротрансформаторды алмастыру қажет болғанда, мұнай құбыры немесе газ құбырының тесілуі, жолдың опырылуы, тағы сол сияқты.



Жалақы төмендегі жағдайларда екі есе мөлшерде төленеді:

- жұмыс уақытынан тыс;
- демалыс күндері;
- мереке күндері;
- немесе басқа демалыс күнін (отгулды) берумен қапталуы мүмкін.

### **ЕҢБЕК ТӘРТІБІ**

Кәсіпорында еңбек тәртібін қамтамасыз етудің қажет шарты еңбек ұжымы бекіткен ішкі тәртіп ережелері белгілейтін нақты еңбек тәртібін орнату саналады. Осыған орай әрбір қызметкер жұмыс бастардан алдын өз құқық және міндеттерімен танысуы керек.

Негізі, еңбек тәртібі еңбекке саналы көзқараста болуымен негізделеді, бірақ еңбек заң құжаттары айыпты қызметкерлерді тәртіпке шақыру шараларының белгіленуі қажет екенін ескереді.

Тәртіпті бұзғаны үшін жұмыс беруші жаза шараларын қолдануға құқылы. Оны қолдаудан алдын қызметкерден жазбаша түрде түсінік хатын сұрауы керек. Тәртіпке шақырушы жазаны дұрыс емес іс-әрекет анықталғаннан кейін, бірақ мұндай әрекет белгілі болған күннен бастап ұзағымен бір ай ішінде қолданады. Қаржы-шаруашылық қызметін тексеру немесе тексеру нәтижелеріне орай – жасалған күннен бастап екі жылдан кешіктірілмеуі керек.

Тәртіпке шақырушы жаза берілгені туралы бұйрықты қызметкерге айтып, тілхат алады.

Өзбекстан Республикасы Еңбек кодексінің 181-бабында еңбек тәртібін бұзғаны үшін жазалау түрлері:

- ескерту;
- айыппұл – орташа жалақының отыз пайыздан аспаған мөлшерде (ішкі тәртіп ережелеріне орай бұдан да үлкен айыппұл көзделуі мүмкін, бірақ ол орташа жалақының 50 пайыздан артпауы шарт);
- еңбек келісімшартын тоқтату.

### **ТӘРТІПКЕ ШАҚЫРУШЫ ЖАЗАЛАУДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

Тәртіпке шақырушы жазалаудың қолданылу мерзімі жаза қолданылған күннен бастап 1 жылдан аспауы керек. Егер қызметкер 1 жыл бойы қайта тәртіпке шақырылмаса, ол тәртіпке шақырушы жазаны алмаған саналады.



- жазаның қолданылу мерзімі 1 жыл (бір жыл өткеннен кейін өз-өзінен алып тасталады);
- жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға да болады;
- жаза еңбек кітапшасына, сондай-ақ қызметкердің жеке картасына жазылмайды;
- әрбір дұрыс емес іс-әрекеті үшін қатесі іс-әрекеті анықталғаннан кейін (ұзағымен бір айдың ішінде тек бір тәртіпке шақыру шарасы қолданылуы мүмкін);
- тәртіпке шақырушы шара қолданғаны туралы бұйрық қызметкерге айтылып, тілхат алынады.



Тәртіпке шақыру жазасы еңбек кітапшасына жазылмайды, кәсіпорында жұмыстан босағанынан кейін қызметкердің жаңа жұмыс орнына берілмейтін жеке кітапшасына жазылады. Жұмыс беруші жыл бойы өз бастамасымен, қызметкердің немесе еңбек ұжымының өтінішімен тәртіпке шақырушы жазаны алып тастауға құқылы.



Еңбек кодексінде көзделмеген тәртіпке шақыру жазасын қолдануға тыйым салынады.

**Өбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 181-бап**

## **ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫ ТАРАПТАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАУАПКЕРЛІГІ**

Қызметкер төмендегі жағдайларда жұмыс берушіге оған тікелей жеткізген зиянды толық төлеуге мәжбүр:

- арнайы жазбаша келісімшарт негізінде оған сеніп тапсырылған бағалы заттардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін;
- бір реттік құжат негізінде алынған бағалы заттардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін;
- қасахана зиян жеткізілгенде;
- алкагольді ішімдік немесе токсинді зат әсерімен мас болу жағдайында зиян жеткізгенде;
- қызметкердің соттың өкімімен анықталған қылмыстық әрекеттерінің нәтижесінде зиян жеткізілгенде;
- коммерциялық сырлар әшкере етілгенде.



Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер тек қасахана жеткізілген зиян үшін, алкагольді ішімдіктен, нашақорлық немесе токсинді зат әсерінен яки қылмыс жасау нәтижесінде жеткізілген зиян үшін толық материалдық жауапты болады.

## **ЕҢБЕК ҮШІН ЫНТАЛАНДЫРУЛАР**

Еңбекке шығармашылық көзқараста болғаны үшін және жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін қызметкерге төмендегі ынталандыру шаралары берілуі мүмкін:

- алғысхат жариялау;
- сыйақы беру;
- бағалы сыйлықпен марапаттау;
- мемлекеттік сыйлыққа ұсыну;
- еңбек келісімшартында көзделген басқа ынталандыру түрлері.



## ЕҢБЕКТЕГІ ЖЕТИСТІКТЕР ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТАР

«Шухрат» медалімен республиканың экономикасын, ғылым және мәдениетті дамыту, жас ұрпақты отансүйгіштік, сондай-ақ ұлттық тәуелсіздік және әлеуметтік өркениет идеяларына адалдық рухында тәрбиелеу жұмысында өзінің адал еңбегімен үлкен жетістіктерге жеткен Өзбекстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Өзбекстан Республикасының азаматы емес тұлғалар да марапатталады.



*Өзбекстан Республикасының Заңы, 1994 жылғы 5 май.*

«Мехнат шухрати» орденімен Өзбекстанда экономика мен мәдениеттің дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына, тыныштық пен тұрақтылықтың сақталуына қызмет ететін үлкен жұмыстары үшін марапатталады.



*Өзбекстан Республикасының Заңы, 1995 жылғы 30 август.*



Міндеттерді бөліп ал: қызметкер, шебер, шеберхананың бастығы, еңбек тәртібі комиссиясы. Бір-біріңді тараптардың әрбірінің қаулысы заңды екеніне сендір. Шебердің рұқсатымен жұмысшы Н. түскі демалыстан кейін жұмысқа шықпады. Ол мүше болған өндіріс бригадасы өз тапсырмасын орындамады. Кәсіпорынның бұйрығымен Н.ға айдың қорытындысында берілетін сыйақы берілмеді.

**Мұндай жағдайда еңбек заңы бұзыла ма?**



**Білімінді сына!**

1. Өзбекстанда еңбекақы төлеудің қайсы негізгі жүйесі бар? Олар бір-бірінен қалай ерекшеленеді?
2. Ең төмен жалақыны белгілеуде қандай шектеулер бар?
3. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа ақы қалай төленеді?
4. Еңбек заңдарында еңбек үшін қандай ынталандырулар көзделген?
5. Еңбек тәртібін бұзғанда қызметкерге қандай жаза түрлері қолданылады?

## **25-§. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ. ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ**

### **ЖҰМЫС УАҚЫТЫ**

Қазіргі қоғамда жұмысшы мен қызметкерлердің еңбегі мазмұнымен және қиындығымен ерекшеленеді. Барлық жұмыс істеп жатқандардың ісін қалай бір өлшеммен өлшеуге болады? Жұмыс уақыты осындай өлшемдердің бірі саналады. Оны реттеп мемлекет белгілі еңбек нәтижелеріне, сондай-ақ жұмыс уақытының жалғасуына қарап ынталандыру мөлшерін белгілейді, сөйтіп Конституцияда жазылған демалыс құқының шынайылығын қамтамасыз етеді.



Қызметкер үшін жұмыс уақытының нормасы аптасына 40 сағаттан артық болуы мүмкін емес.

**Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 115-бап**

#### **Жұмыс уақытының түрлері:**

- бес күндік – екі күндік демалыс күнімен;
- алты күндік – бір күндік демалыс күнімен.

### **ЖҰМЫС УАҚЫТЫ**

- 6 күндік жұмыс аптасына – күніне 7 сағат;
- 5 күндік жұмыс аптасына – күніне 8 сағат;
- 15-тен 16 жасқа дейінгі тұлғалар үшін – аптасына ұзағымен 24 сағат;
- 16-дан 18 жасқа дейін болған тұлғалар үшін – аптасына ұзағымен 36 сағат;
- жұмыс уақытынан тыс жұмыстар – қатарынан екі күн бойы ұзағымен 4 сағат;
- қатарынан екі ауысымда жұмысқа тартуға тыйым салынады;
- қолайсыз еңбек жағдайындағы жұмыстарда – аптасына 36 сағат (117-бап);
- мереке (жұмыс істемейтін) күндері қарсаңындағы жұмыстың мерзімі 1 сағатқа қысқартылады (121-бап);
- түнгі жұмыс (22.00-ден 6.00-ге дейін) 1 сағатқа қысқартылады (122-бап).



### Тапсырма.

Кәсіпорын ұжымының 5 күндік жұмыс аптасына мереке қарсаңындағы жұмыс графигін жаса. Кәсіпорын 2 ауысымда жұмыс істейді. Ұжым төмендегі жастағы қызметкерлерден тұрады:

- 15 жасқа дейін – 5 адам;
- 16 жасқа дейін – 1 адам;
- 18 жасқа дейін – 12 адам;
- 30 жастан жоғары – 20 адам.

## ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ МЕН МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ

Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес азаматтардың еңбек құқы демалыс құқымен толықтырылады. Демалу құқы дегенде қызметкерлердің еңбек міндетін орындаудан босатылған және бұдан олар өз қалауымен пайдалануы мүмкін болған уақыт түсініледі. Демалу құқының нақты көрінісіне заң тарапынан белгіленген жұмыс уақытындағы үзілістер (жұмыс басталғаннан кейін ұзағымен 4 сағаттан кейін), күнделік демалыс (жұмыс күндері мен ауысымдардың арасында), апталық демалыс күндері, мереке (жұмыс істемейтін) күндер мен демалыс күндері.



**Демалыс уақыты** – қызметкер еңбек міндетін орындаудан бос болған және одан ол өз қалауына қарап пайдалануы мүмкін болған уақыт.

**Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 126-бап**

### Демалыс уақыты:

- демалу және тамақтану үшін (ұзағымен 2 сағат);
- күнделікті демалыс (кемінде 12 сағат);
- демалыс күндері (5 күндік жұмыс аптада – екі күн, 6 күндік жұмыс аптада – бір күн);
- демалыс күндері жұмыс істеуге тыйым салынады (кейбір қызметкерлерді жеке жағдайларда жұмысқа тартуға жол қойылады, еңбекақы екі есе етіп төленеді);
- жылдық демалыстар (ең кемі – 15, ең көбі – 48 жұмыс күні);
- мереке күндері.

## Мереке (жұмыс істемейтін) күндері:

- 1 қаңтар – Жаңа жыл;
- 8 наурыз – Әйелдер күні;
- 21 наурыз – Наурыз мейрамы;
- 9 мамыр – Еске алу және қастерлеу күні;
- 1 қыркүйек – Тәуелсіздік күні;
- 1 қазан – Оқытушылар мен тәлімгерлер күні;
- 8 желтоқсан – Конституция күні;
- Ораза айт (Ийд ал-Фитр) діни мерекенің бірінші күні;
- Құрбан айт (Ийд ал-Адха) діни мерекенің бірінші күні .

## ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ



Жылдық негізгі демалыс бірінші жұмыс жылы үшін алты ай жұмыс істегеннен кейін беріледі ...

### **Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 143-бап**

Төмендегілерге олардың жасы және денсаулығының жағдайын ескеріп, жылдық ұзартылған негізгі демалыс беріледі:

- он сегіз жасқа толмаған тұлғаларға – отыз күнтізбе күн;
- жұмыс істеп жатқан I және II топтадағы мүгедектерге – отыз күнтізбе күн ...

### **Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі, 135-бап**





**Төмендегі мәселелерді шеш.**

**1-жағдай.**

Жұмысшы А. түскі демалысқа шықпай жұмыс істегені үшін жұмыстан бір сағат бұрын кетті. Кәсіпорын әкімшілігі оған ескерту жариялады және сыйақы алу құқынан айырды.

**Мұндай жағдайда жұмысшының құқы бұзылған ба?**

**2-жағдай.**

Оқушы Н. демалыс кезінде жұмысқа қабылданған еді. Автошеберхана иесімен келісіммен жұмысқа қабылдау туралы құжатты ресмилендірді. Тек бір ай үшін жалақы суммасы туралы келісіп алынды. Бұл туралы Н. және оның ата-анасы қол қойған келісімшарт жасалған еді. Үш ай бойы, соның ішінде мереке және демалыс күндері Н. үлкендермен қатар жұмыс істеді.

**Н.ның еңбек құқы бұзылған ба?**

**3-жағдай.**

Жұмысшы А. мектеп-лицейге көмекші жұмысшы болып қабылданған еді. Тез арада мектеп бойынша бұйрық шығарылып, ол 3 күн жұмысқа себепсіз келмегені үшін жұмыстан босатылды. А. сотқа өтініш жасады. Сот жұмысты көру барысында А. жұмысқа жәрдемші болып жұмысқа алынғанын, бірақ іс жүзінде қарауылдық міндетін орындағанын, оған ауысымнан кейін екі демалыс күні берілуі керек екенін анықтады.

**Бұл жағдайда А. ға қатысты еңбек заңдары бұзылған ба?**

## **ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ**

Еңбек кодексіне сәйкес (99-бап, 1 б.) қызметкер белгілі мерзімге жасалған еңбек келісімшартын да, мерзімі біткенге дейін мерзімді еңбек келісімшарты да екі апта бұрын жұмыс беруші жазбаша түрде ескертіп тоқтатуға құқылы. Ескерту мерзімі біткеннен кейін қызметкер жұмысты тоқтатуға құқылы, ал жұмыс беруші қызметкерге еңбек кітапшасын беріп онымен есеп-қисап жасауы шарт. Егер келісімшартта оны мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін өтемақы төлеуі туралы өзара міндеттері айтылған болса, онда жұмыс беруші қызметкерден келісілген ақшалай сумманы төлеуді талап етуге құқылы.



**Өтемақы (айыппұл)** – заң немесе келісімшартпен белгіленген ақшалай сумма болып, оны қарыз адам несиеге өз мойнына алған міндеттерді орындамағанда төлеуге мәжбүр.

Арызды берген күн деп оны жұмыс беруші алған күн саналады, еңбек келісімшартының тоқтатылуы туралы ескерту мерзімі арыз берілген күннен кейінгі күн саналады. Ескерту мерзімі жұмыс күндерінде емес, күнтүзбе күндерінде саналады, яғни екі апта – бұл 14 күн.

Егер ескерту мерзімі біткеннен кейін қызметкер жұмысын жалғастырса, онда еңбек келісімшартының тоқтатылуы туралы арыз өз күшін жоғалтады. Сонымен қатар қызметкер ескерту мерзімінде өзі берген арызды, атап айтқанда соңғы жұмыс күнінде де қайтарып алуға құқылы, ал жұмыс беруші келіспеуге ақысы жоқ.

Еңбек келісімшартын тоқтату негіздеріне төмендегілер енеді:

- өз қалауына орай;
- келісімшарт жасалған мерзім бітуі;
- жұмысшы немесе қызметкердің әскери (мерзімді) қызметке шақырылуы;
- келісімшартты әкімшіліктің бастамасымен тоқтату;
- қызметкерді оның разылығымен басқа кәсіпорынға өткізу;
- қызметкердің мемлекеттік басқару кеңсесіндегі сайланатын лауазымына өтуі;
- сот үкімінің заңды күшіне енуі.



Еңбек келісімшартының тоқтатылуы кәсіпорын бойынша бұйрықпен ресмилендіріледі.

Жұмыс беруші еңбек келісімшарты тоқтатылған күні еңбек кітапшасын және еңбек келісімшарты туралы бұйрықтың көшірмесін беруі шарт.

## **ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ БАСТАМАСЫМЕН ТОҚТАТЫЛУЫ**

Еңбек кодексіне сәйкес (100-бап, 2 б.) төмендегі себептер болғанда еңбек келісімшарты тоқтатылуының негізді екенін білдіреді:

- жұмыстар көлемінің қысқарғанына байланысты қызметкерлердің саны өзгергені;
- қызметкердің біліктілігі жетпеуі немесе денсаулығының нашарлауына байланысты міндетін орындай алмауы;
- қызметкердің өз еңбек міндетін тұрақты бұзуы;
- қызметкердің өз еңбек міндетін бір рет өрескел түрде бұзуы (мұндай бұзу жүйесі әрбір кәсіпорында белгіленеді);
- қосымша жұмыс істемейтін басқа қызметкердің жұмысқа қабылдануына байланысты қосымша жұмыс істейтіндер мен еңбек келісімшартының тоқтатылуы;
- мүлік иесінің алмасуына байланысты кәсіпорынның басшысымен жасалған еңбек келісімшартының тоқтатылғаны (кәсіпорынның мемлекет мүлкінен ұжым немесе жекеменшік мүлікке өтуі);
- қызметкердің зейнетке шығу жасына толғаны, заң құжаттарына сәйкес жасына байланысты мемлекеттік зейнетақы алу құқы болғанда.

Еңбек келісімшартының жұмыс берушінің бірер-бір басқа себептерімен тоқтатылуы заңға қайшы саналады.



**Жағдаймен танысып, бұзылған құқықтарды тіктеу жолдарын ұсын.**

### **1-жағдай.**

9-сынып оқушысы А. сүтті қайта өңдеу зауытына жүк тасымалдаушы етіп жұмысқа қабылданды. Сүт салынған қорапты артып жатқанда тайып кетіп жығылды, қолындағы шিশаның біразы сынды. Сүт зауытының әкімшілігі жеткізілген зиянды А.ның жалақысынан ұстап қалды. А.ның ата-анасы ақшаны қайтаруды, сондай-ақ оған жұмыстан босатылғанын еңбек кітапшасына жазып беруін сұрады. Кадрлар бөлімінде бұл орындалмады, ол кәмелетке толмаған және оған еңбек кітапшасы ашылмайтыны түсіндірілді.

**Қош, кімдікі дұрыс? Мұндай жағдайда еңбек заңы қалай бұзылған?**

## **2-жағдай.**

16 жасар жұмысшы Ұ. тұрақты түрде кәсіпорында белгіленген нормаларды орындамады, сөйтіп әкімшілік кәсіподақ ұйымына оны жұмыстан босату мәселесін қойды. Кәсіподақ ұйымы жиналысы Ұ.ны жұмыстан босатуға разылық беру туралы қаулы қабылдады және ол кәсіпорын бойынша шығарылған бұйрықпен жұмыстан босатылды.

**Бұл жағдайда еңбек заңы бұзылған ба?**

## **3-жағдай.**

Жеміс-көкөніс базасының әкімшілігі жеміс және көкөністерді жалпы жиын-терін кезінде жиналған өнімді арту және түсіруге демалыс күндерінде кәмелетке толмаған С.ны жұмылдырды. Үшінші жексенбі күні С. жұмысқа келмей, жұмысты себепсіз қалдырғаны үшін жұмыстан босатылды.

**Бұл жағдайда еңбек заңын бұзуға жол қойылған ба?**

**Егер солай болса, қайсы ережелер бұзылған?**

### **Білімді сына!**

1. Жұмыс уақыты мен демалыс уақыты түсініктері нелерден тұрады?
2. Бес және алты күндік жұмыс апталарында жұмыс уақыты неше сағатты құрайды?
3. Кәмелетке толмағандар жұмысының ерекшеліктері неде?
4. Республикада қайсы күндер мереке күндері деп белгіленген?
5. Күнделік демалыс неше сағатқа жалғасады?
6. Кезектегі еңбек демалысы неше ай жұмыс істегеннен кейін беріледі?
7. Кәмелетке толмағандарға еңбек демалысын беру ерекшеліктері неден тұрады?
8. Қандай жағдайда қызметкерді оның разылығынсыз уақытша басқа жұмысқа өткізуге болады?
9. Еңбек келісімшартын тоқтатуға нелер негіз болып қызмет етеді?
10. Кәмелетке толмағандарды жұмыстан босатудың ерекшеліктері неде?





## **26-§. ЕҢБЕК КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

### **ЖЕКЕ ЕҢБЕК КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРІНІҢ ТАРАПТАРЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

**Еңбек келіспеушілігі** – қызметкер мен жұмыс берушілердің арасында еңбек заңы құжаттарын қолдану бойынша туындаған келіспеушіліктер.

Еңбек келіспеушілігін жеке және ұжымдық келіспеушіліктер деп екіге бөлсе болады. Жеке келіспеушіліктерде белгілі бір қызметкердің құқы, оның заңды мүддесі талқыланады және қорғалады. Ал ұжымдық келіспеушілік бүкіл еңбек ұжымы немесе оның бір бөлігінің құқы, мүддесі, өкілеті қорғалады.

Бұзылған еңбек құқын тіктеу немесе қорғау мақсатында еңбек келіспеушілігі бойынша іс қозғаған тұлға дауагер саналады. Жауапты дауа бойынша жауапкерлікке тартылатын тұлға.

### **ЕҢБЕК КЕЛІСПЕУШІЛІГІН ҚАРАЙТЫН КОМИССИЯЛАР**

Барлық жеке келіспеушіліктер алдымен еңбек келіспеушілік комиссиялары (ЕКК) кәсіподақ ұйымдары федерациясы комитеті біріккен жиналысында қаралады. Егер ЕКК қаулысы наразылықтарды шешпесе онда қаулының үстінен сотқа шағымданады. Дауагер дауа арызын жазбаша түрде аудандық (қалалық) сотқа береді. 10 күндік мерзімде сот қаулысынан жоғары тұратын сотқа шағымдануы мүмкін. Заң сот қаулысының дер кезінде орындалуын көздейді. Сот қаулысы әкімшілік тарапынан 3 күндік мерзімде орындалады.

### **ЕҢБЕК КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ**

Жұмыс беруші мен кәсіпорын еңбек ұжымы ортасында келіспеушіліктер шыққанда, тараптар өз өкілдерінен комиссия құрады, мұнда келісімге қол жеткізбегенде жұмысты сотқа жібереді.

Жеке еңбек келіспеушілігін қарау тәртібі Еңбек кодексімен реттеледі, еңбек келіспеушіліктері бойынша жұмыстарды қарау тәртібі аудандық (қалалық) соттарда жүзеге асырылады және Азаматтық процессуалдық кодексмен белгіленеді.

Өзбекстан Республикасының заңдарында қызметкерлердің еңбек құқыын бұзғаны үшін жұмыс беруші мен кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының жауапты болуы көзделген. Жұмыс берушіге қызметкерге зиян жеткізгені үшін тек материалдық жауапты болу жүктелуі мүмкін. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары тәртіпке салатын, материалдық, әкімшілік, кейбір жағдайда қылмыстық жауапқа тартылады.



### **Тапсырма.**

Еңбек келіспеушіліктерін шешу бойынша сотқа берілген шағым материалдарымен танысып, еңбек келіспеушіліктері комиссиясы мәжілісін өткізіп, қаулы шығар. Жоғарыда келтірілген схема негізінде сот мәжілісінің имитациясын өткізуге болады.

10-сыныптың оқушылары Н. мен С. жазғы демалыста құрылыс учаскесінде көмекші жұмысшы ретінде жұмысқа қабылданған еді. Бірақ тез арада олардың еңбек нәтижелілігінің төмендігі және еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан босатылды. Оларға істейтін жұмысын тез орындауы керек екені, яғни келтірілген қоспаны және битон құрылыс алаңына жылдам тасымалдау керек екені айтылса да, күнде, атап айтқанда сенбі және жексенбі күндері екі сағат бұрын кетіп қалатыны айтылды.

Олармен жасалған еңбек келісімшартында олар толық жұмыс күнін істеуге разы екені жазылған еді. Келісімшарт Н. мен С.ның ата-аналарының келісімімен жасалған еді.

Н. мен С.ның ата-аналары олардың жұмысын тіктеуді талап етіп, құрылыс басшылығы үстінен еңбек келіспеушілігі комиссиясына шағым арызын берді.

Сөйтіп, жұмыс материалдарын үйреніп және еңбек заңдары негіздерін қаншалықты білетінін пайдаланып, мәселені шешуге әрекет жаса. Кімдікі дұрыс? Әкімшілік пе? Оқушылардың ата-аналары ма? Жауабыңды дәлелде.

Еңбек келіспеушілігі комиссиясы мәжілісін өткізіп жатқанда сот жұмысында айтылған дәлелдерді негізге ал.

## **ЕҢБЕК КЕЛІСПЕУШІЛІГІ КОМИССИЯСЫ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

### **Комиссия төрағасы:**

- мәжілісті басқарады;
- жұмыстың мәнін баяндайды;
- дауагер мен жауаптыдан жұмысқа қатысты қосымша жағдайды анықтайды;
- куәларды сұрақ жасайды;
- еңбек заңдары, сондай-ақ тараптардың пікірін ескеріп қаулы қабылдайды.

### **Хатшы:**

- мәжілістің баяндамасын жазады;
- еңбек келіспеушілігі комиссиясы мәжілісіне қатысушылардың келгені мен келмегенін тексереді.

### **Дауагер:**

- келіспеушілік мәніне қатысты мәлімет береді;
- бұзылған еңбек құқын тіктеу бойынша талаптар қояды.

### **Жауапкер (жұмыс берушінің өкілі):**

- шындықтың жүзеге шығуына тосқауыл жасамауға мәжбүр;
- наразылықтың мәні мен болған келіспеушілікті заңды шешу бойынша өзінің көзқарасын баяндайды.

### **Адвокат:**

- үдерістің қатысушыларына сұрақтар қояды;
- шындықты анықтау және наразылықты әділ шешу үшін заңда көзделген барлық мүмкіндікті пайдаланады;
- істі көруге дейін және оның жалғасында қажет заңды көмек көрсетеді;
- дәлелдер жалған және заңға қайшы түрде жасалғанда жауапқа тартылады.

### **Сарапшы:**

- оның алдына қойылған мәселе бойынша жазбаша мәлімет беруге міндетті.

### **Еңбек ұжымының басшысы:**

- сотқа осы келіспеушілік бойынша ұжымның пікірін баяндайды;
- жұмыстың жағдайын анықтауға көмектеседі.

## ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Еңбек келіспеушілігі қаралғаннан кейін төмендегі сұрақтар бойынша талқылау сабағын өткіз:

Өзінді ... (дауагер, жауапты, адвокат, тағы сол сияқтылардың) орнында қаншалықты дәділ сезіндің? Сабақтарда алған білім еңбек заңдары тұрғысынан қарсы тараптардың сұрақтарына жауап бергенде жеткілікті болды ма?

Сеніңше? Еңбек заңдарына сәйкес дұрыс қаулы қабылданды ма?



### Білімді сына!

1. Еңбек келісімшарты қанша мерзімге жасалуы мүмкін?
2. Қайсы жастан жұмысқа қабылдауға рұқсат беріледі?
3. Қызметкерге еңбек кітапшасы қашан ашылуы керек?
4. Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығару үшін не негіз болады?
5. Қызметкер өзінің жұмыстан босауы туралы әкімшілікті неше күн бұрын ескертуі керек?
6. Еңбек келісімшарты қандай жағдайда тоқтатылуы мүмкін?
7. Жұмыстан босаған қызметкерге еңбек кітапшасы және бұйрықтың көшірмесі қашан беріледі?
8. Жұмыс уақытының орташа мерзімі қанша?
9. Жұмыс уақытының қысқартылған мерзімі кімдерге белгіленеді?
10. Қолайсыз жағдайда жұмыс істейтін қызметкер аптасына неше сағат жұмыс істеуі керек?
11. Қайсы уақыт түнгі уақыт саналады?
12. Жұмыс уақытынан тыс жұмыс үшін қанша мерзім белгіленеді?
13. Мереке күндерін санап бер.
14. Жылдық еңбек демалысының ең аз және ең көп мерзімі қанша?
15. Қызметкерге қандай жаза шаралары қолданылуы мүмкін?

## 27-28-§§. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАЙТАЛАУ

**«Мемлекет және құқық негіздері» оқулығын үйренуде заң терминдерін қай деңгейде біліп алғаныңды үйрен. Жауап беруге қиналсаң, көрсетілген беттердегі оқулықтың мәтінін тағы да бір рет оқып шық.**

Авторлық келісімшарт	89	Еңбек келісімшартының шарттары	105
Авторлық құқық	88	Еңбек кітапшасы	113
Адам құқықтары жалпы мемлекеттік декларациясы	20-26	Еңбек құқы	99
Адамгершілік қағидаты	37	Еңбек тәртібі	118
Азаматтардың міндеттері	39	Еңбек туралы заңдардың міндеттері	100
Азаматтық	22	Еңбек үшін ынталандырулар	120
Азаматтық құқық	54	Еңбекке қатысты көзқарастар	99
Азаматтық құқықтың дерек көздері	54	Еңбекке қатысты көзқарастардың субъектілері	101
Апатрид	30	Еңбекті құқықты реттеу	98
Әкімшілік жаза	49	Жалақы	116
Әкімшілік жазаның мақсаты	50	Жеке құқық	13
Әкімшілікке қайшы әрекет	48	Жұмыс уақыты	122
Әкімшілік құқық	42	Жұмысқа қабылдау ерекшеліктері	108
Әкімшілік құқық субъектілері	43	Интеллектуалды мүлік	85
Әкімшілік мәжбүрлеу	48	Келісімдердің шынайы емес екені	60
Әрекеттер стратегиясы	15	Келісімдер	60
Балалардың құқы туралы		Конвенция	24
БҰҰ Балалар қоры	20	Конституция	10
Біріккен Ұлттар Ұйымы	17	Конституциялық жүйе	32
Еңбек демалысы	124		
Еңбек келісімшарты	104		

Конституциялық қағидаттар	33	Саяси құқық және міндет	38
Конституциялық құқық	32	Сәйкестік сертификаты	76
Қайыр-садақа	69	Сынақ мерзімі	114
Құқықты қабілет	57	Тәртіпке шақырушы жаза	119
Құқықты мәдениет	7	Тұтынушы	74
Құқықты мемлекет	30	Тұтынушылардың құқын қорғау	81
Құқықты отбасы	14	Халық билігі	37
Құқықты сана	7	Халықаралық бұқаралық құқық	13
Мәміле қабілеті	57	Халықаралық келісімшарт	10
Мүлік	63	Халықаралық қатынастар	12
Мүлік құқы	63	Халықаралық құқық	10
Оферта	67	Халықаралық құқық қатынаста- ры және олардың қағидаты	15
Өзбекстан Республикасының Конституциялық құрылымы	33	Халықаралық құқық функцияла- ры	11
Өкілдік	61		

## ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІ СӨЗДІГІ

**Адам құқықтары** – адамның мемлекетке қатысты құқықтық жағдайын характерлейтін түсінік, оның қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы мүмкіндіктері.

**Адвокат** – заңды және жеке тұлғаларға кәсіби құқықтық көмек көрсететін азамат.

**Амнистия** – (грекше *amnestia* – ұмыту, кешіру) – қылмыс жасағандарды жазадан босату немесе оны жұмсарту.

**Апатридтер** (а...+ грекше патрис (отан) — отансыз) – азаматтығы жоқ тұлғалар.

**Апелляция** – сот қаулысына шағым жасау шарттарының бірі, мұнда жұмыстың екінші инстанция соты тараптардың шағымы бойынша қарайды.

**Айыпталушы** – заңда белгіленген тәртіппен оны айыпталушы ретінде жауапқа тарту бойынша қаулы шығарылған тұлға. Сот кезінде айыпталушы сотталушы деп өкім шығарылғаннан кейін – сотталған деп аталады.

**Айыпсыздық презумпциясы** – айыбы сот тарапынан дәлелдегенінше айыпталушы немесе сотталушы айыпсыз деп саналатын ереже.

**Аффект** (латынша *affectus* — жүрек толғауы, сезім) – адамдардың қысқа мерзімді ашулы жағдайы, ол күшті және терең сезім, сондай-ақ өзінің әрекеттерін бақылаудың төмендеуімен характерленеді.

**Ақыл-есі дұрыс емес** – рухияттың ауруы немесе ақыл-есі кем тұлғаның өз әрекеттеріне баға бере алмауы немесе әлеуметтік қауіпті қылмыс кезінде оларды басқара алмауы.

**Ақыл-есі дұрыстық** – рухани салауатты адамның нормал жағдайы болып, өз әрекетіне баға бере алу және оларды басқара алу қабілетінде өз бейнесін табады.

**Басқыншылық** – жәбірленушіге қарата зорлық істету қаупімен немесе зорлық істету жолымен басқалардың мал-мүлкін талан-тараждау мақсатындағы шабуыл.

**Бағым** – басқа тұлғадан (немесе тұлғалардан) толық материалдық қамтамасыз етілетін немесе тұрақты материалдық көмек алатын тұлға.

**Виза** (лат. *visa* – қаралған) – паспорттағы белгі, мемлекеттің келу, шығу, аумақ арқылы өтуге немесе жасауға рұқсатын білдіреді.

**Дауагер** – өзінің бұзылған немесе таласып жатқан құқын қорғау үшін сотқа шағымданып жатқан тұлға (заңды немесе жеке).

**Декларация** (лат. *declaratio* – жариялау, ақпар) – 1) ұсыныс күшіне ие болған құқықтық құжат; 2) кеден декларациясы – байлықтарды (бағалы) шекара арқылы алып өту кезінде жасалатын олардың тізімі; 3) салық декларациясы – тұлғаның салықтарды төлеуі үшін өз табысының көлемі туралы ақпараты.

**Дискриминация** (лат. *discriminatio* – айырмашылығын білу) мемлекеттік, заңды немесе жеке тұлғалардың құқын кемсіту.

**Эмансипация** – азаматтық құқықтар – кәмелетке толмағанды толық қарым-қатынасқа қабілетті деп жариялау.

**Зат** – азаматтық құқықта – мүлік нысаны.

**Жала жабу** – айыпталушы (сотталушы), жәбірленуші куәнің басқа тұлғаның қылмыс жасағаны туралы өтірік паш ету көрнекілігі. Жала жабу немесе шын көңілдің жаңылысу яки қасақана жалған ақпарат беру болуы мүмкін.

**Куә** – қылмысқа қатысты анықталуы керек қажет жағдайлар оған белгілі болған тұлға.

**Балағаттау** – адамның аты мен қадір-қасиетің қасақана, шекарасыз кемсітумен бейнеленетін қылмыс.



**Үкім** – сот тарапынан сотталушыға айыпты немесе айыпсыз екенін, оған қарата жаза қолдану немесе қолданбау мәселесі бойынша шығарылған қаулы.

**Құқық** – мемлекет тарапынан бүкіл қоғам көлемінде қорғалатын жалпыміндеттік нормалардың тізімі.

**Құқық нормалары** – мемлекет белгілейтін және оның орындалуын арнайы билік кеңселері (сот, ішкі істер кеңселері) көмегімен қамтамасыз етілетін әрекеттердің жалпы міндеттік ережесі.

**Құқықбұзушылық** – бірер-бір құқық нормаларын бұзатын кез келген әрекет.

**Құқықтық қабілет** – тұлғаның осы мемлекет құқы жол қоятын азаматтық құқы мен борышының бейнесін білу қабілеті.

**Иммунитет** (лат. *immunitas* – бірер нәрседен босату) – мемлекетте олардың мызғымастығын бейнелейтін ерекше статусты иелеген тұлғаларға ұсынылған кейбір жалпы заңдарға мойынсұнбау сөзсіз құқы (депутаттық, дипломатиялық иммунитет).

**Интеллектуалды мүлік** – шығармашылық жұмыс нәтижелеріне қатысты арнайы құқықтардың жиындысы.

**Ереже** – қоғамда қалыптасқан ақылақ және құқық нормаларына сәйкес адамдар іс-әрекетінің белгілі бір тәртібі.

**Жұмыссыздар** – жұмыс пен жұмыс ақыға ие болмаған, өздеріне сай жұмысты іздеу мақсатында жұмысқа көмектесу қызметіне тіркеуге алынған және жұмысқа алынған, жұмысқа түсуге дайын болған еңбекке қабілетті азаматтар.

**Жәбірленуші** – қылмыс жолымен рухани, жеке немесе мүлікке зиян тиген тұлға.

**Жеке тұлға** – азаматтық құқы субъекті ретінде ерекше алынған алынған тұлға.

**Кассация** – әлі күшіне енбеген сот қаулысы немесе өкіміне жоғары сотқа шағымдану.

**Компенсация** (лат. *compensatio* – төлеу) – азаматтық-құқықтық міндеттерінің бұзылуы нәтижесінде туындаған залалдарды (бұйым жоғалуы, тауарларды дер кезінде жеткізіп бермеу, тағы сол сияқтылар) төлеу.

**Консенсус** (лат. *consensus* – разылық, бірге болу) – дауыс беруді өткізбей жалпы разылық негізінде қаулы немесе келісімшарт мәтінін қабылдау әдісі.

**Конвенция** (лат. *conventio* – келісім) – үкіметтер дәрежесінде жасалған халықаралық келісімшарт аттарының бірі.

**Коррупция** – саясат немесе мемлекет басқаруы саласындағы қылмыстық іс: лауазымды тұлғалардың оларға сеніп тапсырылған құқын жеке мүддесі үшін пайдалануы (парақорлық, қызмет статусын пайдалану).

**Мал-мүлік** – азамат немесе заңды тұлғаның мүлкі болған байлықтар (бағалы).

**Мүлікке тыйым салу** – мал-мүлікті реттеу және оны пайдалануға тыйым салу.

**Мәміле қабілеті** – азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарды алу және жүзеге асыру, өзі үшін азаматтық борыштарын жарату мен оларды орындау қабілеті.

**Натурализация** – шетелдік тұлғаны оның арызына орай азаматтыққа қабылдау.

**Орынсыз әрекет** – тәртіп немесе әкімшілік жауапкерлікке себеп болатын құқыққа қарсы әрекет.

**Оферта** (лат. *offertus* – ұсынылған) – белгілі бір тұлғаға келісім жасау туралы жасалған ұсыныс, мұнда оны жасау үшін қажет болған барша шарттары көрсетіледі.

**Қасахана** – әрекеттердің әлеуметтік қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын түсіну.

**Қашқын** – оған қарата зорлық жасалған немесе зорлыққа ұшырау қаупіне байланысты өзінің тұрақты жасайтын жерінен кетіп, басқа мемлекеттің аумағында жасауға мәжбүр болған азаматтығы жоқ тұлға.

**Занды күшке ие құжат** – мемлекеттік билік кеңселерінің заңға қарағанда аздау, бірақ заңды күшке ие болған құқықтық құжат.

**Соттау жұмыстарын жүргізудің жариялылығы** – соттау жұмыстарын жүргізу ережесі, барша соттарда соттау істерін ашық жүргізу түсініледі.

**Сүрістіру** – қылмыстарды алғашқы тергеп-тексеру формаларының бірі (алғашқы тергеумен бір қатарда).

**Суверенитет** (фр. *souverainet* – жоғары билік) – мемлекеттің мемлекет ішінде үстемдігі мен оның сыртқы қатынастардағы тәуелсіздігі.

**Қатер** – адамдарға психологиялық зорлық жасау түрлерінің бірі.

**Талан-тараж** – мал-мүлікті ашықтан ашық ұрлау.

**Әдет** – алыс мерзімді әлеуметтік практика кезінде қалыптасқан әдеттердің нығайтылған іс-әрекет формасы. Мемлекет пайда болуымен әдеттегі құқық дереккөзіне айналды және оған мойынсұну мемлекеттің мәжбүрлеуімен қамтамасыз етіледі.

**Терроризм** (лат. *terror* – қорқу, дахшат) – бірер-бір мақсатқа қол жеткізу мақсатында құқыққа қарсы әрекеттердің (кісі өлтіру, диверзиялар мен тағы басқалар) жиындысы.

**Тінту** – қылмыстық жұмысқа қатысты дәлелдерді алуға бағытталған тергеу әрекеті.

**Дәмегөйлік** – зорлық жасау қаупімен мал-мүлікті (немесе мал-мүлікке болған құқықты) беруді талап ететін рекет, қылмыс.

**Жала** – қасақана басқа тұлғаны айыпты етіп, өтірік-боқтандарды тарту.

**Ұстау, ұстап тұру, қамау** – қылмыс жасауда күдіктелген тұлғаға қарата қолданылатын, ұсталған тұлғаның қылмысқа қатыстылығын анықтау және қамауға алу мүмкіндігі мәселесін шешу мақсатында, 72 сағаттан аспайтын қысқа мерзімді мәжбүрлеу шарасы.

**Вандализм** – материалдық және мәдени байлықтарды еркін шашу, қоғамдық ғимараттарды былғау, мал-мүлікті істен шығару, тағы басқалар.

**Өсиет** – азамат өзінің мал-мүлкі туралы қайтыс болуын ескеріп нұсқаулар беру, заңда белгіленген тәртіппен орындалады.

**Кәмелетке толмағандар** – Өзбекстан Республикасының заң құжаттарына сәйкес 18 жасқа толмаған тұлға.

**Бейтарап** – заң құжаттарында көзделген қарау, тінту, алып қою, табу, тағы басқа да әрекеттерге қатысу үшін ұсынылған тұлға.

**Занды тұлға** – өз мүлкінде ерекше мал-мүлкі бар және өз міндеттеріне міне осы мал-мүлікпен жауап беретін ұйым.

**Юриспруденция** (лат. *juris*) – құқықтану, сот кеңселерінің қаулы шығару құқы туралы пәндердің жиындысы, құқықтанушылардың іс-жүзіндік қызметі.

## МАЗМҰНДАМА

Оқушыларға.....	3
-----------------	---

### І БӨЛІМ.

#### ӨЗБЕКСТАН РЕСУБЛИКАСЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТИ

1-§. Құқық – тұлға және мемлекет қатынастарының берік негізі.....	4
2-§. Халықаралық құқық .....	10
3-§. Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсат және міндеттері .....	17
4-§. Өзбекстан Республикасының азаматтығы .....	22
5-§. Адам құқы мен еркіндігін қорғау механизмі.....	25

### II БӨЛІМ.

#### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

6-§. Мемлекеттегі заң үстемдігі .....	28
7-§. Өзбекстан Республикасы Конституциялық құрылымының негіздері .....	31
8-§. Адамилық қағидасы Өзбекстан Республикасы конституциялық құрылымының негізі.....	36

### III БӨЛІМ.

#### ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

9-§. Өзбекстан Республикасындағы әкімшілік құқық.....	41
10-§. Әкімшілік құқықбұзушылық пен әкімшілік жауапкерлік.....	46
11-§. Әкімшілік жаза және оның түрлері.....	49

### IV БӨЛІМ.

#### АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

12-§. Өзбекстан Республикасындағы азаматтық құқық.....	53
13-§. Келісімдерге қойылған талаптар және өкілдік .....	59
14-§. Мүлік құқы және басқа құқықтар .....	63
15-§. Азаматтық-құқықтық келісімшарттардың шарты.....	66

16-§. Тұтынушылардың құқы мен міндеттері.....	74
17-§. Өндіруші тарапынан тауардың сапасына берілетін кепілдік.....	79
18-§. Интеллектуалдық мүлік құқы .....	85
19-§. Азаматтық істің сотта қаралу басқыштары.....	91

## **V БӨЛІМ.**

### **ЕҢБЕК ҚҰҚЫ**

20-§. Еңбекке қатысты қатынастар.....	97
§ 21. Жұмысқа қабылдау.....	104
22-§. Еңбекті қорғау .....	108
23-§. Жұмысқа қабылданып жатқанда құжаттарды ресмилендіру .....	111
24-§. Еңбекке ақы төлеу және тәртіп.....	116
25-§. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты. Еңбек келісімшартын өзгерту және тоқтату.....	122
26-§. Еңбек келіспеушіліктері мен оларды шешу тәртібі.....	129
27-28-§§. Қорытынды қайталау.....	133
Заң терминдері сөздігі.....	135

Костецкий Василий Ануфриевич

Оқу басылымы

## «Davlat va huquq asoslari»

Оʻrta taʼlim muassasalarining 10-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Бірінші басылым

Ташкент — «Yangiyoʻl poligraf servis» — 2017

Баспа лицензиясы АІ №185, 10.05.2011 ж.

Аударған – Р. Төленов

Редактор — Қ. Нұрбаева

Техникалық редактор – М. Рықсиев

Беттеуші және көркем деуені — Ж. Азимов

Оригинал макеттен басуға рұқсат етілід 11.12.2017.

Пішімі 70x90 1/16. «Times New Roman» гарнитурасы. Офсеттік қағаз.

Офсеттік баспа әдіспен басылды.

Баспа табағы 9,0. Ш. б. т. 10,53.

Таралымы 5321. Тапсырыс № 4955.

«Sharq» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы баспаханасы,  
100000, Ташкент қаласы, Буюк Туран көшесі, 41-үй.

## Жалға берілген оқулықтың жағдайы көрсететін кесте

Р/с	Оқушының фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісі тарапынан төмендегідей бағалау мөлшерлеріне негізделіп толтырылады:**

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барша парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазу және сызықтар жоқ.
Қанағаттанарлы	Мұқаба езілген, әжептәуір сызылып, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралу жағдайы бар, пайдаланушы тарапынан өңделген, кейбір беттеріне сызылған.
Қанағаттанарсыз	Мұқабаға сызылған, жыртылған, негізгіөңделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулықты тіктеп болмайды.